**Р. ФАРМОНОВ, У. ЖУРАЕВ,
Ш. ЕРГАШЕВ**

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ

(XVI–XIX ғасырдың 60 жылдары)

***Жалпы орта білім беретін мектептердің
VIII сынып оқушылары үшін оқулық***

Қайта өңделген және толықтырылған төртінші баспасы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім
беру министрлігі баспаға ұсынған*

***Чулпан атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2019***

http://eportal.uz

УЎК 372.893=512.122(100)(075)
КВК 63.3(0)уа721
Ф 88

Жауапты редакторлар:

Т. Бобоматов *– тарих ғылымдарының кандидаты;*
А.Т. Замонов *– тарих ғылымдары бойынша философия докторы.*

Пікір жазғандар:

Ё. Болтабоев *– Наманган мемлекеттік университетінің «Тарих» кафедрасы аға оқытушысы;*
Н. Хакимов *– Республика білім орталығы методисі;*
Ғ. Пасилова *– Ташкент қаласы Мырза Ұлықбек ауданындағы 248-мектеп оқытушысы;*
О. Ергашев *– Ташкент облысы Ахангаран ауданындағы 22-мектеп оқытушысы;*
З. Мирзаев *– Ташкент облысы Пскент ауданындағы 15-мектеп оқытушысы.*

Бұл оқулық төмендегі авторлар тарапынан жазылды: тарих ғылымдары кандидаты ***Ш. Ергашев*** *(Кіріспе бөлімі, I бөлім, II бөлім, III бөлімнің 13-, 14-, 19-тақырыптары, V бөлімнің 29-тақырыбын, қорытынды, карта және суреттер), тарих ғылымдарының докторы* ***Р. Фармонов***, ***У. Жураев*** *және* ***Ш. Ергашев****тар (III бөлімнің 15-, 16-, 17-, 18-тақырыптары, IV бөлімнің 20-, 21-, 22-, 23-, 24-, 25-, 26-, 27-, 28-тақырыптары мен V бөлімнің 30-, 31-, 32-тақырыптары).*
Оқулықтың методикалық құрылымы ***Ж. Абдуллаев*** *тарапынан даярланды.*

Шартты белгілер

Шығармашылық жұмыстың тапсырмасы

Есіңе ал

Картамен істеуге тиісті тапсырма

Интернетпен істеуге тиісті тапсырма

Өзіңді сынап көр

Түсініктемелер сипаттамасы

Көркем-тарихи шығармамен істеуге тиісті тапсырма

Жадыңда сақта

Кино-фото-фоно материалдармен істеу

Сұрақ пен тапсырмалар

Республика мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.

© Р. Фармонов ва және., 2019
© Чулпан атындағы БПШҮ, 2019
© Чулпан атындағы БПШҮ, 2014

ISBN 978-9943-05-654-1

http://eduportal.uz

КІРІСПЕ

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БАСТАЛУЫ

Құрметті оқушы! Сен VII сыныпта Орта ғасырлар тарихын үйрендің. Орта ғасырларда да адамдар ауыл шаруашылығына таянған экономика мен қоғамда қалыптасқан дәстүрлер негізінде өмір сүруді жалғастырды. Сол себепті адамзат тарихының бұл дәуірі **аграрлық өркениет** яки **дәстүрлі қоғам** деп аталады. Бұл қоғамда адамдар топтарға бөлініп жасайды және ежелден сақталып келе жатқан дәстүрлі әдет-ғұрыптар, діни көзқарастар бұл өркениеттің характерлі жақтары саналады. Аграрлық өркениет адамзат тарихында неолит дәуірінен басталып, XVIII ғасырдың 60 жылдардағы өнеркәсіп төңкерісі және оның негізінде жаңа қоғам қалыптасқанға дейін жалғасты.

Жаңа дәуір бастарына келіп, ұлы мемлекеттердің арасында Еуропада үстемдік үшін күрес қыза түсті. Қазіргі кезде Батыс Еуропа мемлекеттерінде аграрлық қоғамның жойылуы, жаңа өркениеттің қалыптасу үдерісі байқалды. Бұл үдеріс дерлік төрт ғасыр жалғасты және Жаңа дәуірдің соңына келіп, адам өз дүниеге көзқарасы, елестеулер әлемінің негізгі жақтарымен біз қазір көнігіп қалған жағдайға келді. Болып өткен өзгеріс өте үлкен болып, оны адамзат тарихындағы төңкерістік көтеріліс – алғашқы қауымдық топтан өркениетке өтумен теңестіруге болады.

Сен VIII сыныпта адамзат өркендеуінің кейінгі басқышы – **Жаңа тарих** оқиғаларымен танысуды бастайсың. Жаңа тарих адамдардың табиғи тендігі, тұлғаның еркіндігі мен абыройы сияқты демократиялық ұғымдарға негізделген жаңаша дүниеге көзқарастың қалыптасуымен Орта ғасырлардан ерекшеленеді. Жаңа дәуірдің ең характерлі жақтарының бірі дүниені жаңаша түсіну негізінде адамның бастамашылдығы, кәсіпкерлігі үшін кең мүмкіндіктер ашылуында көрініс табады.

XVI ғасырдан басталған бұл өзгерістер нәтижесінде алғаш Батыс Еуропада, ал кейін Солтүстік Америкада қалыптасқан жаңа қоғам капиталистік қоғам деп атала басталды. Бұл қоғамның аты *«капитал»* сөзінен алынған. **Капитал** – өз иесіне пайда келтіретін жекеменшік мүлік (фабрика, зауыт, кен, банк және басқалар) және қаржы, өзін өзі көбейтіретін ка-

http://eduportal.uz

питал. Бұл капиталдың негізінде еркін кәсіпкерлік қызметі жатады. Сол себепті капиталистік қоғамда жекеменшік мүлік және жалдамалы еңбектен пайдаланушыларға кең мүмкіндіктер жаратылды.

Нәтижеде, экономикалық өмір күркіреп өсті, өнеркәсіп өндіруі мен сауда дамыды, капиталистік қатынастар пайда болды. Өндірістің жаңа формалары пайда болды, еңбек құралдары жетілдірілді, цехтардың орнын мануфактуралар иелей бастады.

Еуропалықтардың өмірінде көптеген жаңалықтар, іскерлік, ұмтылушылық сияқты жаңа белгілер пайда болды, олардың бір бөлігі Шығыстан кіріп келді. Бұдан тыс, Жаңа дәуір дамыған қала мәдениеті, Антик дәуір тарихына болған үлкен қызығу, оны идеалдастыру, көркем өнердің тез өмірлік болуы сияқтылармен де характерленеді. Негізінде, көпшілік жайттарда қайғылы салдарды келтіріп шығарған соғыстар, көтерілістер және төңкерістер емес, адамдардың жаратушылық қызметі, үздіксіз іздену және ұмтылу руханият пен мәдениетте, әлеуметтік өмірде және экономикалық өсуде үлкен жақсы өзгерістерге алып келді. Сол өзгерістер нәтижесінде Батыс Еуропаның озық мемлекеттерінде капиталистік қоғамда өнеркәсіп өркендеуіне негізделген жаңа өркениет қалыптасты және ол **индустриялды өркениет** деп аталды.

Еуропада индустриялды өркениеттің жедел дамуы Жаңа тарихтың негізгі мазмұнын құрайды. Дәл сол жедел дамудан Еуропа дүниеде жетекші орын иелейді, ал кейін Жер жүзінің үлкен бөлігін өзіне бойсұндырды.

Дүние тарихында **«Жаңа тарих»** дәуірі XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың бастарындағы Ұлы географиялық өнертабыстардан басталады және Бірінші дүниежүзі соғысының аяғы – 1918 жылға дейін болған дәуірді қамтиды. Жаңа тарих, әдетте, екі басқышқа бөлінеді. Оның **бірінші басқышы** – Ұлы географиялық өнертабыстардан XVIII ғасырдың аяғындағы Ұлы француз буржуа төңкерісіне дейін болған дәуірді қамтиды. Жаңа тарихтың **екінші басқышы** XIX ғасырдың басынан Бірінші дүниежүзі соғысының аяғы – 1918 жылға дейін жалғасады. Жаңа дәуірде болған буржуа төңкерістері Орта ғасыр феодалдық тәртіптерін бұзып тастады және өндірудің жедел дамуы үшін кең жол ашты. Экономиканың жедел дамуы сол дәуірде жүзеге асырылған ғылым мен техниканың жетістіктеріне негізделді. Ғылым мен техника ортасында тығыз байланыс қалыптасты. Мұның нәтижесінде, XVIII ғасырдың соңынан бастап, техника және технологияларда ұлы жаңалықтар ашу жүзеге асырылды. Бұл өнертабыстары өндіруді дамыту үшін өте үлкен маңызға ие болды.

http://eduportal.uz

Ағылшын инженері Джордж Стефенсон тарапынан 1814 жылы ойлап табылған паровоз теміржол көлігінің танымал болуын бастап берді. Атақты физик және химик ғалымдар – италиялық Алессандро Вольта, англиялық Гемфри Деви және Майкл Фарадей мен француз Андре-Мари Ампер электрден пайдаланудың негіздерін жаратты. Энергияның бұл жаңа түрінен пайдалану техниканың жаңа салаларын дамытты, өндіруде, тұрмыстық өмірде үлкен өзгерістерге алып келді.

Европа өнеркәсібі төңкеріс дәуірінде

Ғылыми және техникалық өнертабыстар өндірудің химия, электротехника сияқты жаңа салалары пайда болуы үшін негіз жаратты. Есептеу техникасы, өндіруді автоматтандыру, жасанды материалдар өндіру қалыптаса бастады. Бұл жетістіктердің көпшілігі XX ғасырда да өндірудің негізін құрады.

Жаңа дәуірде өзгерістер қарқыны дамудың өткен басқыштарына қарағанда өте тез болып, ғылым мен техника саласындағы өнертабыстар өндіруге жеделдікпен енгізіліп барды.

Солайша, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырда ғылым мен техника салаларындағы өте үлкен жетістіктер өнеркәсіп төңкерісіне алып келді. Дер кезінде, өнеркәсіп төңкерісі аграрлық өркениеттен өнеркәсіп өндіруі

мен индустриялды өркениетке өту үшін негіз жаратты. Бұл дәуірде өнеркәсіпте болған үдерістер нәтижесінде машиналар өндіруден қол еңбегін ығыстырып шығарды, мануфактуралар фабрикаларға өз орнын босатып берді.

Жаңа дәуір Еуропа халықтары тарихында олардың тұрмысын, қоғамның рухани негіздерін бірнеше рет өзгерттіріп жіберген төңкерістер дәуірі еді. Сондай-ақ отаршылдық торына түскен Азия, Африка және Америка халықтары тарихында Жаңа дәуір тәуелсіздік пен азаттық үшін тынымсыз күрестер дәуірі де болды. Бұл дәуір Еуропада ұлттардың және абсолюттік монархия көрінісіндегі ұлттық мемлекеттердің қалыптасу дәуірі еді. Болып жатқан әрбір өзгерісте қалыптасқан жаңаша дүниеге көзқарастың әсері сезілетін. Ең алдымен, бүкіл Орта ғасырларда үстемдік етіп келген адамды ақылды, рухани кемсітуге және денелік тұрғыдан шектеуге негізделген дүниеге көзқарас орнына жаңа, имандылық дүниеге көзқарас қалыптаса бастады. Бұл дүниеге көзқарас қалыптасып жатқан жаңа, индустриялды өркениеттің рухани негізі болды.

Бірақ Жаңа дәуірде индустриялды өркениет қалыптасуы үшін қажетті болған жағдай тек қана Еуропа мемлекеттерінде пайда болды. Азия, Африка және Оңтүстік Америкадағы көпшілік мемлекеттер XIX ғасырдың бастарында да артта қалған, аграрлық қоғам дәрежесінде қалып жатқан еді.

Жаңа дәуірде болған өте үлкен өзгерістер бүкіл дүние деңгейінде озық өндіру әдістерінің таралуына, адамдар өмір жағдайының қатаң жақсаруына, индустриялды өркениет құндылықтарының пайда болуына алып келді. Жаңа дәуірдің соңына келіп, дүние картасы өзінің негізгі ерекшеліктерімен заманауи көрініске ие болды.

Капиталистік қоғам – жекеменшік мүліктің негізін өнеркәсіп кәсіпорындары құрайтын, сондай-ақ дамыған нарықтық экономикасы және жоғары өнеркәсіп өндіруіне негізделген қоғам.

Индустриалды өркениет – бұл экономикада базар қатынастары қалыптасқан, қоғамда саяси және әлеуметтік теңдік, құқықтық мемлекет, адамдардың табиғи құқықтары, діни кеңпейілділік сияқты құндылықтар пайда болған тарихи дәуір.

1. Адамзат тарихының қайсы дәуірі аграрлық өркениет деп аталады?
2. Жаңа тарих қандай характерлі жақтарымен Орта ғасырлардан ерекшеленеді?
3. Қандай қоғам капиталистік қоғам деп аталады?
4. Қандай тарихи дәуір индустриялды өркениет деп аталады?

http://eduportal.uz

I БӨЛІМ. ЕУРОПАДА ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1-тақырып: ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Географиялық жаңалықтардың себептері. XV–XVII ғасырларда еуропалық саяхатшылар тарапынан Африка, Америка, Азия және Океанияға теңіз жолдарының ашылуы мен бұл аймақтарда жаңа жерлердің ашылуы тарихта **Ұлы географиялық жаңалықтар атын алған.**

Орта ғасырларда адамзат тарапынан ашылған қандай маңызды жаңалықтарды білесің?

Бұл дәуірде ғылым мен техниканың өркендеуінде еуропалықтар қол жеткізген жетістіктер оларға жаңа жерлерді ашу және меңгеру мүмкіндігін берді.

XV ғасыр соңына келіп, мұхит толқындарына төзім беретін, желге қарсы жүзе алатын желкенді кеме – **карвелла** жасалды, кемелерді басқару құралдары мен өнері едәуір дамыды. Каравеллалар Атлантика мұхитынан қатерсіз жүзіп өте алатын алғашқы кемелер еді. Енді жетілген

http://eduportal.uz

компас, телескоп және теңіз карталарына ие болған тәжірибелі теңіз саяхатшылары бұл кемелерде ұзақ қашықтықтарға жүзу мүмкіндігіне ие болды.

Каравелла

Ұлы географиялық жаңалықтар үшін сол дәуірде қалыптасқан Жердің дөңгелектігі туралы елестеулер мен Атлантика мұхитынан жүзіп өтіп, аңыздық бай саналған Үндістанға теңіз жолын ашу идеясы үлкен түрткі болды. Азияға еуропалықтар тарапынан Жерорта теңізі арқылы меңгерілген сауда жолдары XV ғасырда Византия империясы құлағаннан соң Османдар мемлекеті тарапынан жауып қойылды.

Нәтижеде, Еуропа Шығыстан келетін маталар, бояулар, зергерлік бұйымдары, шырындықтар мен дәмдеуіштерден айрылып қалды. Бұл жайт еуропалықтарды жаңа сауда жолдарын іздеуге мәжбүр етті. Саудагерлер бұл өнімдерді Еуропаға алып келіп сатудан үлкен байлық арттыруға үміт ететін.

Португалиялықтардың географиялық жаңалықтары. Атлантика мұхитын бойлап жүзуді португалиялықтар бастап берді. Португалия Еуропаның ең батыс бөлігінде орналасқан, Атлантика мұхитымен шекаралас мемлекет. Сол жағдай және ұзақ теңізшілік тәжірибесі португалдықтарға Ұлы географиялық жаңалықтарда жетекшілік ету мүмкіндігін берді.

Португалиялықтардың географиялық жаңалықтардағы жетістіктері шахзада **Генрих Теңізші** атымен байланысты. Бұл ержүрек теңізші бастап берген жаңа жерлерді ашу және меңгеру үдерісі Португалияға үлкен даңқ пен байлық келтірді. Португалиялықтар Африка жиектерін бойлап жүзіп, XV ғасырда Мадейра аралын, Канар және Азор аралдарын ашты. XV ғасырдың соңында **Бартоломен Диаш** басшылығындағы экспедиция Африка оңтүстігіндегі мүйісті айналып өтті және Үнді мұхитына шықты. Үндістанға теңіз жолының ашылуына үміт еткен теңізшілер бұл мүйіске **Жақсы Үміт мүйісі** деп ат берді.

Дегенмен олар сол жерден артқа қайтқан болса-да, Б. Диаштың өнертабысы Африканы айналып өтіп, Үндістанға теңіз арқылы жол ашу келешегін жаратты.

Қазіргі кезде Африкада жаңа жерлердің ашылуы бұл материктің ұзақ жылдар еуропалықтар тарапынан талануы, Африка халқының құл етіп, Еуропа және Америкаға сатылуы үдерісін бастап берді.

http://eduportal.kz

Американың ашылуы. Португалиялық теңіз саяхатшыларының жетістіктері көрші испандарда да бұл жұмысқа үлкен қызығу оятты. Жердің дөңгелектігі туралы елестеуден келіп шыққан **Христофор Колумб** атты теңіз саяхатшысы Испания короліне Атлантика мұхитын бойлап батысқа қарай жүзіп, теңіз арқылы Үндістанға жол ашуды ұсынды. Бірақ мұндай тәуекелдікке риза болатын теңізшілерді табу және саяхатты қаржыландыру өте қиын болды. Сонымен, Х. Колумб басшылығында құрылған испан экспедициясы үш жүрдек желкенді кемеде жолға шығып, **1492 жыл 12 қазанда** Багама аралдары құрамына кіретін бір аралға жетіп келді және оны «Сан-Сальвадор» («Қасиетті құтқарушы») деп атады. Солай етіп Америка континентін ашты. Содан соң Х. Колумб тағы үш экспедиция ұйымдастырып, олар барысында Антил аралдары, Оңтүстік және Орталық Америка жиектерін ашты. Ол өзі ашқан жерлердің Үндістан екендігіне сенімі кәміл еді. Сол себепті бұл жерлердің халқын **үнділер** деп атады.

Х. Колумб жаңалығының маңызын танып білуде **Америго Веспуччи** жүзеге асырған саяхат үлкен маңызға ие болды. Ол жаңа ашылған жерлерге XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың бастарында бірнеше рет саяхат ұйымдастырып, олар барысында бұл жерлер Үндістан емес, мүлдем

Үндістанда теңіз жолының ашылуы. 1497–1499 жылдар

http://eduportal.uz

жаңа материк екендігін дәлелдеді. Енді бұл жаңа материк оның құрметіне **Америка** деп атала басталды.

Үндістанға теңіз жолының ашылуы. Жаңа жерлердің ашылуы португалдықтарда үлкен қызығу оятты. Тағы бір теңіз саяхатшысы **Васко да Гама** басшылығындағы экспедиция 1497 жыл Африканы оңтүстіктен айналып өтіп, Үнді мұхитына шықты. Олар Африка жиектерін бойлап жүзіп, араб теңізшісі – **Ахмет ибн Мажид** көмегінде 1498 жылы Үндістанға жетіп келді. Бұл жерден көптеген өнімдерді жүктеген теңізшілер 1499 жылы Португалияға қайтып келді. Дерлік екі жыл жалғасқан саяхатта экспедиция мүшелерінің көпшілігі қайтыс болды. Бірақ соған қарамай, Васко да Гама экспедициясының жетістігі Еуропаға үлкен әсер етті. Еуропалық саудагерлер Шығысқа қарай аттанды. Үндістаннан Еуропаға дәмдеуіштер мен шырындықтар алып келген саудагерлер өте үлкен пайда көре бастады. Солай етіп, Үндістанға тұрақты теңіз жолы ашылды.

1519 жылы португалдық тағы бір теңізші – **Фернандо Магеллан** экспедициясы Америка оңтүстігіндегі бір бұғазды айналып өтіп (кейіннен Магеллан бұғазы деп аталды), бейтаныс және баяу болған үлкен мұхитқа шықты. Мұхиттың басқа кездерде боранды болуын білмеген Ф. Магеллан оны **Тынық мұхиты** деп атады. Мұхитта ұзақ жүзу барысында аштық пен аурудан және жаңа ашылған аралдардағы жергілікті халықпен болған ұрыстарда экспедиция мүшелерінің көпшілігі, соның ішінде, Ф. Магеллан қайтыс болды. Экспедицияның тірі қалған мүшелері Жер шарын айналып жүзіп, 1522 жылы өздері жөнеліп кеткен Испания жиектеріне жетіп келді. Теңіз саяхатшыларынан өте аз адам тірі қалды. Ф. Магеллан ашқан теңіз жолы практикалық маңызға ие болмады, одан ұзақ уақыт ешкім пайдаланбады. Бірақ бұл жаңалық ашу Жердің дөңгелектігін іс-жүзінде дәлелдеді.

- Ұлы географиялық жаңалықтар – бұл ...
- Васко да Гама жүзеге асырған жаңалық ашу ...
- 1492 жылы ...
- 1519–1522 жылдары ...

Тынық мұхиты бассейніндегі географиялық өнертабыстар. XVI ғасырдың екінші жартысы – XVII ғасырдың бастарында испан теңізшілері Тынық мұхиты бассейніне бірнеше экспедиция ұйымдастырды. Бұл экспедициялар барысында, Сүлеймен (Соломон) аралдары, Оңтүстік Полинезия және Меланезия ашылды.

Теңізшілер **«Оңтүстік Жер»** – Австралияны іздеуде жалғастырды. **1606 жылы** испан теңізшісі **Луис Торрес** Азиямен Австралия аралығын-

http://eduportal.uz

Австралияның ашылуы

дағы бұғаздан жүзіп өтіп, жаңа материк жиектеріне жетті. Сол жылы голландиялық **Вилльем Янсон** жаңа материк жиектеріне келіп түсті және оны Голландияның мүлкі деп жариялады. Солай етіп **Австралия** ашылды. XVII ғасырдың орталарында голландиялықтар Австралия жиектерін зерттей бастады. **Абел Тасман** Индонезия жиектерінен шығысқа қарай жүзіп, Австралияны оңтүстіктен айналып өтті және кейіннен **Тасмания** деп аталған аралды ашты.

Ұлы географиялық жаңалықтардың нәтижелері. Ұлы географиялық жаңалықтар дүние өркендеуіне өте үлкен әсер көрсетті. Олар еуропалықтардың әлем туралы елестерін байытты, басқа материктер және ол жердегі халықтар туралы жаңа білімдерді қалыптастырды. Жаңа білімдер алғаш Еуропада, кейін басқа материктерде де өнеркәсіп пен сауданың дамуы үшін үлкен түртпі болды. Негізгі сауда жолдары Жерорта теңізінен Атлантика мұхитына көшті және сауданың характері түптен өзгертілді.

Х. Колумб экспедициясы **1492 жыл 12 қазанда** Багама аралдарына жетіп келді.

XVI ғасырдың екінші жартысы – XVII ғасырдың бастарында испан теңізшілері Сүлеймен аралдары, Оңтүстік Полинезия мен Меланезияны ашты.

http://eduportal.uz

Бірақ жаңа жерлерді меңгеру мойынсұндырылған халықтарды қорқынышты эксплуатация жасаумен қосып алып барылды, **дүниежүзі отар жүйесі қалыптасты**. Басып алу үдерісінде жергілікті халықтың бір бөлігі қырылып кетті, ежелгі өркениеттердің көптеген ошақтары жойылды, отар мемлекеттер халықтары қалыптасып жатқан капиталистік қатынастарға зорлықпен жұмылдырылды және өз еңбегімен Еуропада капитализм дамуы үдерісін тездетті. Солайша олар жаңа индустриялды өркениет қалыптасуына өз үлестерін қосты. Ұлы географиялық жаңалықтардың ең әлсіз салдарының бірі құл саудасының халықаралық деңгейде дамуы болды.

Ұлы географиялық жаңалықтарынан еуропалықтардың Жер жүзі және оның халқы туралы елестері толық өзгерді. Америка, Азия және Африкада Еуропа мемлекеттерінің отарлары пайда болып, ақырын дүниежүзі отар жүйесі қалыптасты.

Каравелла – XV–XVII ғасырларда Еуропада кең таралған желкенді кеме.
Экспедиция – арнаулы белгіленген мақсатпен ұйымдастырылатын саяхат.
Буржуазия – капиталистік қоғамда еңбек құралдары және өндіру құралдарына иелік ететін және олардан пайда алатын үстем сынып.

1. Үндістанға батыстан жол ашу не үшін қажеттілікке айналып қалды?
2. Американың ашылуы еуропалықтардың өмірінде қандай өзгерістерге алып келді?
3. Американың байырғы халқы мәдениеті туралы нелерді білесің?
4. Ұлы географиялық жаңалықтар Американың байырғы халқының тағдырында қандай рөл атқарды?

Картамен істеуге тиісті тапсырма

Мәтінде келтірілген картамен танысыңдар және Ұлы географиялық жаңалықтарды жүзеге асырған мемлекеттерді меңгерілген яки «жаңа ашылған» аймақтармен сәйкестендіріңдер.

«Ұлы географиялық жаңалықтар нәтижелері мынадай, ...» тақырыбында эссе жазыңдар.

n.ziyouz.com сайтынан Жюль Верннің «Он бес жасар капитан», «Жер ортасына саяхат» шығармаларын көшіріп алып, оқы. Өздігіңнен «Теңіз саяхатының жетістіктері сондай, ...» мазмұнында эссе жазыңдар.

Тақырыпқа байланысты «Колумб» яки Жюль Верннің «Он бес жасар капитан» шығармасы негізінде түсірілген көркем фильмдерді көріңдер және қорытынды шығарыңдар.

http://eduportal.uz

2-тақырып: ЖАҢА ДӘУІР БАСТАРЫНДА БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жаңаша экономиканың қалыптасуы. Ұлы географиялық жаңалықтардан соң Америкадан алтын, күміс және басқа қымбат бағалы металдар Еуропа базарларына көптеп келтірілді. Корольдер мемлекетте өндірілген өнімге қарай едәуір көп алтын және күміс тиындар соқты. Ақша көбейген жағдайда қолөнершілер мен саудагерлер дағдарысқа ұшырамау үшін өз тауарларының бағасын асыруға мәжбүр болды. Солай етіп жүз жылдар барысында өзгерместен келген баға қарқынмен өсе бастады. Бұл үдеріс **«нарықтық баға төңкерісі»** деп аталды. Еуропа мемлекеттерінде адамдар жасау үшін ақша табудың жаңа жолдарын іздеуге түсті. Көптеген отбасылар енді ілгерідей натуралды қожалық жүргізе алмай, өнімнің бір бөлігін базарда сатуға мәжбүр болды. Нәтижеде, Еуропада **тауар өндіруші қожалықтар**, яғни базарда сатуға арналған өнім өндіруші қожалықтардың саны көбейіп кетті.

Еуропада құрылған қайсы алғашқы биржаларды білесің?

Капиталистік қатынастардың пайда болуы. Базар қатынастары жедел дамып келе жатқан Англия, Нидерланд корольдігі мен Франция сияқты мемлекеттерде саудагерлер көтерме саудаға үлкен қажеттілік сезе бастады. Олар енді уақыт-уақтымен өткізілетін жәрмеңкелерге өнім алып бару орнына, ірі қалаларда құрылған және **биржа** деп аталған арнаулы жерлерде өз өнімдерін жариялай бастады. Сол жерде алушылармен алып-сату келісім шарты түзіліп, өнім келісілген жерге жөнелтілетін еді.

Биржалармен бірқатарда, заманауи банктердің пайда болуы да Жаңа дәуір өркениетінің ұлы жетістігі болды. Орта ғасырларда банктердің рөлін ақшаны ұсату дүкендері орындайтын еді. **XV ғасырда** заманауи көріністегі алғашқы банк – Генуядағы Әулие Георгий банкі пайда болды.

Кейін Батыс Еуропаның басқа мемлекеттерінде де саудагерлерге қызмет көрсететін сондай банктер пайда болды. Биржа мен банктер Еуропада сауда және өнердің дамуында өте үлкен рөл атқарды.

Қауіп-қатер үлкен болған ұзақ қашықтықтармен сауда жасау үшін саудагерлер акционерлік компанияларына бірлесе бастады. Олар компа-

http://eduportal.uz

ниянын жалпы қаражаттары үшін қаржы қосып, пайдадан өз үлесін алу құқын беретін қымбатбағалы қағаз – **акцияға** ие болатын.

Базарларда өнімнің көбеюі нәтижесінде оны өндіруші мен сатушылар арасында **бәсекелес** пайда болды.

Бәсекелестікте жеңіліске ұшырап, тоқырауға ұшырамау үшін өнімді тез, сапалы және арзан өндіру талап етілетін. Сол себепті Еуропада өнім өндіру техника мен технологиясы жедел дамыды, жаңа өнертабыстары көбейді, өнім бағасы арзандап, адамдардың жасау дәрежесі жақсарды.

Жаңа дәуір бастарында Еуропа базарларының бірі

- Акционерлік компаниялары – бұл ...
- Акция ...
- Биржа – бұл ...

Диқандар Орта ғасырлардағы **үш далалы** егуден **көп далалы** егуге өтті. Нәтижеде, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі артып, сату үшін өнім көбейді. Бидайды бастыру, шахтадан су шығару үшін **су әткеншектері** және **жел диірменінен** кең пайдалану басталды. Токарлық, тоқымашылық және басқа ең қарапайым станоктар жасалды.

Батыс Еуропада сауда мен техниканың дамуы нәтижесінде барша өз капиталын көбейтуге кірісті. Мәселен, қаладағы ең бай тоқушы яки саудаға түрлі жолдармен қолөнерші тоқушыларды тоқырауға ұшыратады. Содан соң олардың жіптерін, бояуларын, тоқу станоктарын арзанға сатып алып, өзін жұмысқа шақырады. Бір үлкен ғимараттың астында көптеген қолөнершілер жиналып, олардың әрбірі бір жұмыс, мәселен, кім матаны тоқу, басқасы оны бояу сияқты жұмыстармен шұғылданады.

Бұл еңбек өнімділігін кескін асырып, өнім сапасын жақсартады. Өндірісте машиналар әлі қолданылмаған үлкен кәсіпорындар **мануфактура** деп аталады. **Мануфактура** – қол еңбегі негізінде даярланған өнім деген мағынаны білдіреді.

Мануфактурада өндірілген дайын өнімнің барлығы оның иесіне тиісті болатын. Ол өнімді базарда сатып, пайданың бір бөлігін жалдамалы жұмысшыларға жалақы ретінде береді. Солай етіп Батыс Еуропада **капиталистік қатынастар** қалыптаса бастады. Капиталистік қатынастардың қалыптасуы базар жағдайында майда тауар өндірілуі дамуының заңды нәтижесі болды. Ол ақырын Орта ғасырлық феодалдық қатынастарын ығыстырып шығарды.

Жаңа қоғам адамдары. Капиталистік қатынастар жедел дамыған Батыс Еуропа мемлекеттерінде адамдардың жаңа типі – **кәсіпкер** пайда болды. Кәсіпкер кім еді? Кәсіпкер өз жеке жетістігіне қол жеткізу үшін әр қандай жұмысқа, шараға даяр болған білімпаз тұлға еді. Ескі гильдиядан шығып акционерлік компаниясына мүше болған саудаға, өз цехын тастап мануфактураға кірген қолөнерші, ауыл тобы құрамынан шыққан және жерді феодалдан жалға алып фермерге айналған кешегі диқан кәсіпкер болуы мүмкін еді. Бұл кәсіпкерліктің барлығы жалдамалы еңбектен пайдаланатын, базарда бәсекелестік ететін және капитал жинайтын. Солай етіп қоғамның жаңа қабаты – **буржуазия** пайда болды.

Байып кеткен буржуазия өкілдері ескі ақсүйектердей киініп, өздеріне зәулім үйлер құра бастады. Олар өздері жасайтын аймақтарды таза және абат етті, нәтижеде Орта ғасырлардағы оба, індет сияқты жұқпалы аурулар шегініп, халық тез көбейді. Бай буржуазия өкілдері ескі ақсүйектермен құдалық етіп, өздеріне жоғары мәртебе және атақтар сатып алды. Буржуазияның бұл қабаты **жаңа ақсүйектер** деп аталды. Олар ішкі дүниесімен кәсіпкерлікке жақындығымен ескі ақсүйектерден ерекшеленетін.

http://eduportal.uz

XV ғасырда заманауи көріністегі алғашқы банк – Генуядағы Әулие Георгий банкі пайда болды.

Базарларда өнімнің көбеюі нәтижесінде оны өндіруші және сатушылар арасында бәсекелестік пайда болды.

Бірақ жаңаша тұрмыста барлығы да өз орнын таба алмады. Мүгедектер мен жетімдердің жағдайы алдыңғыдан да ауырласты. Тез арада мыңдаған жұмыссыздар да олар қатарына келіп қосылды. Олардың бір бөлігі мануфактуралар мен фермерлер жерлеріне жұмысқа жалданды. Солай етіп жаңа қоғамда жалданып істейтін тағы бір қабат – **жұмысшылар** пайда болды.

Қожалық жүргізудің жаңа формасы мен жаңаша өмір салты түрлі топ өкілдерін бір-біріне жақындастырды. Енді олар бір-бірінен ілгерідей құқық және міндеттемелерімен емес, капиталының бар яки жоқтығы, пайда дәрежесімен ерекшеленетін. Адамдар бір-бірінен капиталдың бар екендігі және пайда дәрежесіне қарай ерекшеленетін қоғам **сыныптық қоғам** деп аталады.

Жер-мүлкінен, үйі мен еңбек құралдарынан айрылған, өз қалауымен капиталистке жұмысқа жалданушы және еңбегі үшін жалақы алатын адамдар **жалдамалы жұмысшылар – пролетариат сыныпқа** бірікті.

Солайша Батыс Еуропада қоғамның топтық бөлінуі аяқталып, жаңа, сыныптық бөліну қалыптасты және заманауи өркениеттің негізгі жақтары пайда болды.

Жаңа дәуірде Еуропа қалалары. Қалалардың дамуы әрдайым олардың географиялық орналасуына байланысты болған. Еуропалықтар тарапынан Үндістан мен Америкаға теңіз жолдарының ашылуы зәру сауда жолдарының бағытын өзгерттіріп, бірқатар қалалардың жедел дамуына алып келді. Алдымен Португалияның Лиссабон және Испанияның Севилья қалалары жедел дамыды. Бұл қалаларға Үндістаннан тауарлар, Америкадан қымбатбағалы металдар көптен келтіретін. Жаңа сауда жолдарынан шетте қалған Италия қалалары, керісінше, өздерінің алдыңғы маңызын жоғалтты.

- Мануфактура – ...
- Жаңа ақсүйектер – бұл ...
- XVI ғасырдың екінші жарыты сынан ...

http://eduportal.uz

XVI ғасырдың екінші жартысынан Еуропаның сауда қиылыстары Солтүстік теңіз жиектеріне көшті. Бұл жерде негізгі сауда орталығы Нидерланд королінің **Антверпен** қаласы болып қалды. Бірақ Антверпен де тез арада өз абыройын жоғалтты. Англияның жедел экономикалық өркениеті оның астанасы **Лондон** қаласын Еуропаның негізгі сауда орталығына айналдырды. Темза теңізі бойында орналасқан Лондон өте тез дамыды, қалада жаңа порттар, жұмысшылар үшін көп қабатты үйлер, сауда дүкеншелері мен демалу бақтары пайда болды.

Орта ғасырларда-ақ Еуропаның ең ірі қаласына айналған **Париж** де дами бастады. Ол Батыс Еуропадағы ең үлкен орталықтанған мемлекет – Франциянның астанасына айналды. Бірақ XVI ғасырдағы діни соғыстар және оба эпидемиясында он мыңдаған париждіктер қайтыс болды, қаланың дамуы бәсеңдеді.

Жаңа дәуірде ғылым, техника мен өнердің дамуы Батыс Еуропа мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық көрінісін өзгертіріп жіберді. Жаңаша экономика мен капиталистік қатынастар қалыптасты. Жаңа қоғамның негізгі сыныптары – капиталист және пролетариат пайда болды. Негізгі құндылығы адам еркіндігі мен теңдігі болған жаңа, индустриялды өркениет шешім тапты.

Капитал – бұл мүлік, жалдамалы еңбектен пайдаланып, қосымша құн алу құралы.

Гильдия – бұл өз мүшелерінің мүдделерін қорғау үшін түзілген саудагерлер және қолөнершілер одағы.

Пролетариат – бұл өндіру құралы мен жабдығынан айрылған жалдамалы жұмысшы.

1. *Биржа мен банктер Еуропада сауда-өнердің дамуында қандай қажетті орын тұтады?*
2. *XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап сауда нүктелері Еуропаның қайсы аумағына көшті және не үшін?*
3. *Батыс Еуропада капиталистік қатынастар қалайша қалыптаса бастады?*
4. *Заманауи көріністегі алғашқы банк қашан және қайсы аймақта пайда болды?*

Интернетпен істеуге тиісті тапсырма

Интернеттен «Жаңа дәуір бастарында Батыс Еуропа мемлекеттерінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірі» тақырыбына тиісті суреттерді іздеп табыңдар және суретті кластер құрастырыңдар.

Тақырып мәтінінде қара түспен берілген терминдерді қосымша әдебиеттерден өз бетіңше іздеп табыңдар және мағынасын тағы да тереңірек меңгеріп, дәптеріңе жазыңдар.

http://eduportal.uz

3-тақырып: ЕУРОПАДА РЕФОРМАЦИЯ

Реформация кезінде Еуропа қоғамы. Орта ғасырларда дін Батыс Еуропа қоғамы өмірінде күшті әсерге ие еді. Бірақ дәуір соңына келіп, адамдар арасында бар діни тәртіптерден наразылық күшейді. Енді шіркеу тәртіптері көптеген еуропалықтарды қанағаттандырмай қойды. Шіркеу шаралары латын тілінде өткізіліп, бұл тіл қарапайым адамдар үшін түсініксіз еді. Сондай-ақ олар христиандардың қасиетті кітабы – Інжілді де түсінбейтін. Күн кешіру ауыр болып қалған Жаңа дәуір бастарында диқандар мен қалалық кедейлер қиыншылықпен істеп тапқан және отбасын бағуға зорға жететін ақшаларының бір бөлігін шіркеу дін қызметшілеріне беруді қаламады. Дін басыларының қымбат бағалы киімдері мен алқалары, шіркеуді безендіруде қолданылған ескерткіш және суреттер ақшаның қадірін білетін үнемдегіш кәсіпкерлердің ашуын шығаратын еді. Дін басылары жинаған өте үлкен байлықтардың бір бөлігін **индулгенциялар** – күнәларын кешкендігі туралы Рим папасының арнаулы мадақтамасын сатудан түскен ақшалар құрайтын. Ақшалы адамдар, әлі істеп үлгірмеген күнәлары үшін де индульгенциялар сатып алатын. Папа мен кардиналдар әр түрлі қулық-сұмдықтармен Еуропа мемлекеттерінің ішкі жұмыстарына араласатын, ал бұдан билеушілер де наразы еді.

Реформацияның басталуы. Қоғамдағы жалпы наразылық жағдайында Батыс Еуропада христиандық шіркеуін реформа жасау үшін әрекет басталып, бұл үдеріс **Реформация** (*reforma* – реформа) деп аталды. Жаңа дәуір бастарында бытыраңқы князьдіктерден құралған болып Германияның ішкі жұмыстарында шешуші рөлге католик шіркеу талап ететін. Германияда өте үлкен жерлер, бүкіл қалалар да католик шіркеуіне қарасты еді. Индульгенция сататын дін басылары мен шіркеу салықтарын жинаушылар бүкіл Германияны бойлап кезіп жүретін.

Орта ғасырларда католик шіркеуі қайсы алғышарттар себепті өзінің құдіретіне қол жеткізген еді?

Реформация **1517 жылы** Германияның Виттенбург университеті теология ғылымы профессоры Мартин Лютердің **«95 тезистер»** деп аталатын индульгенцияларға қарсы үгітімен басталды. Негізінде тек қана ғылыми сұхбат үшін арналған осы тезистер латыншадан неміс тіліне

http://eduportal.uz

XVI ғасырда Еуропада Реформация

аударма жасалып, бүкіл Германияны толқындырды. М. Лютердің бұл қылмысы Рим папасының ашуын шығарды. Ол М. Лютерді Вормс қала сотына шақырды. Папа М. Лютерден өз идеяларынан бас тартуды талап етті, бірақ ол папаға мойынсұнудан және индулгенциялардың сатылуын қолдаудан бас тартып, сотта сөз сөйледі. М. Лютердің соттағы сөзі халықты толқытып жіберді. Оның жақтастары өз мазхабы мен шіркеуін құрды. Олар **Лютерандар** деп аталды.

Мартин Лютер

Еуропада **Реформация** – католик шіркеуді реформа жасау үдерісі солай басталды.

Диқандар соғысы. Еуропада дәстүрлі қоғамның күйреуі және капиталистік қатынастардың дамуы ақсүйектер мен князьдарда өз пайдасын арттыру ықыласын күшейттірді. Олар қоғам жерлерін иелеп алып, диқандардың үлесін қысқартырды, натуралды және ақша жинауларын, диқандардың істеп беру міндеттерін арттырды. Америкадан астық пен күмістің ағып келуі нәтижесінде болған баға төңкерісінен де, алдымен, Еуропа диқандары азап шекті. Диқандардың ауыр жағдайы оларды көтеріліс шығаруға мәжбүр етті.

Диқандар көтерілісі **1524 жыл** жазында Германияда басталды. **Халық Реформациясы** деп аталған бұл көтеріліске дін басы **Томас Мюнсер** басшылық етті. Көтеріліс тез арада бүкіл Германияны қамтып алды және **Ұлы диқандар соғысы** деген ат алды. Онда он мыңдаған диқандар қатысты. Бір жылдан астам жалғасқан көтеріліс 1526 жыл басында жеңіліске ұшырады. Оның көптеген қатысушылары қатты жазаланды, Т. Мюньсер өлтірілді.

- Лютерандар – бұл ...
- «95 тезистердің» мән-мағынасы – бұл ...
- Реформация – бұл ...

Содан соң рейхстаг (парламентте) көпшілік болған католиктер Реформацияның жетістіктерін жоққа шығару ұсынысымен шықты. М. Лютерн жақтастары бұған наразылық білдірді. Сол кезден бастап олар **протестанттар** (*protest* – наразылық) деп атала басталды.

Калвинизм мен Реформацияның Еуропаға таралуы. Реформация бүкіл Еуропа бойлап таралды. Протестанттықтың жаңа ағымдары пайда болды. Олардың біріне Женева қаласында француз **Жан Калвин** негіз салды.

«Дұға оқы және істе!» деген ұран Ж. Калвин ілімінің негізі болды. Бұл ұран байлық арттыруды негізгі мақсат еткен жаңа ақсүйектер мен буржуазияға тура келді. Олар Ж. Калвинді қолдады.

Реформация Еуропада католик шіркеуінің дара билігіне шек қойды. Реформацияға қарсы күрестің күшеюіне қарамай, бірқатар Еуропа мемлекеттері Рим папасына мойынсұнбай қойды. Протестанттық мемлекеттерінде корольдік үкіметі күшейіп, шексіз тәуелсіздікке ие болды. Көпшілік мемлекеттерде ұлттық шіркеулер құрылды. Протестанттықтың Інжілді тәуелсіз оқу, Құдай алдында жеке жауапкерлік сезімі

http://eduportal.uz

сияқты өзіне тән жақтары халық арасында **индивидуализмнің** дамуына көмектесті. Інжілді өздігінен оқу қажеттілігі адамдарды сауатты болуға үндеді, протестанттық мемлекеттерінде сауаттылықтың асуы үшін қажетті алғышарт болды.

Реформация нәтижесінде пайда болған протестанттық бүкіл Еуропаға таралды және христиандықтардың жаңа ілімдері және жаңа шіркеулердің қалыптасуына алып келді.

Реформацияға қарсы күрес (контрреформация). Католик шіркеу Ояну және Реформацияда өз шешімін тапқан діни наразылықпен келісе алмас, сондай-ақ бітістіруді қаламайтын еді. Сол себепті Реформацияға қарсы күресу үшін Рим папасы 1540 жылы «Иса қоғамы» яки иезуиттер (*«Iyezus»* – Иисус, Иса) орденін жариялады. Иезуиттер алдына «адасқан топты шіркеуге қайтару» міндеті қойылды. «Иса қоғамының» негізін салушы испан ақсүйегі **Игнати Лоела** болды. Реформациядан бірқатар Еуропа мемлекеттерінде билеушілікті қолдан жіберген Рим папасы ыждағатымен өз абыройына тіктеуге ұмтылды. Саяси тұрғыдан бытыраңқы болған Италия Папа бастық католик реакцияның барша қорқуын өзінде сезінді. Папа діннен қайтқандарды жазалауды инквизиция сотына тапсырды. Діннен қайтқандар сот үкіміне сәйкес алауларда жағылды.

Игнати Лоела Рим папасымен бірге

1524 жылы Германияда дықандар көтерілісі басталды. Халық Реформациясы деп аталған бұл көтеріліске дінбасы Томас Мюнсер басшылық етті.

Рим папасы 1540 жылы Реформацияға қарсы күресу үшін «Иса қоғамы» яки иезуиттер (*«Iyezus»* – Иисус, Иса) орденін енгізді.

Католик шіркеуі озық ғылыми және философиялық пікірге қарсы күресті. Жағып жіберілуі қажет болған, тиім салынған кітаптар тізімі жарияланды. Католик шіркеу тарапынан протестанттарға қарсы қолданылған барша шаралар тарихта **контрреформация** атын алды.

XVI ғасырдағы контрреформация үдерісінде Батыс Еуропа католик және протестант бөліктерге бөлініп кетті. Германия, Франция сияқты мемлекеттер халқы бір-біріне дұшпан екі діни мазхабқа ажыралып, бір-біріне қарсы соғыстар алып барды. Бұл соғыстарда он мыңдаған адамдар

http://eduhub.uz

қайтыс болды. Бірақ Реформацияға қарсы күрес толық жеңіске жетуі мүмкін емес-ті. Дегенмен, бұл дәуірде Еуропада ғылым мен мәдениеттің жетілуі, капиталистік қатынастардың шешім табуы, адамдардың еркіндік пен тәуелсіздікке қарай ұмтылуы католик шіркеу негіздерін жойды. **Реформация** – бұл католик шіркеуінің құлдырау дәуірі болды.

- Протестанттар – бұл ...
- Индивидуализм – бұл ...
- Калвинизм – бұл ...
- Контрреформация – бұл ...

Реформация тарихта терең із қалдырды, Еуропа қоғамының рухани, саяси және экономикалық характерін өзгерттіріп жіберді. Реформация нәтижесінде ұлттық шіркеулер пайда болды, дүниелік билік нығайтылды, ұлттардың қалыптасуы мен ұлттық мемлекеттердің дамуы үшін жағдайлар жасалды. Реформация индустриялды өркениеттің пайда болуын жеделдетті, тұлғаның еркіндігі мен бастамашылдығына кең жол ашылып, демократиялық құндылықтар қалыптасты.

1. *Еуропада Реформацияның басталуына қандай алғышарттар себеп болған?*
2. *Германияны қамтып алған* ***Ұлы диқандар соғысының*** *негізгі себептері нелерден тұратын еді?*
3. *Калвинизм протестанттық діни ілімі ретінде қайсы жақтарымен бұқараны өзіне қарата алды?*
4. *«Иса қоғамы» яки иезуиттер орденінің өз алдына қойған мақсаты нелерден құралған еді?*
5. *«Дұға оқы және істе!» ұраны Орта ғасырларда Орта Азиядағы қайсы тарықат алғышарттарына сай екендігін табыңдар. Мысалдар келтір.*

Картамен істеуге тиісті тапсырма

Картадан пайдаланып, Батыс Еуропада Реформация болып өткен аймақтарды анықтаңдар.

Тақырып мәтінінде қара түсте берілген терминдерді қосымша әдебиеттерден табыңдар және мазмұнын сипаттап, дәптерлеріңе жазыңдар.

4-тақырып: БАТЫС ЕУРОПАДА ЖАҢА ДӘУІР МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ояну дәуірі мәдениеті. Жаңа дәуір бастарында Еуропаның көптеген мемлекеттері ұқсассыз мәдени жетілуін бастан өткізді. Ғылым өркендеуіндегі жетістіктер адамдардың әлем туралы елестеулерін өзгерттіріп

http://eduportal.uz

жіберді, мәдени байланыстарды кеңейттіруге мүмкіндік беретін жаңа нұрлар ашылды. Ғылым мен өнерде үлкен өзгерістер болды. Ғалымдар, шығармашылдар идеал және үлгі іздеп Антик дәуір мәдениетіне қайрылды.

Ілгері ғылым мен әдебиет тілі болған латын тілі орнына итальян, испан, француз сияқты халық тілдері дамыды. XVI ғасырда жасаған француз ақыны бұл үдерісті өз өлеңінде былайша айтады:

Мен ўтмишни ўрганиб, ўзлигимга йўл топдим,
Нутқим бўлди тартибли, сўзларим кўп маънолик.
Мен шеъриятдан тартиб, мусиқадан завқ топдим,
Римлик ва юнон каби француз бўлди буюк.

Солай етіп, XIV ғасырға келіп, алдын ұмытып жіберілген антик мәдениет қайта тіктеле бастады және бұл үдеріс **Ренессанс – Ояну** атын алды. Ояну Жаңа дәуір босағасында тұрған қоғамның рухани жаңаруында үлкен рөл атқарды. Адамның бұл дүниедегі өз орнын қайта танып білуі, тағдырдан жақсылық күтіп емес, белсенді жаратушы болып жасау сезімі жаңа индустриялды өркениеттің қалыптасуында негізгі алғышарттардың бірі болды.

Гуманизм. Ояну дәуірінде адамға деген қатынастарда ұлы бұрылыс болды. Адамдар өмірдің қуаныштарын қадірлеуге үйренді, табиғатқа, қоғамға, адамға жаңаша қарайтын болды. Қоршап тұрған әлемге мәңгі бақилық емес, дүниелік, адамилық қарау жақтастары **гуманист** (*humanus* – адамилық) деп аталды. Гуманистер адам туралы Орта ғасырлық елестеулерін бас тартты, олар әрбір тұлғаның құндлығы және қадірлігін көрсетуге ұрынды. Білім мен еркін пікір өзіне жол ашып берді. Орта ғасырлардағы қуғын мен шектеулерден соң ғылым мен өнер діни қуғыннан шықты.

Гуманистер алғаш шіркеу тарапынан қуғындалды, олардың шығармалары жандырылды. Бірақ XVI ғасырға келіп көптеген дін басылары және Рим папалары да гуманизм идеяларымен қызығып, гуманистерге өз пікірлерін еркін баяндау мүмкіндігін берді.

Гуманизм XIV ғасыр орталарында алғаш Италияда пайда болды. Кейіннен басқа мемлекеттерде де итальян гуманистерінің ізбасарлары және жақтастары көбейді.

Томас Мор

Ұлыбританияда олардың идеялары дана саясаткер және корольдің бірінші уәзірі **Томас Морға** (1478–1535) күшті әсер етті. Ол өз шығармасында

Уильям Шекспир

идеал мемлекет үлгісін жаратып, оны «Утопия» деп атады. Утопия «бар болмаған жер» мағынасын білдіреді. Сол кезден бастап қиялды, негізінде болмаған әділетті қоғам туралы шығармалар мен оларда ілгері сүрілген идеяларды «утопия» деп атайды.

Әдебиет пен өнер. Ояну дәуірі әдебиеті мен өнерінде өз дәуірінің ұлы адамдары шығармашылықпен айналысты. Жомарт табиғат олардың әрбіріне көп қырлы бағалы қабілет дарыған еді. Мұндай сирек қабілет иелерінің бірі **Уильям Шекспир** (1564–1616) болған.

Ол: «Адамзат – табиғаттың таңғажайыбы», деп санайтын. Шекспир театрға махаббат қойды. Әрі актёр, әрі драматург ретінде шығармашылықпен айналысты. Ол адамдарды қоршап тұрған әлемді сахна, адамдарды актёрлер деп елестететін еді. Шекспир болашақ ұрпақтарға «Отелло», «Гамлет», «Король Лир» және «Ромео мен Джулетта» сияқты атақты шығармаларын мұра етіп қалдырды.

Мигель де Сервантес

Бұл дәуір әдебиетінің тағы бір ірі қайраткері, испан жазушысы **Мигель де Сервантес** (1547–1616). Оның атақты «Дон Кихот» шығармалары. Айналадағы әділетсіздіктер оның жоғары көңілін ашуға толтырады. Ол шынайы рыцарь сияқты қорланғандар қорғауына аттанады.

«Мона Лиза»

Бейнелеу өнер. Ояну дәуірі мәдениетінің тағы бір ұлы өкілі италиялық **Леонардо да Винчи** (1452–1519) еді. Ол бір уақыттың өзінде суретші, ақын, сәулетші, мүсінші, музыкашы және өнертапқыш ғалым еді. Леонардо сурет салу өнерін «өнерлер мәликасы» деп атаған.

Леонардо шығармаларының қаһармандары құдайлар мен әулиелер емес, бәлкім қарапайым адамдар еді. Оның ең атақты шығармаларының бірі – «Мона Лиза» («Жоконда»).

Шығармада Мона Лиза көрерменге тік қарап тұрыпты, еріндерінде білінер-білінбес күлкі, «ол соншалықты жағымды, суретті көріп адамилықтан көре көбірек рухи күш аласың...», деп жазған еді сол дәуір та-

http://eduportal.uz

рихшыларының бірі. Бұл дәуірдің ұлы суретшілерінің тағы бірі италиялық **Рафаэль Санти** (1483–1520) еді. Ол не бары 37 жыл өмір сүрді. Бірақ сол қысқа дәуір ішінде өз атын бақилыққа мөрленген шығармаларды жарата алды. «Сикстин мадоннасы» ол жасаған шығармалар ішінде ең атақтысы. Онда жалаң аяқ Бибі Мариям бұлттарды баспай жатқандай, тыныш, олардың үстінде ұшып жүргендей өз тағдырына кездесуге шығуда. Әлі бала Исаның қараулары үлкендей қатаң. Ол келешектегі азап пен өлімді алдыннан сезіп жатқандай еді. Ананың қарауларында да қайғы мен қорқыныш бар. Ол алдыннан не болуын біледі. Соған қарамай, ұлының өмірінің есесіне Хақ жолдары ашылатын адамдар жаққа алға ұмтылады.

«Сикстин мадоннасы»

Тағы бір атақты суретші **Рембрандт** (1606–1669) жасаған шығармалар ішінде ең атақтысы «Адасқан ұлының қайтуы» суреті еді. Інжілде отбасын тастап кетіп, ұзақ уақыт қаңғып жүрген, барша байлықтары таусылғаннан кейін, артқа қайтқан баласын ата кешіреді және үйіне қабылдайды.

«Адасқан ұлының қайтуы»

Рембрандт өз шығармасында ата мен баласының кездесуін көрсеткен. Адасқан бала үйдің табалдырығының алдында тізе бүгіп тұрыпты. Жыртық киім мен шашсыз бос өткен өмір қасіреттерінен дерек береді. Қартайып көр болып қалған атаның бармақтары ұлының желкесіне тиіп жатыр. Қолдың әрекеті бұл дүниеден дерлік үмітін үзген адамның жарқын қуанышын және шексіз махаббатын көрсетеді.

- Уильям Шекспир қызметі – ...
- Ренессанс – бұл ...
- Леонардо да Винчи қызметі – ...
- Утопия – бұл ...

«Давид»

Николай Коперник

Жордано Бруно

Галилео Галилей

Мүсінші кәсібі. Бұл дәуір мүсіншілері мүсіншілікті өнерлердің ішінде біріншісі, ол адамды, оның сұлулығын басқа өнер түрлерінен жақсырақ мадақтайды, деп санаған.

Олардың ең атақтысы италиялық **Микеланджело Буонарроти** (1475–1564) еді. Ол өзінің өлмес шығармаларымен тарихта әдеби із қалдырды.

Өнерпаз жасаған «Давид» ескерткіші оның атын мәңгілікке тиісті болды. Інжілдің әңгімелеріне сәйкес, жас шопан жігіт Давид қорқынышты дәусиақты Голиафпен ұрысуға шешім қабылдайды және оны таспен өлтіреді.

Мүсінші Микеланджело ұрыс қарсаңында тұрған Давитті бейнелеген. Оның жүзі ашуға толған. Бұл ескерткіш өзінің биіктігі және сұлулығымен сол кезге дейін жаратылған барша шығармаларды артта қалдырды.

Ғылым. Адамның қоршаған-әлемге қызығуы артып барды және бұл Жаңа дәуірдің негізгі ерекшеліктерінің бірі болып қалды. Бұл дәуірде ғалымдар ғылымда әлемдік жаңалық ашуларды жүзеге асырды.

Ұлы поляк астрономы **Николай Коперник** (1473–1543) 30 жыл барысында аспан денелерін күзетіп, Жер Күн айналасында және өз оғы айналасында айналады, деген қорытындыға келді. Бұл қорытынды ғылымда үлкен жаңалық еді.

Италиялық **Жордано Бруно** (1548–1600) әлем мәңгі, ол ешқашан жоқ болмайды, деген қорытындыны нық ілгері сүрді, әлемнің шексіздігі және мәңгілігі туралы теорияны жаратты. Шіркеу бұл пікірді күмән бағалады және ғалымды алауда жауға шешім қабылдады.

Басқа италиялық ұлы ғалым **Галилео Галилей** (1564–1642) Коперниктің ілімін жалғастырып, гелиоцентрикалық теорияға негіз салды. Галилейдің қоршаған әлемді танып білуге қосқан үлесі үлкен. Ол еуропалық ғалымдар арасында бірінші болып

http://eduportal.uz

аспан денелерін телескоптың көмегімен бақылады.

Еуропа ғылымының жетілуінде ұлы ағылшын ғалымы **Исаак Ньютонның** (1643–1727) қызметі үлкен болды. Ньютон механика мен астрономияның теориялық негіздерін жаратты, бүкіл әлем тартылу заңын істеп шықты, айналы телескопты ойлап тапты.

Исаак Ньютон

Тағы бір ағылшын ғалымы **Жон Локк** (1632–1704) философиясының дамуына үлкен үлес қосты. Ж. Локктың негізгі қызметі содан тұрады, ол адамның табиғи құқықтары: жасау, еркіндік пен мүлік құқықтары туралы ілімді жаратты.

Ол, сондай-ақ «үкіметті бөлу» – атқарушы үкіметін заң шығаратын үкіметтен ажырату туралы ілімді де істеп шықты.

Жон Локк

XVI–XVIII ғасырларда Еуропада Жаңа дәуір мәдениеті қалыптасты. Өнерде және ғылым жедел дамыды. Англия буржуа төңкерісі, Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін күрес, француз төңкерісі үдерістерінде пайда болған адамдардың бостандығы мен теңдігі туралы идеялар тағы ұзақ уақыт көптеген халықтар күресінің мазмұнына айналды.

?!

1. *Уильям Шекспир шығармашылығының өзіне тән екендігі неден тұрады?*
2. *Леонардо да Винчи және Рафаэль Санти шығармашылығының негізін қандай идеялар құрайды?*
3. *XVI–XVIII ғасырларда Еуропада астрономия ғылымы қандай жетістіктерге қол жеткізді?*
4. *Жон Локк идеялары бүгінгі күн мемлекет басқаруында қандай орынға ие?*

Жаңа дәуір Еуропа мәдениеті өкілдері қызметін оқулық мәтіні көмегінде талқыландар және сол негізде түрлі-түсті кластер даярландар.

Интернет арқылы *Еуропа Ренессанс мәдениеті дәуіріне* виртуалды экскурсия ұйымдастырыңдар. Алған әсерлеріңді дәптерлеріңе кесте көрінісінде жазыңдар.

Италия Ояну дәуірі өкілдеріне арналған «Мұра» көркем фильмін көріңдер және қорытынды шығарыңдар.

http://eduportal.uz

II БӨЛІМ. XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

5-тақырып: АНГЛИЯДА КОРОЛЬ БИЛІГІНІҢ КҮШЕЮІ. XVII ҒАСЫРДАҒЫ АНГЛИЯ БУРЖУА ТӨҢКЕРІСІ

Король үкіметінің күшеюі. Абсолютизм. Сауда және өнердің дамуы Англияда салықтардың түсімін күрт арттырды. Енді мемлекеттен жалақы алатын шенеуніктер мен міндетті армия корольдің әрбір бұйрығын орындауға дайын еді. Бұл корольді бай ақсүйектер әсерінен құтқарды. Нәтижеде, корольдің шектелмеген үкіметі туралы идея қалыптасты. Сол идея негізінде Батыс Еуропа мемлекеттерінде қалыптасқан билік **абсолюттік монархия** яки **абсолютизм** деп аталды.

Ұлыбританияда «Еркіндіктің ұлы картасы» деп аталған құжат қашан қабылданған?

Тәуелсіздік үшін болған соғыстың себептері. Ұлыбритания королі, ақсүйектер мен кәсіпкерлер колониялардан алынатын пайданы одан әрі көбейттіруге әрекет жасайтын. Олар колониялардан қымбат бағалы шикізат, тері мен мақтаны алып кететін, ал колонияларға даяр өнімдерді алып келетін, салық пен алымдарды жинап алатын. Ұлыбритания парламенті Америка кәсіпкерлері үшін түрлі тыю мен шектеулер орнатқан еді. Американдықтардың алғашқы наразылықтары сол шектеулер мен салықтардың асырылуына қарсы болып өтті.

Соғыстың басталуы. 1774 жыл қыркүйекте Филадельфияда Бірінші Материк Конгресі жиналды. Онда Жоржиядан тыс барша колониялардан өкілдер қатысты. Конгресс әлі Ұлыбританиядан бөліну мәселесін көтеруге батылы жетпеді, бірақ Британия саясатын қаралады. Конгресс экономиканы басқару үшін «Континенталды одақ» ұйымын құрды. Тәуелсіздік жақтастары тарапынан басқарылған аталмыш ұйым қоғамдық арасында төңкерісшіл көңіл-күйін өрбітіп жіберді. Ағылшын әскерлерімен алғашқы қарулы қақтығыстар болып өтті.

Тәуелсіздік үшін күресушілері Америкада республика құру идеясымен шықты. 1775 жыл мамыр айында басталған Екінші Материк Конгресі тәуелсіздік үшін соғыс бастауға шешім қабылдады.

Виржиниялық полковник **Джордж Вашингтон** Америка қарулы күштерінің бас қолбасшысы етіп тағайындалды. Республикашылық көңілкүйі халықтың түрлі қабаттарын қамтыды.

Тәуелсіздік Декларациясы. 1776 жыл мамырда Ұлыбританиядан ажыралып шығуға үндейтін қаулы қабылданды. Ресми мәлімдеме даярлау үшін виржиниялық Томас Жефферсон басшылығында комиссия түзілді.

1776 жыл 4 шілдеде қабылданған және негізінен, Т. Жефферсон зейінінің өнімі болған Тәуелсіздік Декларациясы жаңа мемлекеттің пайда болғандығын және бүкіл дүниеде әрекетшең күшке айналған адам бостандығы туралы дүниеге көзқарасын жариялады.

http://eduportal.uz

АҚШ тәуелсіздігінің жариялануы

Англияның Солтүстік Америкадағы алғашқы колониясы 1607 жылы Джеймстауында құрылды.

1774 жыл қыркүйекте Филадельфияда Бірінші Материк Конгресі шақырылды.

1776 жыл 4 шілдеде АҚШ-та Тәуелсіздік Декларациясы қабылданды.

«Біз, Америка Құрама Штаттарының өкілдері, халық атынан және оның өкілетімен мынаны жариялаймыз, бұл бірлескен колониялар негізінде де, құқыққа сәйкес әрі азат және тәуелсіз штаттар болуы қажет. Осы уақыттан бастап, олар Британия тағына әр түрлі тәуелділіктен босатылады», – делінеді Тәуелсіздік Декларациясында.

Тәуелсіздік Декларациясында мемлекет құрылысының негізі ретінде халық суверенитеті принципі танылды, халықтың залымдарға қарсы бүлік жасауға, азат болуға, теңдікке болған құқы берілді. **4 шілде** әр жылы АҚШ-та **Тәуелсіздік күні** ретінде атап өтіледі.

Америка төңкерісінің характері мен ерекшеліктері. Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін алып барылған соғыс сол кезде буржуа төңкерісі болып, ол екі: ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу және Америкада капиталистік қатынастарды орнату ділгірліктерін шешуі қажет еді.

Төңкерістің негізгі ерекшелігі сол еді, яғни ол ұлт-азаттық соғысы формасында өтті. Соғыс дәуірінде бірқатар демократиялық өзгерістер жүзеге асырылды.

Соғыс әрекеттерінің баруы. Ұлыбритания Америка тәуелсіздігін бірден тән алмады, тәуелсіздік жақтастарына қарсы қатаң күрес алып барды. Әскери әрекеттер, негізінен, мемлекет солтүстігінде болып өтті. Төңкеріс дәуірінде республикашылар армиясы үлкен қиындықтарды басынан өткізді. Әскерлер әскери жұмысқа дерлік үйретілмеген, қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік жетіспейтін еді.

Осындай жағдайда Франция Америкаға қару-жарағымен көмек бере бастады. Америка мен Франция ортасында «Достық және Сауда Бітімі» қол қойылды. Франция – Америка одағы жақсы нәтижелерге алып келді. **1782 жылы** ағылшын әскерлерінің негізгі бөлігі тізе түкті. Содан соң Ұлыбритания үкіметі Парижде тыныштық келіссөздері өткізуге шешім қабылдады. Келіссөздерде Америка тарапынан Бенжамен Франклин, Жон Адамс және Жон Жей қатысты.

1783 жылы Британия және оның Америкадағы бұрынғы отарлары ортасында **Париж бітіміне** қол қойылды. Бітімге сәйкес, Ұлыбритания Америка Құрама Штаттарының түзілгендігін, оның тәуелсіздігі, бостандығы мен суверенитетін тән алды.

Соғыс аяқталды. Ал алдында мемлекетті нығайту, оның экономикалық жағдайын жақсарту міндеті тұратын.

1787 жылғы Конституция. Төңкерістің сәттілі аяқталуы американдықтарға Тәуелсіздік Декларациясында көрсетілген арман-үміттері және идеяларын конституцияда көрсету мүмкіндігін берді. Дерлік барша штаттар өз конституцияларына ие болды.

Бірақ мемлекетте штаттарды жеке заң негізінде біріктіру, оларды басқару, жеке экономикалық жүйені қалыптастыру сияқты ділгірліктер бар еді. Оларды шешу үшін 1787 жылдың мамырында Филадельфияда жұмыс бастаған Федералдық Конвент жиынына штаттардан сайланған өкілдер ретінде танымал қайраткерлер жиналды. Олар арасында Джордж Вашингтон, Жеймс Уильсон, Бенжамен Франклин, Жеймс Медисон, Александр Гамильтон сияқты атақты адамдар – «Американың аталары» еді.

http://eduportal.uz

XIX ғасырдың 70 жылдарында АҚШ

- 1783 жылы ...
- 1787 жыл мамыр ...
- Б. Франклин, Ж. Адамс және Ж. Жейлер қызметі – ...

Пікір алмасу және тартыстар ұзақ жалғасты. Пікірталастар, негізінен, Конгресс, федерал үкімет пен Жоғары соттың мақамы және штаттармен орталық билік арасындағы қатынастар жөнінде болды. Нәтижеде, **1787 жыл 17 қыркүйекте АҚШ Конституциясы** қабылданды.

Конституция АҚШ-та республика жүйесін орнатты. Атқарушы үкіметін басқару үшін 4 жыл мерзімге сайланатын және кең өкілеттік ие болған АҚШ президенті лауазымы енгізілді. **1789 жылы** болып өткен сайлауларда **Джордж Вашингтон** АҚШ-тың бірінші президенті етіп сайланды.

Төңкеріс нәтижесінде АҚШ тәуелсіз мемлекетке айналды, республика жүйесі орнатылды, сауда және өнерді дамыту жолындағы барша тосқауылдар алып тасталды, еркін бәсекеге, жеке ұсыныс пен белсенділікке, іскерлікке кең жол ашылды. Бірақ оңтүстік штаттарда плантациялық құлдық сақталып қалды.

Тәуелсіздік Декларациясы және АҚШ Конституциясы Еуропаның озық санасына үлкен әсер етті, оларда ілгері сүрілген идеялар жалпыадамилық характерге ие болып, көптеген халықтар күресінің мазмұнына айналып қалды.

Декларация – қажетті ережелер жарияланған құжат.

Федералдық үкімет – федеративті мемлекетте орталық басқару органы.

Федералдық Конвент – Континенталды одақ, материк одағы, материк деңгейіндегі ұйым.

Федералдық – федерация (одақ) құрамына енген барша субъекттер (республика, штат) үшін жалпы ұғым. Мәселен, федерал үкімет яки Федералдық Конвент.

1. Англияның Солтүстік Америкада отаршылдық саясаты қандай жүзеге асырылды?
2. Америка ұлтының қалыптасуына алып келген алғышарттар нелерден тұрады?
3. Париж бітіміне қашан қол қойылды және оның маңызы неден тұрады?
4. АҚШ конституциясының өзіне тән жақтары нелерден тұрады?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Томас Жефферсон, Джордж Вашингтон туралы мәліметтерді табыңдар және тарихи тұлғалар қызметіне баға беріңдер.

Картадан пайдаланып, АҚШ әкімшілік-аумақтық құрылымын дәптерлеріне жазыңдар.

12-тақырып: АҒАРТУ ҒАСЫРЫ

Әлеуметтік-саяси идеялар. XVIII ғасыр Еуропа тарихына «Ағарту ғасыры» атымен кірді. Ілгері тек тар шеңбердегі ғалымдардың мүлкі болған ғылым университет шекарасынан шығып, кең бұқараға тарала бастады.

Ең озық көңіл күйдегі, білімді жазушылар, суретшілер, философтар адамды жаншып жатқан, оның қабілетін шектеп жатқан және құрметін

http://eduportal.uz

Вольтер

Шарл Монтеско

аяқасты етіп жатқан барша жағдайларды қатаң сынға алды. Олар шіркеу ілімі мен жалпы, діннің өзін сынға алды, абсолютизмге және барша феодалдық тәртіптерге қарсы шықты, феодалдық тұрмыс салтының өмірін өтеп болған барша індеттеріне қарсы күрес бастады.

XVIII ғасыр ағартушыларын адамның бітпес күш пен мүмкіндіктеріне ұлы сенім, қоғамды кең деңгейде білімді ету қажеттілігін түсіну сезімі ажыратып тұратын. Сол себепті ағартушылық өз дәуірінің ұлы идеялық әрекеті еді.

Бұл әрекет қатысушылары тарихта **«ағартушылар»** атын алды. Олардан ең әйгілілері француз оқымыстылары **Вольтер, Шарл Монтеско, Жан Жак Руссо, Дени Дидро** және ағылшын ағартушы **Адам Смит** еді.

Адам санасының жаратушылық құдіретіне шексіз сенген ағартушылар, феодалдық тәртіптермен күрестің төңкерісшіл әдістеріне кері қатынаста болды. Олар ағартудың дамуы өзөзінен бар тәртіптердің өзгеруіне алып келуі мүмкін, деп санайтын еді.

Ескі теориялар және идеяларға қарамақарсы тәрізде ағартушылар озық және өз дәуірі үшін төңкерісшіл болған жаңа идеяларды ілгері сүрді.

Адам үшін сай жасау және еңбек жағдайын тудыратын ғылымның мүмкіндіктеріне шексіз сенім Ағарту ғасырының негізгі идеясы болды. Сол себепті «ғылым және өркендеу» деген сөздер ағартушылардың ұранына айналды. Адамның жаратушылық құдіретіне үлкен сенім ағартушыларды әрдайым шабыттандырып тұрды.

Ағарту ғасырының көркем әдебиеті. Ағарту ғасыры – бұл Еуропа мәдениеті тарихындағы негізгі басқыштардың бірі болып, ғылым, философия мен әлеуметтік пікір өркениетімен байланысты. Ағарту ғасырының негізін еркін пікірлеушілік құрайды. Балалықтан көпшіліктің сүйікті қаһарманы болған Робинзон Крузо Ағарту ғасырында дүниеге

http://eduportal.uz

келді. Ағылшын жазушысы **Даниэль Дефо** (1660–1731) өз қаһарманын іскерілік, еңбексүйгіш, өз күшіне сенетін етіп жаратты. Робинзон иесіз арал да ыждағаттық және өжеттікпен үй құрды, тұрмыс бұйымдары мен мебель жасады, хайуандарды үйретті. «Робинзон Крузоның өмірі мен таңғажайып оқиғалары» романы еңбек, анық адамилық пікір, ынталылық пен ерлік әнұраны болып қалды.

Ж.Ж. Руссо

Ауыл дінбасы, кейіннен Ирландиядағы Дублин храмының бастығы **Жонатан Свифт** (1667–1745) ағартушылардың мәртебелі идеялары адамдарды өзгерттірмегендігін, буржуа қоғамы да феодалдық қоғам сияқты кемелдіктен едәуір алыс екендігін өзінің «Гулливердің саяхаты» романында ашып берді.

Даниэль Дефо

Свифттің қаһарманы Гулливермен Робинзон – замандастар, ағарту ғасыры адамдары, бірақ Гулливердің көзқарастары тереңірек. Бәлкім соның үшін де оның алыс мемлекеттерге жасаған саяхаттары сәтсіз аяқталады.

Бірақ Свиттің мақсаты адам табиғатын жайбарақат бақылау емес, адамдарға шын көңілмен ашыну, оларға адамилықты сақтап қалуда көмектесу, жабайыланып кетуден ескерту еді. «Адам сен ойлағаннан көре қадірлі», деп жазған Свифттің ақыл жалыны мен қабілет күші ағарту ғасырын сөнбес нұрмен жарқыратып тұрады.

Жонатан Свифт

Оның ауыр жағдайда да адамилықты сақтап қалуға үндеуі бүгін де өз маңызын жоғалтпаған.

Ұлы неміс ақыны **Йоганн Вольфганг Гете** (1749–1832) өз ғасырын – сана және жарықтық ғасырын көрсететін қаһарман іздеп, доктор Фауст туралы көне неміс аңызын қайта жазды. Жаратылуына 60 жыл жұмсалған философиялық драма адамның өз идеялары үшін күресі ұлы күрес екендігін айтумен бірге ағарту ғасырының ма-

И.В. Гёте

«Бейғам»

И.С. Бах

ңызын ашып береді. Қартайып қалған Фауст мәңгі шындықты танып жетеді:

Узоқ ҳаёт йўлин ўтдим-у босиб,
Олам ҳақиқатин айладим якун:
Фақат шу муносиб ҳаёт ва эркка,
Ким ҳар кун улар-чун курашга кирса!

Бейнелеу өнері. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Еуропа бейнелеу өнерінде әлі де сарай халқының нәзік өнеге өнері гүлденді. Бұл дәуірде «корольдің бірінші бейнелеушісі», аңыздық сахналардың таңғажайып шебері **Франсуа Бушье** (1703–1770) еді. Оның нақты өмірден шексіз алыста болған суреттері аристократтар сарайларына таңғажайып әшекей бола алатын.

Басқа бір суретші Антуан Баттоның суреттері едәуір тереңірек еді. Ол салған суреттер ең нәзік сезімдерді, қаһармандардың көз ілмейтін көңіл күйлерін көрсетеді. Батто салған «Қиын ұсыныс», «Бейғам» сияқты шығармалар өте атақты еді.

Музыка. Неміс композиторы **Иоганн Себастянь Бах** (1685–1750) тірі кезінде атақты еместі. Оның шығармалары адамдарға өте байыпты түйілетін, шіркеу Құдайдан қорқу дауыстарының жеткілікті еместігі үшін оның музыкаларын жақтырмайтын еді. Бахтың ұлдары да атасының шығармашылығын үмітсіз, ескіріп қалған деп санайтын. Оларға мұра болып қалған Бах қолжазбаларының едәуір бөлігін жоғалтып жіберген.

Бахтың хор, солистер мен оркестр үшін жазылған үлкен шығармасы – «Маттоның қайнаған сезімдері» Иса Масихтің шәкірті Матто әңгіме етіп берген Исаның азаптарын, сезімін көрсетеді.

Інжіл аңызын Бах адамдарды құтқару үшін өзін құрбан еткен қаһарман туралы халық драмасы ретінде баяндайды.

http://eduportal.uz

Ағарту ғасыры музыка өнеріне үлкен үлес қосқан тағы бір тұлға **Волганг Амадей Моцарт (1756–1791)** еді.

В.А. Моцарт

Ол Австрияның көне сұлу қаласы Залсбургте дүниеге келді.

Замандастары Моцартты өз дәуірінің шынайы ғажайыбы деген. Оның өмірі қысқа, кедейлік, қорлық пен жалғыздыққа толық болса да, онда қуаныш пен ұлы махаббат, бақыт пен шығармашылыққа ұмтылу үстем еді.

Ол 3 жасынан бастап музыканы үйрене бастады, 4 жасында өзінің бірінші концертін жазды, 12 жасында жазған операсының премьерасы Милан театрында қойылды, 14 жасында Моцарт Италиядағы ең абыройлы музыка академиясының академигі болды. Өмірінің соңғы он жылын Моцарт Венада өткізді. Композитордың «Фигароның үйленуі» операсы оны өте әйгілі етті. Оператордың күйлері барша жерде: көшелерде, майдандарда, асханаларда естіледі, оны, тіптен көше музыканттары да орындайтын.

Композитордың соңғы шығармасы – «Реквием» (*requem* – аза күйі, тыныштық) шіркеулерде марқұмдардың естелігіне арнап орындалатын. Бұл өмір мен өлім туралы, адамның бұл дүниедегі тағдыры туралы шығарма. Оның бірінші музыкалық орындауына дейін жасау Моцартқа бұйырмады.

Өзін ұлы композитор Моцарттың мұрагері деп саналған адам **Людвиг ван Бетховен (1770–1827)** еді. Ол 22 жасынан бастап Венада жасады. Қорқынышты ауру салдарында қиналған және бүткіл есітпей қалған Бетховен тізе бүкпеді. Ол ауруға қарсы күрескен жылдары әсерінің құдіреті және сұлулығымен адамдарды таң қалдыратын шығармалар жаратты.

Л.В. Бетховен

«Фантазия жолында соната» («Oydin») – композитордың бақытсыз махаббаты туралы шығарма. «Қаһарманнаме» симфониясы XVIII ғасыр аяғында Францияда болған төңкерісшіл оқиғалардың рухымен ашып берілген.

Симфония алғаш Бонапартқа арналған еді. Ол өзін император деп жариялағаннан кейін композитор шығармасына «Қаһарманнаме» деген жаңа ат берді.

http://eduportal.uz

Симфонияның орталығында – бойсұнбас бүлікшінің бейнесі, тағдырдың ешқандай соққылары сіндіре алмайтын ержүрек, қорқпас адамның бейнесі көрініс табады.

Бетховен өмірінің соңғы күндеріне дейін сананы, жарқын күште мерекесі мен жеңісін мадақтауға арналған шығармалар жазу арманымен жасады.

XVIII ғасыр тарихқа Еуропадағы топтық қоғам негіздеріне, монархтардың абсолюттік билігіне қарсы рухани үндеу болып шыққан Ағарту ғасыры ретінде кірді. Ағартушылық идеялары адамдардың санасын иелеп, Еуропа өркениетінің көлеңкесін өзгерттіріп жіберген материалды күшке айналды.

Ағартушылық идеялары Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін соғыс жылдары, Ұлы француз төңкерісі дәуірінде бұқаралық характер пайда болды. Ағарту дәуірінің көптеген идеялары XIX, әсіресе, XX ғасырда демократиялық мемлекеттер саяси практикасының, құқықтық нормаларының негізіне айналып, қоғамның кең қабаттары арасында тән алынды.

Ағарту ғасырында қалыптасқан адамның бостандығы мен теңдігі сияқты идеялар кейінгі ғасырларда Азия мен Африка халықтары арасында таратылып, бұл халықтар күресінің де мазмұнын құрады.

?!

1. Ағарту ғасырының әлеуметтік және саяси идеялары қайсы ойшылдардың аттарымен байланысты?
2. Ағарту ғасыры көркем әдебиетінің қандай қайраткерлерін және олардың негізгі идеяларын білесің?
3. Ағартушылық дәуірі бейнелеу өнері өкілдерінен кімдерді білесің және олардың шығармалары несімен ажыралып тұрады?
4. Ағарту ғасыры музыка өнері дүниеге қайсы атақты композиторларды берді?

Ж. Свиттің «Гулливердің саяхаты» романын кітапханадан алып оқыңдар және алған әсерлеріңді дәптерлеріңе жазыңдар.

Интернет арқылы Моцарттың «Реквием» және Бетховеннің «Қаһарманнаме» симфониясын есітіңдер және олар негізінде «Музыканың сиқыры» атты эссе жазыңдар.

«Моцарт» фильмін көріңдер және қорытынды шығарыңдар.

http://eduportal.kz

III БӨЛІМ. XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

13-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еуропа тарих пәнінде шығыстық өркендеу формасын «дәстүрлі өркениет», «дәстүрлі қоғам» деп атайды. Бұған көпшілік қарапайым өмір салты, діни сабырлылық, жер иелігінің өзіне тән формасы, адамдар өмірінің мемлекет тарапынан тәртіпке салынуы сияқтыларды негізгі белгілер ретінде енгізеді.

Көне өркениеттер қайсы аймақтарда пайда болған еді?

Дамудың негізгі бағыттары. Азия мемлекеттерінде Жаңа дәуір олардың колонияларға айналдыруымен байланысты. Орта ғасырларда Шығыс мемлекеттері табиғаттың жомарт сыйы арқылы өздерінің география-

лық және тарихи үстемдіктерін көрсете алды. Дамыған әлеуметтік еңбек бөлінісіне, мәдени өркендеудің өте жоғары дәрежесіне, қоғам рухани дамуының едәуір жоғары басқышын көрсететін діни және адамгершілік жүйені қалыптастыруға қол жеткізді. Шығыстың Батыстан үстемдігі, әсіресе, ғасырлар барысында жиналған рухани мүмкіндіктер, тәжірибе және білімдерге таянған интеллектуал күштерінде дара көрініс тапты. Бұл дәуірде техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық пен мәдени инновациялар кең таралған болып, олардың көпшілігі 300–500 және 1000 жыл өткеннен соң Еуропада пайда болды, аздап Шығыстан меңгерілді. Халықтың өсу қарқыны да экономикалық мүмкіндіктердің жоғарылығынан дерек береді.

Бірақ Жаңа дәуір бастарына келіп, Шығыс мемлекеттері өркендеуде Еуропаға қарағанда сезілерлі артта қала бастады. Мұның негізгі себептері ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

– Шығыс мемлекеттерінде әскери қаражаттар мөлшері Батыс мемлекеттерінен едәуір жоғары еді;

– XVI–XVII ғасырлардан бастап, Шығыс мемлекеттерінде көлік құралдары (кемелер, порттар, жолдар, каналдар құрылысы) және коммуникация жүйесінің (кітап бастыру, сауаттылық дәрежесі) даму қарқыны Батыс мемлекеттеріне қарағанда төмендеді;

– Орта ғасырлардың соңынан бастап, Шығыс мемлекеттері жекелену яки «жабық есіктер» ұстанымына негізделіп, белсенді сыртқы саясат алып бармады;

– еуропалық отаршылдар кіріп келуі қарсаңында Шығыстың көптеген мемлекеттерінде тарихи жаратылған материалды, әлеуметтік және рухани байлықтарды дамыту орнына, табиғи ресурстардан ұзақ уақыт экстенсивті пайдалану нәтижесінде келіп шыққан әлеуметтік-экономикалық құлдырау бақыланып жатқан еді.

Еуропа экспанциясы және отаршылдық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық түзілісіне едәуір қарама-қайшы әсер көрсетті. Өркениет арасындағы «кездесу» адамдар арасындағы өте үлкен жоғалтуларға алып келді. Көпшілік жайттарда отаршылдық кең деңгейдегі тонаушылықтан тұратын болып қалды.

Бірақ XVII ғасырдың орталарына дейін Батыстың Шығыстан үстемдігі тек сыртқы көрініс болып, бұл дәуірде Шығыс әскери жұмыста, материалды сыйларды өндіруде Еуропадан едәуір алдында еді. Бірақ Шығыс бірдей еместі. Шығыста бірнеше түрлі өркениеттерді ажыратып көрсетуге болады.

http://eduportal.uz

Қытай-конфуцилік өркениеті. XVI ғасырда дүниенің ең халқы көп және бай бөлігі болып қалған еді. Адамдардың қарапайым өмір салты, діни сабырлық, жер иелігінің өзіне тән формасы, тұрмыс салтының мемлекет тарапынан тәртіпке салынуы сияқтылар бұл өркениеттің негізгі белгілері болып саналатын.

Жапония өркениеті мүлдем басқаша характерге ие. Ол Қытайдан көп жаңалықтарды: жазу жүйесін, материалды мәдениеттің едәуір бөлігін қабылдады. Соның үшін Жапония өркениетін Қытай өркениетінің бір тармағы да дейді. Бірақ Қытайдан айырмашылық ретінде, жапон қоғамында тұлға мен оның өз өмір жолын еркін таңдау құқы жоққа шығарылмайды. Жапония халық құрамында Еуропа дворяндарына ұқсас кеңпейілділік рыцарлар (самурайлар) және князьдар бар болған Шы-

Оңтүстік және Шығыс Азия мемлекеттері

http://eduportal.uz

ғыстағы жеке мемлекет еді. Дамудың жоғары дәрежесі бұл өркениеттің сирек ерекшеліктерден дерек береді. Тек қытайша тәртіптерді енгізген Токугава режимінің орнатылуы жапон қоғамының дамуын тоқтатып, оны уақытынша белсенді халықаралық байланыстардан үзіп қойды.

Үнді өркениеті Үндістан және Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттеріне таралды. Бұл өркениеттің өзіне тән жағы сондай, яғни үнді қоғамында адамдардың әлеуметтік жағдайы оның туылу алғышарты, яғни ата-анасының қоғамдағы орнымен белгіленеді. Бұл жерде адамдар касталарға (топ) бөлінген болып, адамның қоғамдағы орны оның қайсы кастаға тиістілігімен байланысты.

Ислам өркениетінің өзіне тән жақтары сондай, яғни оның негізін құрайтын ислам діні мұсылмандардың тек дүниеге көзқарасының ғана емес, бәлкім тұрмыс сапасын да белгілеп береді. Ислам діні барша мұсылмандардың теңдігіне негізделгені үшін көптеген халықтар ортасында кең таралды.

XVI–XVII ғасырлардан бастап, Шығыс мемлекеттерінде көлік құралдары мен коммуникация жүйесінің даму қарқындары Батыс мемлекеттеріне қарағанда төмендеді.

Шығыста Орта ғасырлық жүйесінің құлдырауы, алдымен, жерге мемлекет мүлікшілігінің бұзылуында, орталық билік пен салық жүйесінің нашарлағандығында көрініс тапты. Шығыс мемлекеттерінде көп ғасырлар барысында дамып келген феодалдық жүйе бірқатар қажетті жақтарға ие еді. Мұндай жақтарға қоғамда мемлекет рөлінің жоғарылығын, тайпалық және құлдық қатынастары қалдықтарының сақталып қалуы, қоғам экономикалық өмірінде қалалар рөлінің төмендігі сияқтыларды енгізуге болады.

XVII–XVIII ғасырларда Еуропа және Азия халықтарының өзара қатынастарында терең өзгерістер болды. Ілгері оларда әскери техника, қолөнершілік пен сауданың дамығандық дәрежесі бір-біріне жақын еді. Бірақ кейінгі дәуір еуропалықтар үшін өте қолайлы келді. Азия халықтары түрлі империялар зұлымынан азат болғанында, әрдайым дәстүрлерді тіктеу, шапқыншылыққа дейін болған әлеуметтік және саяси өмір тәртіптерін қайтадан орнатуға әрекет жасады. Бұл тәртіптер жергілікті ақсүйектерге де, кең халық бұқарасына да басқыншылар орнатқан тәртіптерден жақсырақ, әділетті түйілетін. Ескі өмірге қайту логикасына

http://eduportal.uz

Қытайда да, Үндістанда да, көпшілік ислам мемлекеттерінде де қатаң сақталатын.

- Қытай-конфуцилік өркениеті – бұл ...
- Жапония өркениеті – бұл ...
- Үнді өркениеті – бұл ...
- Ислам өркениеті – бұл ...

Жаңа дәуірде де қалыптасқан, барша көнігіп қалған, дәстүрлі тәртіптерді идеалдастыру Шығыс өркениетінің қажетті жағы болып қалды. Дәл сол ерекшелік бір жақтан, көптеген сыртқы босқындар жағдайында өркениеттің негіздерін сақтап қалу мүмкіндігін берген болса, басқа жақтан, оның даму қарқындарын баяулатты, ғылым және техника саласындағы жаңалықтарды енгізуге, әлеуметтік өмір және өндіруді ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізуге тосқауылдық жасады.

Экстенсив – дамуда сапа өзгерістерге емес, тек сан жағынан көбеюге және жедел нәтижелерге бағытталған өсу.

1. Қытай-конфуцилік өркениетінің өзіне тән жақтары нелерден тұратын еді?
2. Жапония өркениетінің өзіне тән жақтары нелерден тұратын еді?
3. Үнді өркениетінің басқалардан айырмашылық жақтары нелерден тұратын еді?
4. Ислам өркениетінің басқалардан айырмашылық жақтары нелерден тұратын еді?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Т-технологиясы негізінде қытай-конфуцилік, жапония, үнді, ислам өркениеттерінің жалпы және айырмашылық жақтарын дәптерлеріне жазыңдар.

Картадан пайдаланып, қытай-конфуцилік, жапония, үнді, іслам өркениеттерінің орналасу орнын табыңдар.

14-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ҚЫТАЙ

Саяси өмір. XVI ғасыр аяғы – XVII ғасыр бастарында Қытайда мин әулеті саясатынан наразылық күшейді. Мемлекетте реформалар жақтасы болған күштер қалыптасты. Мемлекет басқаруын реформа жасау, мемлекетті басқаруда тікелей императордың рөлін арттыру, сондай-ақ экономикалық өзгерістер тиімділігін және өндіріп жақан

http://eduportal.uz

өнімдерінің сапасын арттыру үшін мемлекет мануфактуралары және шеберханаларын жекелендіру, диқандардың жерлерін тартып алуды тоқтату, салыққа тарту жүйесін тәртіпке салу сияқтылар қажетті орны тұтады.

Қытайда жер иелігі қатынастары қашан қалыптаса бастады?

XVII ғасыр бастарында реформашылар Бейжіңде үкіметті иелеуге қол жеткізді және іс-жүзінде өз бағдарламасындағы талаптарды өмірге енгізуге ұмтылды. Бірақ сарай ақсүйектерінің қарсылықтары көтерілісшілер әкімшіліктен шеттетіліп, көпшілігі сүргін қылынды. Мемлекет қазынасын тонау, диқандар жерлерін тартып алу, салықтар мен жеке мәжбүрлігін арттыру жалғаса берді. Қытайдың халықаралық жағдайы да жүйелі түрде нашарлап кетті. Бірақ миндер үкіметі үшін үстем жүйеге қарсы барған сайын ірі деңгейдегі соғысқа айналып бара жатқан диқандар көтерілістері, әсіресе, қатерлі еді.

Шың (син) әулеті билігі. XVI ғасыр аяғында Амур теңізінен оңтүстікте манчжур тайпаларының одағы пайда болды. Манчжурлар өз мемлекетін түзіп, көрші Монғолияны бойсұндырды. 1636 жылы манчжурлардың бастығы Абахай өзін хан, жаңа мемлекетті Чин (яғни «саф», «таза») деп атады.

Шиндер Қытайды иелеу үшін ұзақ күрес алып барды. Сол дәуірде Қытайда халық көтерілістерінің өрбуі мен бір топ көтерілісшілердің Бейжінді иелеуі де шиндерге көмек берді. 1644 жылы Бейжіңге кіріп келген манчжурлар билеушісі Шунчжи Қытай императоры деп жарияланды. Шиндер Қытайдағы диқандар көтерілісін бастырды. Жергілікті отансүйгіштердің Нанкин қаласында шиндерге қарсы жеке фронт құру үшін ұмтылуы да сәттілікке қол жеткізбеді. Кейінгі бірнеше жыл барысында шиндерге қарсы болып өткен көтерілістер де әскерлер тарапынан аяусыз бастырылды.

Шиндердің бүкіл Қытай аумағын иелеуі оңай болмады. Әрбір қала қатты ұрыстармен алынды. Ұзаққа созылған соғыстардан соң Тайван да иелеп алынды және Қытай аумағы толық бойсұндырылды. Манчжурлардың чин әулеті Қытайда 1911 жылға дейін үстемдік етті. Шиндер XVII–XVIII ғасырларда өздерінің басқыншылық саясатын жалғастырды. Корея, Батыс және Солтүстік Монғолия, Вьетнам, Қашқар бойсұндырылды, Бирма да шиндерге вассалдықты тән алды.

http://eduportal.uz

Экономикалық өмір. XVI ғасыр бастарына келіп, Қытайда аграрлық сала дамудың едәуір жоғары дәрежесіне қол жеткізген болып, ол мемлекет экономикасында қажетті орын тұтатын. Жұмыс құралдары қарапайым болса-да, диқандар халықтың негізгі азық-түлігі болған күріштен жоғары өнім алатын. Олар жаңа технологиялар, мәселен, күріш егудің ұялы әдісін, сапалы тұқымды даярлау сияқтыларды енгізгенеді. Қытай диқандары күріштен тыс, мақта өсіруде де үлкен жетістіктерді қолға кіргізді.

Қытайда жерге иелік етудің екі негізгі түрі – мемлекет пен жекеменшік жер иелері бар еді. Бірақ жекеменшік жерлер XVI ғасыр барысында азайып кетті. Диқандардың жерлері ақырын үлкен жер иелері, өсімқорлар мен шенеуніктердің қолдарына өтті. Жерлердің үлкен бөлігі тікелей императордың мүлкіне айналды.

Диқандар жерлерді жалға алып, егін егетін. Жалдың ақысы өнімнің 50 пайызын құрайтын және бұл диқандарды әлсіздендіріп, олардың наразылығына себеп болатын. Бұл дәуірде салықтар да үздіксіз артып барды. Олар натуралды түрде күрішпен алынатын және тек XVI ғасырдан салықтар күміс теңгемен толық басталды. Бұл қиыншылық бірқатар диқандар көтерілістеріне алып келіп, олар бүкіл империя аумағын қамтыды.

Қалаларда халық саны ауылға қарағанда едәуір аз еді. Қалалықтар, негізінен, қолөнершілік және саудамен айналысатын. Матаны өндіруде өз дәуірі үшін едәуір кемелденген станоктар, соның ішінде, сумен айналдыратын қондырғылар да қолданылатын.

Ғимараттардың құрылысында көтеру крандарына ұқсас қондырғылардан пайдаланатын. Сол кездерде сақталып қалған ғимараттар бүгінгі күнде де өзінің кемелденгендігі және ұлылығымен адамды таң қалдырады. Ірі және мықты кемелер құрастыра алатын қытайлық кеме жасаушылар да техникалық жетістіктерге қол жеткізген еді.

Қытай техникалық өркендеуде Батыстан дерлік артта қалып бара жатқан болса-да, сонау XVIII ғасырдың соңына дейін ол экономикалық тұрғыдан дүниенің ең құдіретті мемлекеттердің бірі болып қалды.

Еуропалықтардың Қытайға кіріп келуі. Қытай аңыздық бай мемлекет ретінде еуропалықтарда үздіксіз қызығу оятып келген. Еуропалықтар Қытайдың техникалық жетістіктерін меңгеріп алуға талпынған.

Ұлы географиялық өнертабыстардан соң күшейген бұл үдеріс XVII ғасырда да жалғасты. Испания Филиппинді иелеп алғаннан соң,

http://eduportal.uz

айналадағы аралдарда саудамен айналысатын мыңдаған Қытай азаматтарын жойып жіберді. Дәл сондай жауыздық кейін де қайталанды.

XVII ғасырда Қытай жиектерінде голланд кемелері пайда болды. Олар Тайван аралдарының бір бөлігін иелеп алды. Сондай-ақ Ұлыбритания да бұл аймақтарға қызығу білдіре бастады. Ағылшындар Гуанжоу аумағына орналасып, бұл жерде сауда алып бару үшін Қытай үкіметінен рұқсат алды. Еуропалықтар Қытайдан жібек пен шыны алып кетіп, бұл жерге темекі мен зеңбірек қарулар алып келетін.

XVIII ғасырдың 70 жылдарында Ресей Қытаймен өзара байланыстар орнатуға талпынды. Бірақ екі мемлекет ортасында Таяу Шығыста және Орталық Азияда әсер үшін күрес бұған жол бермеді. Кейін екі жақтың арасында қарулы қақтығыстар болып өтті.

Еуропалықтар Қытайдан жібек пен шыны алып кетіп, темекі мен оқ ататын қаруларды бұл жерге алып келетін.

XVIII ғасырдың 70 жылдарында Ресей Қытаймен өзара байланыстар орнатуға талпынды.

XVI–XVIII ғасырларда Қытай мәдениеті. Миндер дәуірінде Қытай мәдениеті өркендеп гүлдеді. Алдыңғы дәуірлердің ең жақсы жетістіктерін өзіне сіңдіріп алған қоғам өркендеуінің жаңа басқышына көтеріле алды.

Бұл дәуірде көне дін және дүниеге көзқарасқа негізделген мәдениетті Жаңа дәуір талаптарына сәйкестендіру басталды. Миндер дәуірінің ең атақты ғалымдарының бірі Ван Янмин қытайлықтар дүниеге көзқарасының негізі болған конфуциліктен бас тартпаған жайтта, бұл ілімді өзгерген тарихи жағдайға сай түрде, жаңаша түсінік бере бастады.

- 1636 жылы – ...
- XVI ғасыр – ...
- XVIII ғасырдың соңына дейін – ...
- 1644 жылы – ...

Шиндер дәуіріне келіп, әдебиетте де үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Көне халық аңыздары негізінде «Батысқа саяхат» романы жазылып, онда қытайлық дін басының таңғажайып іздеп Үндістанға жасаған сапары суреттелді. Бұл роман кітап сүйгіштердің көптеген ұрпақтарында үлкен әсер қалдырды.

XVI–XVII ғасырларда театр өнерінің ең атақты түрі, жалпыұлттық театрға айналған, кунсюуй болды. Онда актерлер бетперде киіп рөл ой-

http://eduportal.uz

найды. Кунсюуй негізінде қалыптасқан Бейжің операсы бүкіл дүниеге танымал болды.

Бейнелеу өнерінде бұрынғы дәстүрлері жалғастырылды. Миндер дәуірінде Бейнелеу өнер академиясы қайта тіктелді. Көркем шығармаларға бейнелеу әшекей беру өнері дамыды, пейзаж өнері де өркендеп гүлдеді. Қытайлық ұсталар, тек өз өлкелеріндегі ғана емес, Батыс Еуропа мемлекеттерінде де өте қадірленетін шыны, мата, лакталған миниатюраларды жаратуда үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Солай етіп, чин әулеті дәуірінде Қытай өз құдіретінің шыңына қол жеткізді. XVIII ғасыр соңына келіп, Батыс мемлекеттері Қытайға сұғылып кіру және оны отарға айналдыру жоспарын жүзеге асыра бастаған болса да, Қытай Азияның ең үлкен және құдіретті мемлекеті болып жатқан еді. Бірақ экономикалық және саяси артта қалушылық салдарында Қытай Батыс мемлекеттерінің жартылай отаршылығына айналды.

Пейзаж өнері – бейнелеу өнерде табиғатты көрсету жанры.

1. Манчжурлар бастығы Абахай қызметі туралы нелерді білесің?
2. Қытайдың XVII–XVIII ғасырлардағы басқыншылық саясаты туралы нелерді біліп алдыңдар?
3. XVIII ғасырдың 70 жылдарында Ресей – Қытай қатынастарының өзіне тән жақтары нелерден тұратын еді?
4. XVI–XVIII ғасырларда Қытай мәдениеті дамуының өзіне тән жақтары нелерден тұратын еді?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Консептуалды кесте негізінде XVI–XVIII ғасырларда Қытай дамуының өзіне тән жақтарын талқыландар.

Картадан пайдаланып, *XVI–XVIII ғасырлардағы Қытай шекараларын*а анықтық енгізіндер.

15-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ҮНДІСТАН

Бабурилер империясына негіз салынуы. XVI ғасырда Үндістан саяси бытыраңқылық жағдайында болып, өзара ішкі келіспеушілік және соғыстар мемлекетті әлсіретті. Үндістандағы ішкі саяси жағдайды ұқыпты-

http://eduportal.uz

лықпен бақылап тұрған Кабул билеушісі Захириддин Мұхаммед Бабыр оқиғадан пайдалануға шешім қабылдады және Үндістанды иелеу үшін әскери жорық бастады. Бұл дәуірде Солтүстік Үндістандағы Дели сұлтандығында ауғандардың лодилер әулетінен болған Ыбраһым Лоди үстемдік ететін.

Ол 1526 жыл 21 сәуірде Бабыр әскеріне қарсы болған панипат соғысында жеңіліске ұшырап, қайтыс болды.

Орта ғасырларда Үндістанда қайсы әулеттер үкім сүрген?

Дели сұлтандығында Бабыр таққа келді және бабурилер әулетіне негіз салды. Бабыр 1530 жылы қайтыс болғанға дейін Үндістанда үстемдік етті. Бабырдың өсиетіне қарай, таққа оның үлкен баласы Құмайын отырды. Бірақ Құмайынға қарсы бірлескен жергілікті ақсүйектер 1540 жылы оны тақтан құлатты. Соғыста жеңілген Құмайын Иран шахы Тақмасп I сарайынан баспана тапты. Үндістанда тақты ауғандардың сур тайпасы басшысы Шерхон иелеп алды. Құмайын ұзақ күрестерден соң 1555 жылы Делиді қайтарып алды, бірақ көп өтпей қайтыс болды. Таққа Құмайынның баласы Акбар келді. Ол Бабыр мұрагерлері арасында ең атақтысы, ұлы реформашы ретінде ат қалдырған. Бұл шах Үндістан тарихында «Ұлы Акбар» атымен аталады. Акбар 1556–1605 жылдарда Үндістанды басқарды. Ол да әскери, әрі дипломатиялық әдістердің көмегінде барша мұсылман бектері мен үнді рожаларын өзіне бойсұндырды.

Акбаршах реформалары. Акбаршахтың үстемдік жылдары империяның алтын дәуірі болды. Акбаршах орталықтанған мемлекет пен күшті үкіметті құру мақсатында империяны облыстарға ажыратып, оларға өз жәрдемшілерін тағайындады. Салық жүйесі де реформа жасалып, империя аумағында жеке сауда салығы енгізілді, әділ және жогирдарлар жерлерінен тең мөлшерде салық өндірілетін болды. Бүкіл империя үшін бірдей ұзындық және ауырлық өлшем бірліктері және Мырза Ұлықбек жүйесіне негізделген жеке күнтізбе енгізілді. Мемлекет бойлап сарайлар, архитектуралық ғимараттар мен бақтар құрылды. Ғылым-пән, өнер және диқаншылық дамыды. Жолдарды жөндеу, керуен сарайларды құру және теңіз жолдары арқылы Еуропа мемлекеттерімен сауда жұмыстары алып баруға үлкен назар аударды.

Реформалардың ішінде Акбарға ең үлкен абырой келтіргені діни реформа болды. Адамдар ислам, хиндиизм және басқа бірқатар діндерге

http://eduportal.uz

сыйынатын көп дінді Үндістанда Акбаршах діни аяусыздық саясатын алып барды.

Ол мемлекетті басқаруға мұсылмандармен бірге үнділерді де жұмылдырды, мұсылман болмағандардан алынатын жан салығы – **жизьяны** жойды, үнділердің зиярат жайларынан алынатын салықты да тыйын салды. Акбаршах өз мемлекетінде діни кеңпейілділік саясатын жүргізіп, үнділер арасында ислам дінінің таралуын ынталандырды және сол кезде, үнділердің әрбір кемсітілуін жоққа шығарды.

Ұлы Акбар

Акбаршах философия, дін, әдебиет және тарих ғылымын жақсы меңгерген білімді билеуші еді. Ол үнділермен мұсылмандардың тыныш-тату жасауларына қол жеткізді. Акбаршах жүргізген әділетті саясат Бабурилер мемлекетінің үлкен империяға айналуында, оның жергілікті халық және шенеуніктер тарапынан қолдауында үлкен рөл атқарды. Бұл, өз кезінде, империя құдіреті мен абыройының одан әрі артуына қызмет етті.

Акбаршах Үндістанда жүргізген әділетті саясатынан «Ұлттық патша», «Халық билеушісі» аттарына да ие болды. Ол 1605 жылы қайтыс болды.

- 1526 жылдың 21 сәуірінде ...
- 1530 жыл ...
- 1556–1605 жылдарда ...
- Акбаршах – ...

Акбаршахтың реформалары мұсылман ақсүйектері мен діни тақуалардың наразылығына себеп болды. Наразылардың арасында Акбаршахтың баласы, тақ мұрагері Жахонгир Мырза да бар еді. Ол таққа келуімен, атасының көптеген реформаларын жоққа шығарды.

Империя құлдырауының басталуы. Акбаршах мұрагерлерінің саясаты империяның экономикалық жағдайын ауырластырды. Мемлекет қазынасына түсімдер азайып кетті. Мұндай жағдайда империядан ажыралып шығу, айырмашылық көңіл-күйі күшейді. Нәтижеде, Бабырлар империясы құлдырауға бет бұрды. Мұндай жағдай, әсіресе, Шах Жаһанның баласы Аврангзеб Оламгир үстемдік еткен жылдарда (1658–1707) өрбіді. Өзара қанды қақтығыстар салдарында таққа келген Аврангзеб ыдырап

жатқан империяны сақтап қалудың жолы ретінде ислам діні ережелерді қатаң енгізуге кірісті. Мұсылман болмағандардан алынатын жизья салығын қайта тіктеді, үнділер үшін қалған барша салықтарды екі есеге арттырды, оларға өз мерекелерін атап өтуді тыйым салды, үнді храмдарын бұзып тастауды бұйырды. Нәтижеде, мемлекетті бойлап халық көтерілістері басталып кетті.

XVIII ғасыр бастарына келіп, империя ыдырай бастады. Армия өзінің алдыңғы құдіретін жоғалтты, жергілікті билеушілердің тәуелсіздігі асты. Осындай жағдайда Үндістанға алдын ирандықтар, соң ауғандар бастырып кіріп, мемлекетті тонады. Бабырлық билеушілердің үкіметі барған сайын әлсіреді. Мемлекет феодалдық бытыраңқылыққа қайтып, еуропалықтардың кіріп келуі үшін қолайлы жағдай жаратылды.

- 1658–1707 жылдарда ...

Еуропалықтардың Үндістанға кіріп келуі. Еуропа мемлекеттерінің мақсаты Үндістанның үлкен байлықтарына, өнімді жерлеріне ие болу еді. Бабурилер империясының құлдырауынан Еуропа билеушілері өз мақсаттарын жүзеге асыруға кірісті.

Себебі, 1757 жылы Ұлыбритания Бенгалияны басып алды. Бұл бай аумақ Ұлыбританияның кейінгі басқыншылық жоспарларын жүзеге асыруда тірек міндетін өтеді. Солай етіп Ұлыбританияның Үндістанды ақырын өз колониясына айналдыру дәуірі басталды. Бұл үдерісте Ұлыбританияның Ость-Индия компаниясы өте үлкен рөл атқарды. XVIII ғасыр соңына келіп, өзінің барша қарсыластарын жеңген Ость-Индия компаниясы бытыраңқы және әлсіз Үндістанды бойсұндыруда жектекшілік етті.

Мәдениет пен өнер. Бабурилер дәуірінде Үндістан ғылымы, мәдениеті мен өнері дамудың жаңа шыңдарын басып өтті. Үндістанда математика, медицина сияқты ғылымдар сол дәуір Еуропа пәнінен едәуір ілгерілеп кетті. Әдебиетте де өсу дәуірі басталды. Акбаршах сарайында үнді әдебиетінің «Махабхарата», «Рамаяна» сияқты атақты шығармалары аударма жасалды. Шығыс халықтарының ұлы ақыны, ұлы ойшыл ғалымы Мырза Абдулқадыр Бедил де сол дәуірде Үндістанда шығармашылықпен айналысты.

Бұл дәуір шығармашылары арасында екі ұлы үнді ақыны – Тулсидас пен Сурдас ажыралып тұрады. Тулсидас «Рамаяна» сюжеттері негізінде

http://eduportal.uz

XVIII ғасырда Үндістан

«Рамаяна ерліктері» атты өте үлкен поэма жаратты. Хикаят бойынша, тума көр болған Сурдас Кришнаның өмірі туралы жарқын поэмалар авторы еді.

Бабурилер дәуірі архитектурасы айбары, әшекейлердің байлығы, мұсылман сәулетшілігі және үнді сарай архитектурасы дәстүрлерінің

Тәжмахал

сәйкестігімен ажыралып тұрады. Бұл дәуірде құрылған архитектуралық ескерткіштердің ең атақтысы, дүниежүзі сәулетшілік өнерінің құнды інжу-маржандарының бірі Тәжмахал кесенесі. Оны Шах Жахон өзінің сүйікті әйелі Мумтоз Махалға арнап салдырған.

Солай етіп, бабурилер дәуірінде өз өркендеуінің жаңа басқышын басынан өткізген Үндістан XVIII ғасырдан бастап, ағылшындар отарына айнала бастады.

Мемлекеттегі экономикалық құлдырау, саяси бытыраңқылық және өзара соғыстар ағылшындардың Үндістанды басып алуы үшін мүмкіндік жаратты.

?!

1. *Үндістанда Бабурилер империясы қалайша орнатылды?*
2. *Акбаршах пен Аврангзебтің империяда жүргізген саясатын салыстыр, олардың ұқсастығы мен айырмашылық жақтарын табыңдар.*
3. *Бабурилер империясы әлсіздене басталуына себеп болған алғышарттарды белгіле.*
4. *Қандай алғышарттар еуропалықтардың Үндістанға кіріп келуі үшін мүмкіндік жаратты?*

http://eduportal.uz

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

«Бабырнаме» және «Құмайыннаме» шығармаларынан пайдаланып, «Бабурилер әулетінің дүниежүзі өркениетіне қосқан үлесі содан құралған, ...» тақырыбында эссе жазындар.

Интернет арқылы *Үндістанда бабурилер дәуіріне* виртуалды саяхат ұйымдастырындар және тақырыпта үйренілген материалдар негізінде тарихи шындықты талқыландар.

16-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ЖАПОНИЯ МЕН КОРЕЯ

Жапония Таяу Шығыста, Тынық мұхиты аралдарында орналасқан болып, оны «Күншығыс мемлекет» деп атайтын.

Жапонияда жер иеленушілік қатынастары қашан үзілді-кесілді қалыптасқан?

Орта ғасырлар барысында Қытай Жапония өркендеуіне жақсы әсер етті. Бұл әсер, әсіресе, мин әулеті билігі дәуірінде Қытай мәдениеті, суретшілігі, әдебиеті, сәулетшілік өнері, философиясы мен әскери саласында сезілерлі болды.

Саяси жүйе. XVI–XVIII ғасырларда Жапония халқы топтарға бөлінген болып, облыстарды феодалдар – даймёлар бақылайтын, олардың қолында дворян – самураилар қызмет ететін. Мемлекет басында ресми император тұрса-да, саяси билік іс-жүзінде әскери билеуші – сёгун қолында еді.

Токугава Иеясу

Бұл дәуірдегі ең қажетті саяси оқиға бүкіл Жапонияның орталықтанған жеке мемлекетке бірігуі болды.

Мемлекетті біріктіруде үш атақты тарихи тұлға: Ода Нобунага, Тойотоми Хидеоси және Токугава Иеясудың қызметтері шексіз болды. Олар бірге әскери армия құрып, мемлекетті азаматтар соғысы тұңғығынан алып шығуға қол

http://eduportal.uz

жеткізді. Олардан Токугава Иеясу 1603 жылы сиогун атағын қабылдады және Эдо (қазіргі Токио) қаласын астана етіп, үшінші сёгундыққа негіз салды. Бұл мемлекет Токугава сёгундығы деп аталды. Токугавалар Жапонияны біріктіру жұмысын аяқтап, оны 1867 жылға дейін басқарды. Мемлекетте токугава әулетінің абсолюттік үкіметі орнатылды. Бірақ бұл әулет жай ғана болса-да, император үкіметі мызғымастығын сақтап қалды. Себебі жапон халқы үшін император Құдайдың ұрпағы саналатын.

Өзін-өзі ажыратып қою. Ұлы географиялық өнертабыстардан кейін Жапонияда еуропалықтар пайда болып, христиан діні де тарала бастады. Еуропалық миссионерлер оны жапондар арасында белсенділікпен үгіттеді. Бірақ көпшілік миссионерлер дін пердесі астында жапон халықты қорқуға салуды, Жапонияның тәуелсіздігіне шек қойып, оны басып алуды мақсат етіп қойған еді. Жапонияда XVI ғасыр аяғында қабылданған заңға сәйкес, барша христиан миссионерлері мемлекеттен қуып жіберілді.

1614 жылы сёгун христиан дінін тыйым салатын заң шығарды. Заң христиан дінін мемлекет дұшпаны деп жариялады. Будда дінін құрмет етпейтін барша тұлғалардың Жапониядан шығып кетуі талап етілді. Солай етіп Еуропа отаршылары Жапониядан қуып жіберілді. Бұл жайт Жапонияның Еуропамен қатынастарына әсер етпей қалмады.

Нәтижеде, Жапония сыртқы дүниеден өзін өзі ажыратып қойды. Сегун өзін өзі ажыратып қою саясаты арқылы Жапонияның отарға айналып қалу қатерінің алдын алу мақсатын да көздеген еді.

- 1603 жылы ...
- 1867 жылы ...
- XVI ғасыр орталарындан ...
- 1614 жылы ...

1603 жылы Жапонияда үшінші сиогун әулеті – Токугава отбасының билігі басталды.

Юсимуне реформалары. Юсимуне токугава әулетінің ең атақты мемлекет қайраткері ретінде танылды. Ол токугава әулетінен шыққан сегізінші сиогун болып, 1716–1745 жылдары үстемдік етті. Юсимуне құры жерлерді меңгерудің есесіне диқаншылық жасайтындарды ынталандыру саясатын жүргізді. Суару ғимараттары жүйесін жетілдірді. Жерді сату, сатып алу яки кепілге қоюды тыятын заң шығарды. Мемлекет пен

http://eduportal.uz

қоғам өмірін тәртіпке сол жұмыста ол енгізілген «100 бапты Жарлық» деп аталатын заңдар жинағы үлкен маңызға ие болды.

XVI–XVIII ғасырларда Корея

Жапония шапқыншылығы. XVI ғасырда Кореяда орталықтанған мемлекеттің баяу әлсіреп кетуі көршілердің шапқыншылығына себеп болды. Әсіресе, оңтүстікте Жапония тарапынан қатер күшейді.

Қандай алғышарттар ежелгі Чосонның үш корольдігіне ажыралып кетуіне алып келді?

1592 жылы Жапония әскері Корея аумағына бастырып кірді де корей әскерлері қарсылығын жеңіп, Сеул, Пхеньянды иеледі. Мемлекеттің үлкен бөлігі жапон әскерлері тарапынан басып алынды. Олар тыныш халыққа аяусыз қатынаста болды.

Мемлекетте жапон басқыншыларына қарсы халық соғысы басталды. Басып алынған аймақтарда «Хақ жұмыс үшін» халық партизан топтары құрылды. Халық әскерлерінің әрекеттеріне Ли Сан Син қолбасшылығындағы корей флотының жеңістері жігерлендірілді. Ли Сан Син флоты жапон флотын талқандалды.

Елу мыңдық Қытай әскерінің жәрдемге келгендігі корейлердің жапондарға қарсы күресін жеңілдетті. 1593 жылы Қытай мен Кореяның бірлескен әскерлері Пхеньян мен Сеулді азат етті.

1592 жылы Жапония әскері Корея аумағына бастырып кірді.
1593 жылы Қытай мен Кореяның бірлескен әскерлері Пхеньян мен Сеулді азат етті.

Жапондар шапқыншылығы мемлекетте үлкен рухани және материалды жоғалтуларға алып келді. Жыртылатын жер майдандары кескін қысқарып кетті. Шенеуніктер арасында парақорлық пен қылмыскерлік, ал халық арасында ашаршылық пен оба тарай бастады. Мемлекет енді өзін тіктеп жатқан бір кезде, оған манчжурлардың шабуылы басталды.

Кореяға манчжурлардың бастырып кіруі. Қытайда өз билігін орнатуға ұмтылып жатқан манчжурлар 1627 жылы Кореяға бастырып кірді. Олар корей әскерінің қарсылығын жеңіп, көптеген қалаларды иелеп алды және тонады. Кореис үкіметі басқыншылармен келіссөздер жүргізді. Екі

http://eduportal.uz

тарап арасында қол қойылған тыныштық келісімшартына орай, Корея Қытайдың көмегімен және онымен одақтастық қатынастарынан бас тартуы керек еді.

Манчжур әскерлері Кореяға жаңа шабуыл бастады. Манчжурлар Сеулді иелеуге қол жеткізді. Лажсыз қалған Корея тізе бүкті. 1637 жылғы жаңа келісімшартқа орай, Корея королі өзін манчжурлардың вассалы деп тән алды. Кореис үкіметі миндер әулетімен әрбір қатынастарды тоқтату және манчжурларға Қытайға қарсы соғыста көмек беріп, әр жылы олпан (жер салығының бір түрі) төлеп тұру міндетін алды. Манчжурларға төленетін үлкен олпан жұтаған халыққа ауыр жүк болды және Кореяның жағдайын одан әрі ауырлатты.

Әлеуметтік өркендеу. Ауыр экономикалық және саяси құлдырау Корея билеушілерін мемлекетте реформалар өткізуге мәжбүр етті. Халықтың озық қабаты да үкіметті соған үндеп жатқан еді. Феодалдық қатынастардың тосқауыл болуына қарамай, мемлекетте жергілікті базарлар қалыптасты, жәрмеңке және ірі сауда орталықтары пайда болды, Қытай және Жапониямен сауда байланыстары кенейді.

Король Йонгжо (1725–1776) дәуірінде мемлекетті дамыту мақсатында реформа өткізілді. Тоғандар, су қоймалары құрылды, ашаршылық жағдайы үшін арнаулы астық қоймалары құрылды. Сондай-ақ, күріштен спиртті ішімдіктер даярлау тыю салынды және кейбір бір мемлекет салықтары жойылды яки азайтырылды. Сұрау өткізу кезінде қинаудың ең ауыр түрлері не (аяқтарды сындыру) тыйым салынды. Король Йонгжо дәуірде дақандардың үлкен жер иелеріне жеке тәуелділігін жою және құл әйелдің немересі азат адам болуы туралы декларация жарияланды. Әлсізденген феодалдық жүйені нығайтуға болған бұл талпыныстар 1785 жылы түзілген «Заңдардың ұлы жинағы» деп аталған құжатта өз шешімін тапты. Бірақ үлкен жер иелері мен шенеуніктер билігін нығайту мақсатында жасаған бұл сияқты аздап жақтасулар, мемлекеттегі бүкіл феодалдық жүйенің терең құлдырауын тоқтата алмады. Мемлекет күшті мемлекеттердің отаршылдық аумағына айналып барды.

Кабуки театры актерлері

Мәдениет және өнер. Жапондар өмірінде өнер жеке рөл атқарады. Әлемнің сәйкестігіні сезінуге

ұмтылу, айналадағы сұлулықты көре алу қабілеті жапондар характерінің өзіне тән жақтары болды.

XVI–XVIII ғасырларда ортада орналасқан бекініс айналасында жапон бағын жарату өнері дамыды. Көп қабатты, тамының ұшы қайрылған ғимараттар ұшып жүрген үлкен құсты еске түсіретін.

XVII ғасырда дәстүрлі жапон театры – **кабуки** (өлең, ойын, шеберлік) пайда болды. Бұл театр актерлер тек ерлер болып, олардың беттері күрделі әдісте грим жасалатын.

Жаңа дәуірде жапон поэзиясы да жоғары дәрежеге қол жеткізді. Поэзияның ең кең таралған жанры керек» деген көркем алғышарты негізінде жазылған. Бұл хокку жанры деп аталып, оның ең атақты қайраткері Масуо Басе еді.

Жаңа дәуірде Кореяда да біздегі бахшылық өнеріне ұқсас өлең айту кең таралды. Бұнымен халық ауыз әдебиеті әдебиет мақамын алды және жазба әдебиет ретінде де жалғастырылды.

Бейнелеу өнерде де халық шығармашылығы, кореис халқы өмірінен көріністерді бейнелеу дәстүрлері күшейді. Қытайдың пейзаж әдісі кіріп келді. Бұл «тау мен суды суреттеу» жанры болып, бұл жанрда шығармашылықпен айналысқан суретшілерден Чон Сон, Ли Мюнук, Ким Хондо сызған суреттер өте атақты еді.

Солай етіп, XVI–XVIII ғасырлар барысында Жапония бірігіп, жеке орталықтанған мемлекетке айналды, жалпыжапон ұлттық базары қалыптасты. Ішкі реформалар және көрегендік сыртқы саясат арқылы көпшілік Азия мемлекеттерінен ерекше түрде, өз тәуелсіздігін сақтап қалуға қол жеткізді.

Кореяда жүзеге асырылған реформалар бар жүйенің құлдырауын тоқтата алмады. Мемлекет Қытай, Жапония, Ресей және Еуропа мемлекеттерінің отаршылдық нысанына айналды.

Сюгун (*syo* – генерал, *gun* – әскер) – XVII–XIX ғасырларда Жапонияда үкіметті басқарған ақсүйектер тобы.

Кабуки (ағу, өзін алып қашу) – Жапонияда XVII ғасырдың аяғында кең таралған классикалық театр түрі. Онда драма, ойын және музыка элементтері іске асырылған, әйелдер рөлдерін де ерлер орындаған.

Самурай (*saburau* – қызмет ету) – феодалдық Жапонияда әскери-феодалдық қабат.

1. Ода Нобунаганың Жапония тарихындағы қызметіне баға беріңдер.

2. Тойотоми Хидеоси мен Токугава Йеясулардың Жапония алдындағы қызметтерін салыстырыңдар.

http://eduportal.uz

3. Қандай алғышарттар Жаңа дәуірде Кореяның күшсізденуіне алып келді?
4. Жапония және манчжурлар шапқыншылығы Корея экономикасы үшін қандай салдар келтірді?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Мәтіннен пайдаланып, Жапония мен Корея мемлекеттерінің Жаңа дәуірде қол жеткізген жетістік пен кемшіліктерін SWOT сызбасы негізінде талқылаңдар және дәптерлеріңе жазыңдар.

Тақырыпқа байланысты «Соңғы самурай» көркем фильмін көріңдер және қорытынды шығарыңдар.

17-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ОСМАНДАР ИМПЕРИЯСЫ

Империяның жетілуі. XVI ғасыр бастарында бүкіл империя облысқа, ал облыстар санжактарға (аудан) бөлінген еді. Облыстарды әулие, ал санжактарды санжоқбей басқаратын. Империяның негізгі тірегі оның әскері еді.

Османдар әулетінің негізін салушы Осман дәуірінде жүзеге асырылған реформаларды білесің бе?

Империя басып алған аумақтардағы диқаншылық жерлері мемлекет мүлкі деп жарияланды. Сұлтан бұл жерлерді өз **жауынгерлеріне** (атты әскер) әскери міндет орнына бөліп берді. Олардың мөлшері әр түрлі еді. Жауынгерлер солайша өз қожалықтарына ие болды. Олар өз жерлерін диқандарға жалға беретін. Сол кезде әскери әрекеттерде қатысу жауынгерлердің жауапкершілігіне, қажеттілік туғанда сұлтан жарлығын атқару санжоқбектерге жүктелген. Сондай-ақ олар өз жерінен алатын пайдасы мөлшеріне сай ретінде қарулы әскерлер де алып келуі шарт еді. Жауынгер шаруашылығының пайдасын жалшы диқаннан алынатын салық құрайтын. Бұдан тыс, империяның тұрақты жаяу әскері – **янчалар** (жаңа әскер), сондай-ақ күшті әскери теңіз флоты да бар еді. Бұл алғышарттар XVI ғасырда да Османдар империясына кең көлемде басқыншылық соғыстарын жүргізу мүмкіндігін берді. Бұл дәуірде Иран империяның Азиядағы ең ірі қарсыласына айналған еді.

http://eduportal.uz

XVII ғасырда Османдар империясы

Сұлтан Сәлім I 1514 жылы Иран шахы Ысмайыл Сафави әскерін талқандады. Бұл жеңіс сұлтанның Иран шахы одақтасы болған Мысыр сұлтандығына қарсы жорық бастауына жол ашты. Сұлтан Сәлім I алғаш Сирия мен Палестинаны басып алды. Ал **1517 жылы** Мысыр астанасы Каир қаласы иеленді.

Империя тек қана Азия мен Еуропада емес, Африкада да колонияларға ие болды. Империя аумағының кеңеюі ірі сауда жолдарының да Түркия бақылауында болуына алып келді. Бұл алғышарттар империя орталық үкіметінің және әскери құдіретінің одан әрі күшеюін қамтамасыз етті. Нәтижеде, Түркияның сауда бағытындағы халықаралық беделі Еуропа, Азия және Африка мемлекеттері арасында одан әрі артты.

Сұлтан Сәлім I

Ішкі жағдай. Империяның құдіреті тек сұлтандардың дана саясатынан аспай, бәлкім еңбекшілерді эксплуатация жасауды күшейттіру,

отар өлкелерден тасып әкелінген үлкен мөлшердегі байлықтардың есебіне де жоғарылады. Эксплаутацияның одан әрі күшеюінен қажыған диқандар қалаларға, тауларға қашып кете бастады. Сұлтан бұның алдын алу мақсатында жер иелеріне қашып кеткен диқандарды мәжбүрлі қайтарып алып келу құқын беретін арнаулы жарлық шығарды.

Диқандардың күйреуі және көптеп қашып кетуі XVI ғасыр орталарынан бастап ауыл шаруашылығының құлдырауына алып келді.

Солай етіп Түркия әскери құдіретінің әлсіздену дәуірі басталды. Батыс Еуропада орталықтанған мемлекеттер, күшті орталық билік құрылған бір жағдайда Түркия құлдырауға ұшырады.

1684 жылы Еуропа мемлекеттері Түркияға қарсы **«Қасиетті лига»** құрды.

XVI ғасыр аяғы – XVII ғасыр бастарында Түркия алдыңғыдай шабуылды құдіретке ие болмай қалды.

- **Вали** – бұл ...
- **Санжоқбей** – бұл ...
- **XVI ғасыр орталарындан бастап ...**
- **1684 жылы ...**

Еуропа мемлекеттеріне тәуелділіктің басталуы. Бара-бара Түркияда экономикалық дағдарыс дәуірі басталды. Мұндай жағдайда Түркия Еуропа мемлекеттерінің көмегіне таянуы қажет деп білді. Еуропа мемлекеттері саудагерлеріне бірқатар жеңілдіктер беріле басталды. Мәселен, Франция саудагерлері үшін не бары үш пайыз мөлшерінде кеден төлемі енгізілді. Нәтижеде, Түркия базарлары Еуропа тауарларына толып кетті. Бұл жергілікті қолөнершілікке қатты соққы берді. Сыртқы саясатта Түркия, бірінші кезекте, Ұлыбритания және Франциямен жақындаса бастады. Сұлтандардың пікірінше олар Ресейге қарсы күресте империяға одақтастар болуы керек еді. Ұлыбритания мен Франция үкіметтері де бар оқиғадан өз мүдделері жолында пайдаланып қалуға талпынды. Олардың көмегінен үміткер болған Түркия **XVIII ғасырда** Ресеймен бірнеше рет соғыстар алып барды, бірақ жеңілді. Жеңіліс Түркияда билік етіп тұрған Орта ғасыр қатынастарының құлдырауына себеп болды.

Әулие Чалаби

Ғылым, мәдениет пен өнер. XVII ғасырдан Еуропаның озық идеялары әсерінен ірі қалалар, негізінен, астана Стамбулда дүниелік ғылымдарды дамытуға әрекет басталады. Бұл дәуірде ұлы түрік ғалымы **Кошиб Чалаби**, математика мен астрономия саласында **Қызыр Халифа Тараби**, **Молда Мехмет Чалаби**, **Мұстафа Кошипзада** сияқты ғалымдар өнімді қызмет жүргізді.

Сол дәуірде түрік әдебиетінде де өзіне тән белсенділік байқалды, ірі шығармалар жазылды. Солардан **Әулие Чалабидің «Саяхатнаме»** шығармасы тарихи-этнографиялық дерек ретінде жеке маңызға ие.

Сәулет өнерінде де XVII ғасыр аяғы – XVIII ғасыр бастарында түсінерсіз, ұлтшылдықтан едәуір алыста болған аралас әдістер жаратылды. Дегенмен, XV–XVII ғасырларда түрік сәулетшілері ұлы тарихи ескерткіштерді жаратқан еді. Әсіресе, XVI ғасырдың ұлы сәулетшісі Синон өзінің ерекше ғимараттарымен түрік сәулетшілігі дамуына үлкен үлес қосты.

XVII ғасыр түрік сәулетшілігінің таңғажайып үлгілері ретінде сұлтанның Топқабы сарайындағы Бағдад және Равон павильондарын да айтып өтуіміз қажет. Бұл дәуірде нақыш өрнекші мен миниатюра өнері де жақсы дамыды. Суреткерлікте әшекей құралы ретінде, негізінен, миниатюра суреттерінен және жазулардан пайдаланатын еді.

Еуропа мәдениетінің әсеріне қарамай, Жаңа дәуірде түрік мәдениеті, негізінен, ұлтшылдық пен өзіне тәндікті сақтап қала алды. Бірақ империяда басталған саяси және экономикалық құлдырау мәдениет дамуына да әсер етпей қалмады.

Сөйтіп, Орта ғасырлардың құдіретті империясы болған Османдар мемлекеті Жаңа дәуірге келіп, кең мөлшерлі құлдырауды бастан өткізді. Бірқатар реформаларды жүзеге асыру үшін болған ұмтылуларға қарамай, мемлекет Батыс мемлекеттерінің жартылай отарына айналып барды.

Лига – одақ, бірлестік.

Империя – тілі, діні, мәдени дәстүрлері бір-бірінен өзгешеленетін түрлі халықтарды күшпен біріктірген мемлекет.

1. Османдар империясы тарихында XVI ғасыр қандай орынға ие?

2. Түркияның Еуропа мемлекеттеріне тәуелділігі қай тәрізде болды?

3. Түркиядағы Франция саудагерлеріне қандай жеңілдіктер берілді және не үшін солай болды?

4. XVIII ғасырда Түркия – Ресей қатынастары туралы нелерді біліп алдыңдар?

http://eduportal.uz

Интернет арқылы XVI–XVIII ғасырларда Түркия мемлекетіне виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар. Алған әсерлеріңді дәптерлеріне жазыңдар.

18-тақырып: XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ИРАН

Сафавилер әулеті билігінің орнатылуы. XV ғасыр аяғында Иран орталық үкіметке бойсұнбайтын бір қанша тәуелсіз аймақтарға бөлініп кеткен еді. Мұның салдарында өзара ішкі соғыстар өрбіді. Ал бұл мемлекеттің өркендеуіне үлкен кері әсер ете бастады. Нәтижеде, мемлекет әлсіреді. Иранның әлсіреуі Түркия шапқыншылығының қатерін күшейте түсті.

Иранда түзілген қайсы тәуелсіз мемлекет Алтын Ордамен Кавказартына иелік ету мәселесінде бәсекелестік ете бастаған?

Нәтижеде, Иранды жеке мемлекетке біріктіру өмірлік қажеттілікке айналып қалды. Бұл тарихи міндет қолбасшы, Иранда үлкен саяси беделге ие болған Ардебил қаласы әкімі Ысмайыл Сафави тарапынан жүзеге асырылды.

Ысмайыл I Сафави алып барған соғыстары нәтижесінде үлкен-үлкен аймақтарды иеледі, 1502 жылы Табриз қаласын басып алғаннан кейін, ол өзін шахтардың шахы деп жариялады. Солай етіп тарихқа «Сафавилер мемлекеті» атымен кірген мемлекет пайда болды. Мемлекет құрамы Ираннан тыс аймақтардың есебіне кеңейген. Астана етіп Табриз қаласы белгіленді. Ысмайыл I Сафави орталықтанған мемлекет құрып қана қалмай, оны өз дәуірінің құдіретті мемлекеттерінің біріне де айналдыра алды.

Ысмайыл I Сафави орталық үкіметті нығайту мақсатында жер иеленушіліктің **суюрғал** формасын дерлік бүткіл жойды. Оның орнына **тиюлбді** енгізді.

Бірақ бұл шара ірі жер-мүлік иелерінің орталыққа мойынсұнбаулыққа талпыныстарын тоқтата алмады.

Сафави билеушілер тынымсыз басқыншылық соғыстары алып барды. Сафавилер мемлекеті құрамына енген тәуелді өлкелер халықтарының азаттық күресі аяусыздықпен бастырылды.

Шах Аббас I билігі дәуірі. Аббас I дәуірінде (1587–1629) ең ірі жер-мүлік иелерінің тәуелсіздігі аяқталып, Сафавилер мемлекеті өз құдіретінің

http://adu.portal.kz

шыңына қол жеткізді. Бұл жер-мүлік иелері бір уақыттары сафавилерге үлкен көмек берген, мұның есесіне кейінгі шахтар дәуірінде өте үлкен-үлкен аймақтарға тәуелсіз иелік етіп келетін. Олар іс-жүзінде бұл тәуелсіз аймақтардың хандары еді.

Шах Аббос I

Аббас I мемлекет астанасын Табриз қаласынан **Исфаханға** көшірді. Мемлекет салық жүйесінде тәртіп орнатты және салықтар мөлшері азайттырылды. Сауда мен қолөнершілікті дамытуға жеке назар аударды. Жаңа-жаңа керуенсарайлар және сауда жолдары құрылды. Сауда керуендері қарақшыларға қарсы аяусыз күресті. Сыртқы саясатта кең көлемді сауда жолға қойылды. Бұл Иранның ішкі және сыртқы саудасы өсуіне алып келді. Жаңа-жаңа суару ғимараттары да құрылды. Бұдан тыс, Аббас I тұрақты әскер де құрды.

Экономикалық құлдыраудың басталуы. XVIII ғасырдан бастап Сафавилер мемлекетінде экономикалық құлдырау басталды. Бұған жер иеленушілігінің тиюль формасы мөлшерінің көбейіп барғандығы салдарында мемлекетке қарасты жер өлшемінің және мемлекет қазынасына түсетін пайданың азаюы себеп болды.

Мұның алдын алу үшін кейінгі билеушілер диқандар төлейтін салық мөлшерін асырды. Нәтижеде, диқан қожалықтары күйреді, саудагер мен қолөнершілердің жағдайы нашарлады, жан салығы (жизья) мөлшері де асырылды.

Сонымен, диқандар үшін жерді жалға алып күнелтіс жасаудан мүдде қалмады. Диқандардың күнелтісінде басқа жерлерге кетуден өзге лаждары жоқ еді. Бірақ шах Сұлтан Құсайын бұған жол бермеу үшін 1710 жылы диқандардың жерді тастап кетулерін тыйым салатын жарлық шығарды. Диқан шаруашылығының қирауы ішкі сауданың қатаң азаюына алып келді.

- XV ғасыр аяғында Иран ...
- 1710 жылы ...
- 1502 жылы ...
- Аббас I дәуірі ...

Ауғандардың шапқыншылығы. Экономикалық құлдырау, өз кезінде, халықтың түрлі топтары арасында наразылықтарды келтіріп шығарды.

http://eduportal.kz

Сол кезде ірі жер-мүлік иелерінің орталық үкіметке бойсұнбауы және басып алынған өлке халықтарының азаттық үшін күресі өрбіді.

Дегенмен, 1722 жылы ауғандар өз жетекшісі Мір Махмұт басшылығында әлсіреп қалған Иранға шабуыл жасады. Иран шахы Сұлтан Құсайын үкіметті Мір Мақмұтқа тапсыруға мәжбүр болды. Солай етіп Иран тарихында ауғандарға тәуелділік дәуірі басталды.

Надыршахтың билік басына келуі. Бұл дәуірде сафавилер әулеті билігі атына болса-да, әлі де жалғасатын. Ақырғы билеуші Тақмасп II іс-жүзінде ешқандай үкіметке ие емес еді. Мұның үстіне, онда халықты түрік және ауған басқыншыларына қарсы күреске шақыра алатын қабілет те жоқ еді. Осындай жағдайда Иранда батыл, үлкен қолбасылық қабілетіне ие Надыр Құлы күрес майданына шықты. Ол ауған әскерін бүткіл талқандап, Иранды ауған тәуелділігінен азат етті. Надыр Құлы Сафавилер мемлекетінің құрамына кіретін барша аймақтарда өз үкіметін орнатып, 1736 жылы барша тайпалар ақсүйектерінің құрылтайында өзін Иран шахы **Надиршах** деп жариялауға қол жеткізді. Солай етіп сафавилер әулетінің билігі бүткіл жойылды.

Нодиршах үлкен басқыншылық соғыстары нәтижесінде үлкен империя құрды. Бірақ ол **1747 жылы** өзара ішкі келіспеушіліктер нәтижесінде өлтірілді.

Қожарлар әулеті билігінің орнатылуы. Нодиршахтың апатынан кейін империя бірнеше бөліктерге бөлініп кетті. Иранда түрлі тайпалар ортасында тақ үшін күрес күшейді. Бұл күресте негізгі рөлді зенд және қожар тайпалары атқарды. Олар ортасындағы күрес **1758 жылы зенд тайпасы** жеңісімен аяқталды. Бұл тайпа өкілдері **1796 жылға** дейін үстемдік етті. 1796 жылы үкіметті **қожарлар** иелеп алды.

1722 жылы ауғандар өз жетекшісі Мір Махмұт басшылығында әлсіреп қалған Иранға шабуыл жасады.

Аббас I дәуірінде Сафавилер мемлекеті өз құдіретінің шыңына қол жеткізді.

Надыр Қули 1747 жылы өзара ішкі келіспеушіліктер нәтижесінде өлтірілді.

Солай етіп Иранда жаңа әулет – қожарлар әулеті билігі орнатылды. Мемлекет астанасы Тегеран қаласына көшірілді. Қожарлар басшысы Аға Мұхаммед өзін шахтардың шахы деп жариялады. Жаңа әулет Иранда **1925 жылға** дейін үстемдік етті.

http://eduportal.uz

Әдебиет, өнер және сәулетшілік. XVI–XVII ғасырларда да Иранның көне мәдени дәстүрлері жалғастырылды. Әсіресе, қала салу, практикалық өнер мен поэзияда дәстүрлер жалғастығы сақталып қалды. Бұл дәуірде ақындар **Хатоий** (Ысмайыл I Сафави), **Садықбек Афшар**, Сайып Табризи, күрд классикалық әдебиетінің жарқын қайраткері **Ахмет Хасани**, күрд ақыны **Мырза Шафиқ** және басқалар өнімді шығармашылық етті.

Хатоий

Бейнелеу өнері мен сәулетшілік жоғары дәрежеге көтерілді. Таңғажайып сарайлар, медресе және мешіттер құрылды. Бұлардың қатарында Исфаханда құрылған Шах мешіті, Шайых Лутфулла мешіті, Әлі Қара және Чехел Сатун сарай ансамбльдері өзінің әсемдігі және шеберлігімен ажыралып тұратын.

Бұл дәуір Иран миниатюрасы дүниежүзі классикалық көркем өнерінің ең жоғары үлгілерінен саналатын. Исфахан бұл өнер түрінің орталығына айналды. Миниатюра өнерінің дамуына Гераттағы Бегзат мектебі үлкен әсер көрсетті.

XVIII ғасырда да мәдени дәстүрлер жалғастырылды. Бірақ мемлекеттегі экономикалық құлдырау мен саяси бытыраңқылық әдебиет пен өнерде де өз шешімін тапты. Бұдан тыс, еуропалықтардың кіріп келе бастауы да ежелгі дәстүрлерге әсер етпей қалмады. Базар талабынан келіп шығып, кілем және басқа практикалық өнер бұйымдарын өндіруге назар күшейді. Бұл Иран мәдениетінің кейінгі ғасырлардағы өркендеу бағытын белгілеп берді.

Сөйтіп, тынымсыз өзара соғыстар, көтерілітер нәтижесінде XVIII ғасырға келіп, Иран әрі экономикалық, әрі саяси құлдырауға бет бұрды. Бұл мемлекетке Еуропа отаршыларының кіріп келуі үшін мүмкіндік жаратты. Күшсізденіп қалған Иран Еуропа мемлекеттері, бірінші орында Ұлыбритания мен Франция және патшалық Ресейінің отаршылдық нысанға айналды. Нәтижеде, Иран жоғарыдағы мемлекеттермен бірнеше тең болмаған келісімшарттарға қол қойып, олардың экономикалық және саяси экспанциясына кең жол ашып берді.

Тиюль – шенеуніктерге қызмет міндетін орындау мерзіміне, шах алдындағы жеке қызметі үшін уақытынша яки өмірбақи мерзімге берілетін жер-мүлік. Бірақ мұндай жерлерді мұра қалдыру мүмкін болмаған.

1. *Иранда сафавилер әулеті қай тәрізде орнатылды?*
2. *Сафавилер орталық үкіметті нығайту мақсатында қандай шараларды жүзеге асырған?*
3. *Надыршах қандай жағдайда билік басына келді және неге оның үкіметі ұзаққа созылмады?*
4. *Иранда қожарлар әулетінің билік басына келуі қай тәрізде болғанды туралы нелерді біліп алдыңдар?*

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Мәтіннен пайдаланып, дәптеріне *XVI–XVIII ғасырларда Иран тарихына* тиісті тарихи хронологияны дәуірлік бірізділікте түзіңдер.

19-тақырып. XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Африка тарихын өркениеттік тұрғыдан екіге – Шөлді Кабирден солтүстікке және оңтүстікке ажыратып үйрену жөн болады.

Солтүстік Африка. Материктің Шөлді Кабирден солтүстік бөлігінде Мысыр, Судан, Ливия, Израил, Тунис, Марокаш және Мавритания сияқты араб мемлекеттері орналасқан болып, олар VII ғасырдан бастап ислам діні мен мәдениеті әсерінде дамыды. XVI ғасырда көпшілік араб мемлекеттері османдар тарапынан басып алынды. Мамлюктер билігінде болған **Мысыр** да біріншілерден болып өз тәуелсіздігін жоғалтты. **1517 жылдың** басында Сәлім I армиясы Мысырдың астанасы Каирды иелеп, оны тонап қиратты.

Түріктердің шапқыншылығы мемлекеттегі бар әлеуметтік-экономикалық қатынастарға үлкен өзгеріс енгізбеді. Тек мамлюктердің саяси үкіметі аударылып, барша феодал және іс-жүзінде жартылай тәуелсіз мемлекет еді. Жергілікті басқару үкіметі толық мамлюк әмірлерінің қолында сақталып қалды. Түріктер мамлюктердің басқару шеберлігінен, жергілікті жағдайды, халықтың әдет-ғұрыптарын жақсы білуінен өз мүдделерінде пайдаланды.

Мысырда өндіру техникасы әлі өте қарапайым болса да, мануфактуралардағы ішкі еңбек бөлінісі өнімдердің көбеюіне алып келді. Нәтижеде, ішкі және сыртқы сауда тез дамыды. Мысыр Еуропа және көршілес Азия мемлекеттерімен қызу сауда қатынастарын алып барды. XVIII ғасыр соңына келіп, тек Каир қаласының өзін санағанда шет елдермен сауда жасайтын 5 мың саудагер қызмет жүргізеді.

http://eduportal.uz

XVIII ғасырдың 60 жылдарында басталған мамлюк ақсүйектерінің өзара соғыстары Мысырдың экономикалық жағдайына кері әсер көрсетті. Олардың өз бетімен болуы, диқан мен қолөнершілер үстінен жасаған залымдықтары мемлекетте наразылықты қатаң күшейттірді. Түрік билігі мен мамлюктердің зұлымына қарсы басталған халық әрекетіне Каирдегі әл-Азхар мешітінің танымал шайхтары басшылық етті. Олардың үндеуімен **1795 жыл** жазында каирлік қолөнерші және саудагерлер өз дүкендерін жапты. Мамлюк билеушілері шайхтармен келіссөздер бастауға мәжбүр болды және зорлық пен заңсыздықтарды тоқтатуға уәде берді.

1798 жылы Наполеон басшылығындағы француз әскерлері Мысырға бастырып кірді де Каирды басып алды. Әл-Азхр мешіті сол дәуірде басталған француз шапқыншылығына қарсы халық әрекетінің де орталығына айналды. 1800 жылы французбар Мысырды тастап кетуге мәжбүр болды.

XVI ғасыр басында испандар **Алжирға** бастырып кіріп, оның жаға бойы аумақтарын иелеп алды. Испандарға қарсы халық әрекетіне басшылық еткен қолбасшы Хайриддин көмек сұрап Түркияға қайрылды. Османдар сұлтаны Сәлім I Солтүстік Африкада орналасып алу үшін кезден пайдалануға талпынды және Хайриддинге бектер бегі (бейлербейі) атағын берді. Алжирға ірі яничалар корпусын, әскери кемелер, артиллерия және қаржылық көмек жөнелтті. Түріктердің көмегіне таянған Хайриддин бірін-кетін Алжир қалаларын испандардан азат етті. Алжир ресми Стамбулға бойсұнбаса да, мемлекет патшасы дерлік тәуелсіз саясат алып барды.

XVI ғасырдан **Ливияға да** еуропалықтардың кіріп келуі басталады. 1510 жылы Триполи испандар тарапынан басып алынды. Ливиялықтар да көмек сұрап сұлтан Сәлім I ге қайрылды. Мұсылмандарды азат ету ұранымен әрекет жасалған түріктер **1551 жылы** бүкіл Ливияны империяға қосып алды. XVIII ғасырдан бастап, Ливия атына ғана Стамбулға бойсұнып, тәуелсіз ішкі және сыртқы саясат алып барды.

XVI ғасырдан бастап, испандар және түріктер **Туниске** де қызығу білдірді. Нәтижеде, **1574 жылы** Тунис жиектеріне келіп түскен 40 мың адамдық түрік әскерлері бұл жерде де испандар билігіне қорытынды жасады.

Судан және Марокаш өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Марокаш Османдар империясы мен Еуропа мемлекеттерімен сауда келісімшарттарын түзіп, бұдан үлкен пайда алды. Мемлекет жақсы дамыды.

http://eduportal.uz

Батыс Африка. Европалықтар, негізінен, португалдар мен испандардың Батыс Африка аумақтарына кіріп келуі XV ғасырда басталды. **1434 жылдан 1482 жылға** дейін португалдар мен испандар Жасыл мүйістен Конго өзеніне дейін болған жаға аумақтарын үйреніп шықты. Португалиялықтар алғаш бұл жерден алтын алып кете бастады. Себебі бұл кезде Еуропа базарларында құлдарға оншалықты талап жоқ еді.

Адамзат тарихында құл иеленушілік қашан пайда болған еді?

Америка материгін міндетті түрде отарға айналдырудың басталуы және бұл жердегі жергілікті үндістердің түрлі себептермен қырылып кетуі нәтижесінде жұмысшы күшіне үлкен талап пайда болды. Бұл талап, әсіресе, плантациялы қожалық пайда болған аймақтарда өте күшті еді. Мұндай жұмысшы күшінің көзі, негізінен, Батыс Африканың жергілікті халқы болып, кейінгі бірнеше жүз жыл барысында бұл жерлер өте үлкен құл базарына айналдырылды.

XVI ғасырдың соңына дейін құл саудасымен тек португалдар шұғылданды. Олар Батыс Африка жиектерінде орналасып алып, ақырын Сенегал және Гамбия өзендерін бойлап материк ішіне кіріп барды. Бірақ бұл кең аймақтарда күшті мемлекеттер бар болып, португалиялықтар өздерін басқыншылардай тұта алмайтын. Сол себепті олар негізгі назарын Төменгі Гвинеяға, Атлантика мұхитының жаға бойы жерлеріне қаратты. Португалиялықтар жағаның бойларын төрт аймаққа ажыратып, бұл аймақтарды олардан алынатын негізгі тауардың атымен атады. Қазіргі Солтүстік Либерияның жиектері Қалампыр жиегі, Піл Сүйегі жиегі, Ал-

Баату халықтарының жерге өңдеу беру процесі

http://eduportal.uz

тын жағалау, Волта және Нигер өзендерінің аралығы Құл жиегі деп аталған.

XVI ғасыр соңына келіп, Американың Испания, Ұлыбритания мен Франция колонияларына айналдырылған барша аумақтарында плантация шаруашылығы кең дамытылды. Нәтижеде, құлдардың еңбегіне талап та артып кетті. Африкадағы жұмысшы күші базарын иелеу үшін Еуропа мемлекеттері ортасында күшті күрес басталды. Бұл күрес салдарында Африка халқы өте үлкен зиян көрді.

XVII ғасырдан құл саудасында жетекшілік етуді голландтар өз қолына алды да Америкадағы испан колонияларына африкалық құлдарды олар жеткізіп берді. Бірақ құлдар базарында Голландияның билігі де ұзаққа созылмады. XVII ғасырдың екінші жартысынан отар базарларын иелену үшін күреске Ұлыбритания мен Франция қосылды. Ағылшын және француз плантаторлары өз қожалықтарының кеңеюінен құлдардың еңбек базарын өздері иелеуге, өз тауарларына алтын, күміспен ақы алатын португалдық және голланд саудагерлерінің қызметінен бас тартуға әрекет жасады. Құл саудасына, сондай-ақ Швеция, Дания, Бранденбург сияқты мемлекеттер де қосылды. Еуропаның күшті мемлекеттері ортасындағы бәсекелестік күресі XVII ғасырдың екінші жартысы және бүкіл XVIII ғасыр барысында жалғасты. Бұл күрес майданы Африка континенті, әсіресе, Батыс және Орталық Африка болды.

Құл саудасы онымен айналысатындарға және саудагерлерге өте үлкен пайда келтірді. Еуропа және Америкадағы Бристол, Ливерпуль, Манчестер, Лондон, Нант, Руан, Амстердам, Нью-Йорк, Жаңа Орлеан, Рио-де-Жанейро сияқты көптеген қалалардың жедел дамуы мен гүлденуі құл саудасынан келетін пайдамен байланысты еді.

XVI–XVIII ғасырларда еуропалық құлдарлар Америкаға **15–16 миллион** құл алып келді. Арабтар да мұсылман мемлекеттеріне шамамен сонша құл жеткізіп берген. Құлдардың көпшілігі оларды тұту және тасып кету үдерісінде қайтыс болатын. Бір ғана Атлантика мұхиты арқылы жүзеге асырылған құл саудасы үдерісінде **60–70 миллион** африкалықтар қайтыс болды.

Құл саудасы Африка халқының табиғи дамуын тоқтатып қана қоймай, африкалықтар қоғамын өзгеше даму жолына да бұрып жіберді. Құл саудасы африкалықтар қоғамында мүліктік және әлеуметтік теңсіздікті күшейттірді, тайпалық жүйенің бұзылуына, тайпа ақсақалдары арасынан құл иеленулір қабатының қалыптасуына алып келді. Құл саудасы Африка халықтарының күшсізденуіне, бір-біріне сенімсіздік және өш-

пенділіктің асуына себеп болды. Құл саудасы Африканың қажуын құртуы нәтижесінде орнына Еуропа мен Америка мемлекеттерінің экономикалық гүлденуі үшін қызмет етті.

- 1517 жылы ...
- 1551 жылы ...
- 1795 жылы ...
- 15–16 миллион ...

Құл саудасының Африка үшін ең ауыр салдарынан бірі психологиялық жағдай болды: адам өмірі бағасыздану, құл иеленушілер мен құлдардың қадірін кетіру басталды. Құлшылықтың ең адамгершілікке қарсы көрінісі – нәсілшілдік идеологиясы қалыптасты. Еуропалықтар Африканы басып алу және колонияларға бөліп алуындағы өздерінің адамгершілікке қарсы және тәртіпсіз әрекеттерін ақтау үшін бұл идеология шеберлікпен пайдаланды.

1798 жылы Наполеон басшылығындағы француз әскерлері Мысырға бастырып кірді.

Атлантика мұхиты арқылы жүзеге асырылған құл саудасы үдерісінде **60–70 миллион** африкалықтар қайтыс болды.

XVI–XVIII ғасырларда Солтүстік Африка мемлекеттері Османдар империясы құрамына қосылды. Бұл аймаққа еуропалықтар әсерін азайтып, жергілікті араб халықтарының ислам өркениеті шеңберінде өзіне тән тәуелсіз дамуы үшін мүмкіндік жаратты.

Батыс Африкаға еуропалықтардың кіріп келуі материк табиғи байлықтарының жедел меңгерілуіне, құлшылық және құл саудасының дамуына алып келді. Құл саудасы африкалықтар тарихында өте қайғылы із қалдырды.

Мамлюк – Орта ғасырларда Мысырда бар болған әскерилер тобы. Олар, негізінен, кавказдық және түркі халықтар өкілдерінен тұратын өспірім құлдардан қалыптасқан.

Нәсілшілдік – барша нәсілдердің тең еместігі, халықтардың тарихы мен мәдениетіне нәсілшілдік айырмашылықтардың шешуші әсер етуі туралы идеологиялық көзқарастар жиындысы.

?!

1. *Мысырдың османдар тарапынан жаулап алынуы бұл жердегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарда қандай өзгерістерге алып келді?*
2. *Батыс Африкаға еуропалықтардың кіріп келуі қашан басталды?*
3. *Еуропалықтарда құл саудасына талап қашан пайда болды?*
4. *Құл саудасы африкалықтар үшін қандай салдарға алып келді?*

http://eduportal.uz

IV БӨЛІМ. 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ЕУРОПА МЕН АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

20-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ҰЛЫБРИТАНИЯ

Өнеркәсіптің дамуы. Бұл дәуірде Ұлыбританияда өнеркәсіп тез дамыды. Тоқымашылық, металлургия, машина жасау, кен өнеркәсібі жетекші орнын иеледі.

Ұлыбритания тарихында «Қызыл және ақ құлдар» соғысы қашан болып өткен?

Машиналасқан өндіру салдарында 1816 жылы Ұлыбританияда машиналар 150 млн адамның қол еңбегіне тең жұмысты орындайтын. Дегенмен, бұл дәуірде Ұлыбритания халқы 12 млн адамды құрайтын.

XIX ғасырда машина жасауда әр түрлі станоктардың (станок) жаратылуы өндіруде төңкеріске тең өнертабыс болды. Станок жасаудың дамуы металды қайта өңдеу мүмкіндігін берді. Болашақта бір машина көмегінде басқа тағы бір машина жасалатын болды.

Өнеркәсіп өркениеті көлігінің жаңа түрі пайда болды. Мұның жаңғырығы ретінде, **1825 жылы** Ұлыбританияда **дүниеде алғашқы теміржол**

http://eduportal.uz

Өнеркәсіп төңкерісі дәуіріндегі Англия

құрылды. Бұл оқиға мемлекеттің түрлі аймақтарды бір-бірімен тұтастырды және жүк тасудың арзандауын қамтамасыз етті. Сол кезде ішкі базар кеңейді. Нәтижеде, зауыт пен фабрика иелері көбірек өнім өндіре бастады.

Теміржол құрылысының басталуы, өз кезінде, шойын, темір мен полатқа болған талапты асырып жіберді. Өнеркәсіптің жаңа тармағы – паровоз жасау пайда болды. Бұл құдіретті сауда мен әскери теңіз флоты құруға мүмкіндік жаратты.

XIX ғасыр адамзат тарихына бу машиналарының қолданылу ғасыры болып кірді. Мемлекет өміріндегі бұл өзгерістер Ұлыбританияның «теңіздер билеушісі» беделін одан әрі нығайтты. Сол дәуірде ауыл шаруашылығында да машиналар мен химиялық тыңайтқыштардан пайдалану басталды. Үлкен-шағын өнеркәсіп кәсіпорындарын құру жалғасты. Теміржолдар мен ірі өнеркәсіп кәсіпорындары құрылысы үлкен қаржы талап ететін. Бұл коммерциялық банктерінің құдіретін одан әрі арттырды. Олар енді халықаралық деңгейде де қызмет ете бастады.

Мемлекетте өнеркәсіп өндіруінің концентрациялануы болды. Дүние тарихында бірінші рет мемлекет экономикасында жетекшілік ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке өтті. Ұлыбритания дүниенің бірінші өнеркәсіптенген мемлекетіне айналды.

Өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы. XIX ғасырдың 40 жылдарына келіп, өнердің күркіреп дамуы мен ғылым өркениеті жаңа бір оқиға – өнеркәсіп төңкерісінің аяқталған жұмысына алып келді. Өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы дегенде, бір машина көмегінде басқа машинаның жасалуы басталғандығы түсініледі. Ұлыбританияда бұл оқиға XIX ғасырдың 40 жылдарында болды. Өнеркәсіпте бу машинасы негізгі күш болып қалды. Таскөмір жанармайдың ең қажетті түріне айналды.

Парламент реформасы. 1825 жылы Ұлыбритания парламенті жұмыс тастауды тыйым салатын заң қабылдады. Бұл заң жұмысшылары арасында күрт наразылықты келтіріп шығарды. Нәтижеде, парламент реформасы өткізу мәселесі қажетке айналды. Нәтижеде, 1832 жылы парламент реформасы өткізіліп, сайлау тәртібі өзгертірілді.

- XIX ғасырдың 40 жылдары ...
- 1816 жылы ...
- Өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы ...
- 1825 жылы ...

http://eduportal.uz

Англияда балалар еңбегі (1815–1848 жылдар)

Оған байланысты, ірі өнеркәсіп орталықтарына парламенттен 144 жай ажыратып берілді. Солай етіп өнеркәсіп буржуазиясы енді саяси тұрғыдан да өз билігін нығайтты. Реформа нәтижесінде парламент төменгі палатасының мемлекет саяси өміріндегі рөлі асты. Ол мемлекет бюджетін бақылау құқын өзінде сақтап қалды. Ұлыбритания үкіметінің тек төменгі палата алдында жауапкерлігі белгілеп қойылды. Төменгі палата үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда, үкіметтің қызметтен кетуі мәжбүр етіп қойылды.

Реформадан соң сайланған жаңа парламент 13 жасқа дейін болған балалар үшін 8 сағаттық жұмыс уақыты белгіленді. 9 жасқа дейін болған балалардың еңбек етуіне тыйым салынды.

Парламент реформасы мемлекетте сайлау құқы үшін күресті толық тоқтата алмады.

1836 жылы Лондон қаласында жұмысшылардың «Жалпы сайлау құқы үшін күрес жұмысшы ассоциациясы» түзілді. Ол сайлау құқын кеңейттіру мәселесінде 12 жыл барысында парламентке үш рет **хартия (chartiya)** – грамота тапсырды. Барлық ерлерге жалпы сайлау құқы берілуі үшін басталған әрекет тарихқа **«чартистер әрекеті»** атымен кірді.

Бұл әрекет тіпті жеңілген болса-да, кейінгі парламент реформаларына өз әсерін көрсетпей қалмады.

1867 жылы екінші парламент реформасы өткізілді. Оған орай, қалаларда өз үйіне ие болған және жеке үйлерде тұратын барша ерлерге сайлау құқы берілді.

Сыртқы саясат. XIX ғасырдың 50 жылдары Ұлыбритания өнердің даму дәрежесі, сауданың көлемі мен теңіздегі құдіреті тұрғысынан дүниенің ең құдіретті мемлекетіне айналды.

1825 жылы Ұлыбританияда дүниедегі алғашқы теміржол құрылды.

XIX ғасырдың 40 жылдарында Ұлыбританияда өнеркәсіп төңкерісі аяқталды.

1836 жылы Лондон қаласында жұмысшылардың «Жалпы сайлау құқы үшін күрес жұмысшы ассоциациясы» құрылды.

Бұл құдірет оған отарлары үстінен билікті одан әрі нығайту және оларды кеңейттіру мүмкіндігін берді. Ағылшын үкіметі дүниенің стратегиялық тұрғыдан қажетті аймақтарда құдіретті әскери-теңіз базалары құруға және тірек аймақтарды иеленуге жеке назар аударды.

Ұлыбритания XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысы барысында теңіз бен мұхиттар арқылы өтетін дүниежүзі жолдарында бірқатар тірек пункттерін басып алды. Міне, сол әскери базаларға және өз әскери флотының өте үлкен үстемдігіне таянып, Ұлыбритания XIX ғасырдың орталарында ең ірі отаршыл мемлекетке айналды. Ұлыбритания отарлары ішінде ең ірісі болған Үндістанда 300 млн. халық болып, Ұлыбританиядағыға қарағанда шамамен 10 есе көп еді.

«Ақ отаршылдар». Ұлыбритания өз отаршылдық саясатында «ақ колонияларға» үлкен назар аударылды. Америка, Африка және Австралияға Ұлыбритания мен Еуропаның басқа мемлекеттерінен көшіп барған адамдар игерген аймақтар «Ақ колониялар» деп аталатын. Канада, Австралия, Жаңа Зеландия міне, сондай отаршылар еді. Сол кезде бұл отаршылар өзін-өзі басқару үшін күрес алып барды. Бұл күрес, әсіресе, Канадада қарқынды болды. Нәтижеде, Ұлыбритания 1867 жылы Канадаға даминион атағын беруге мәжбүр болды.

XIX ғасыр көп тұрғыдан Ұлыбритания ғасыры болды. Бұл жерде бірінші болып құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамы негіздері жаратылды. Ғылым мен техника өркениеті өнеркәсіп төңкерісіне алып

http://eduportal.uz

келді және Ұлыбритания «дүние шеберханасына» айналды. Тоқтаусыз соғыстар алып барған ағылшындар Жер жүзі халқының ширек бөлігін біріктірген үлкен империяны жаратты.

Қызметтен кету (тапсырмадан шеттелу) – мансап міндетінен кету.

Концентрация (бірге, орталық) – бірер нәрсенің белгілі бір жерде жиналуы.

Даминиондық – өзін-өзі басқаратын тәуелді жер, өлке.

1. Ұлыбританияда өнеркәсіп дамуы мен оның салдары туралы нелерді біліп алдыңдар?
2. «Өнеркәсіп төңкерісі аяқталды» деген сөздің мазмұнын сипаттап беріңдер.
3. Ұлыбританияда парламент реформасы үшін алып барылған күрес қандай аяқталды?
4. Ұлыбританияның ең ірі отаршыл мемлекет болғандығына мысалдар келтір.

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Тақырып мәтінін «Инсерт» кестесі негізінде талқыландар және екі бөлімді күнделік түзіндер.

Интернет арқылы *XIX ғасырда Ұлыбритания мемлекетіне* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар. Алған әсерлеріңді дәптерлеріне жазып қойыңдар.

21-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ФРАНЦИЯ

Франция Бірінші империя (1804–1814). 1799 жылғы мемлекет төңкерісінен кейін Наполеон Бірінші консул лауазымын иеледі. Кейін өмірлік консулдыққа сайланды. 1804 жылы Сенат оны «Француздар императоры Наполеон I» деп жариялады. Солай етіп, Франция монархия қайта тіктелді. Бірақ бұл монархия ақсүйектерге емес, буржуазияға қызмет ететін еді.

Франция қашан топтық монархия, яғни топ өкілдері жиынына таянатын, орталықтанған мемлекет қалыптаса бастады?

Бірінші империя дәуірінде Наполеон соғыстары нәтижесінде империя аумақтары кеңейді. **1805 жылы Аустерлис соғысында** Наполеон,

http://eduportal.uz

Аустерлис соғысы

негізінен, Ресей және Австрия әскерінен құралған бірлескен армияның үстінен шешуші жеңіске қол жеткізді. Соғыста Наполеонға қарсы Ресей және Австрия императорлары Александр I және Франс II қатысты.

Өз жеңістерінен рухтанған Наполеон енді Ұлыбританияға «материк бекінісін» жариялады. Оған көре, Наполеонға тәуелді барша мемлекеттердің Ұлыбританиямен сауда жасауы тыйым салынды. Наполеонның мақсаты сол жолмен Ұлыбританияны бойсұндыру еді.

Ресей де 1807 жылы Наполеонмен тыныштық және одақ туралы Тилзит келісімшартына қол қойып, Францияның Еуропадағы барша жеңістерін тән алды. Келісімшартқа сәйкес, Ресейге Ұлыбританиямен байланысты үзу және материк бекінісіне қосылу міндеті жүктелді.

Бірақ Наполеон Ұлыбританияға қарсы материк бекінісінен көзделген мақсатына қол жеткізе алмады. Халық тынымсыз соғыстардан шаршады, мемлекетте наразылық, басып алынған аймақтарда ұлт-азаттық әрекеті күшейді.

Наполеонға бұл наразылықтарды бастыру үшін үлкен бір жеңімпаз соғыс керек еді. Соның үшін де ол Ресейге қарсы соғыс бастап, онда жеңіске жетуді жоспарлады.

- 1799 жылы ...
- Бірінші империя дәуірі – бұл ...
- 1804 жылы ...
- 1825 жылы ...

Ресейге қарсы соғыс. 1812 жылы Наполеон Ресейге қарсы соғыс бастады. Соғыс Ресей тарихына «Отан соғысы» атымен кірді. 1812 жыл 7 қыркүйекте екі мемлекет әскері арасындағы шешуші ұрыс Мәскеу маңындағы Бородино ауылында болып өтті. Бородино соғысында әр екі жақта да көптеген құрбандар болды. Наполеон Мәскеуді иеледі. Бірақ Наполеон армиясында тәртіп жоғалып, әскерлер жаппай тонаушылықпен шұғылдана бастады. Армияда жауынгерлік рух жоғалды.

Наполеон Мәскеуді тастап шығуға мәжбүр болды. М.И. Кутузов басшылығындағы Ресей армиясы шегініп французларды қуғындап, оларға үлкен шығын келтірді.

Империяның құлауы. Еуропа мемлекеттері әскерлерінен құралған қарулы күштермен Наполеон армиясы ортасындағы шешуші ұрыс 1813 жылы Лейпциг астанасында болып өтті. «Халықтар соғысы» деп ат алған бұл соғыста Наполеон әскері талқандалды.

1814 жылы одақтас мемлекеттер армиясы Париж қаласына кіріп келді. Наполеон тақтан бас тартуға мәжбүр болды. Одақтастар оны Эльба аралына қуғындады. Солай етіп империя құлады.

Одақтас мемлекеттер Францияда бурбондар әулеті үкіметін тіктеуге шешім қабылдады. Төңкеріс жылдары өлтірілген король Людовик XVI ның інісі Людовик XVIII Сенаттың шешімімен таққа отырғызылды. Одақтастар Франциямен бітім келісімшартына қол қойды. Соған орай, Франция Наполеон дәуірінде басып алған барша аймақтардан құр қалдырылды.

Ватерлоо соғысы. Сол кезде Францияда ішкі жағдай күрделеніп кетті. Бұған ескі ақсүйектердің феодалдық тәртіптер мен абсолюттік монархияны тіктеуді, сондай-ақ қолдарынан кеткен мал-мүліктерін қайтарып беруді талап ететін себеп болды. Наполеон дәуірінен байыған жаңа ақсүйектер мен армиядан босатылған офицерлер де мемлекеттегі жағдайдан наразы еді.

Оқиғадан қуғындағы Наполеон пайдаланып қалуға шешім қабылдады. Ол 1815 жыл наурыз айында Эльбадан Францияның оңтүстігіне жетіп келді. Король Людовик XVIII ның Наполеонға қарсы жіберген 30 мың адамдық әскері де Наполеон жағына өтіп кетті. Наполеон Париж қаласын иелеп, тағы таққа отырды. Бірақ ол бұл кез үкіметті неба-

http://eduportal.uz

Ватерлоо соғысы

ры 100 күн басқарды. Одақтас мемлекеттер (Ұлыбритания, Голландия және Пруссия) өте үлкен армияны Наполеонға қарсы қойды. Екі арада **1815 жыл Ватерлоо** ауылында (қазіргі Бельгия мемлекеті аумағында) шешуші соғыс болып өтті. Ол тарихқа **«Ватерлоо соғысы»** атымен кірді. Соғыста Наполеон әскері бүтіндей қиратылды. Екінші рет тақтан бас тартқан Наполеон енді ұзақ Қасиетті Елена аралына қуғындалды да ол сол жерде 1821 жылы қайтыс болды. Францияда Бурбондар үкіметі қайта тіктелді.

Вена конгресі. Жеңіске жеткен мемлекеттер Конгресс шақырды. Бұл Конгресс 1814–1815 жылдарда Австрияның астанасы Вена қаласында болып өтті. Конгресстің негізгі мақсаты – Еуропаны жеңімпаз мемлекеттер мүдделері жолында қайта бөлуден тұратын еді. Конгресстің қорытынды құжатына сәйкес, Франция аумағы өзінің 1789 жылғы шекарасына дейін қысқартырылды. Еуропада Ұлыбритания мен Ресейдің әсері күшейді.

1812 жылдың 7 қыркүйегінде Бородино соғысы болып өтті.

1813 жылы Лейпциг астанасында «Халықтар соғысы» болып өтті.
1821 жылы Наполеон қайтыс болды.

Сол кезде Вена конгресі негр құлдар саудасын қуғындаушы **декларация** да қабылдады.

«Қасиетті одақ». Еуропада болашақта болуы мүмкін болған төңкерістерге қарсы бірге күресу мақсатында 1815 жылы Вена конгресінде үш мемлекет – Ресей, Австрия және Пруссия монархтары одақ құрды. Ол тарихқа «Қасиетті одақ» атымен енді.

Францияда Шілде монархиясы. Екінші империяның орнатылуы. 1824 жылы Людовик XVIII қайтыс болды. Тақты інісі Карл X иеледі. Ол өз үкіметін одан әрі нығайтуға ұмтылды, 1830 жылы мемлекет парламентін таратып жіберді және азаматтар сайлау құқықтарының одан әрі шектелуін хабарлады. Ал бұл Париж қаласында төңкеріс басталуына алып келді. Оның қатысушылары буржуазия, жұмысшылар, қолөнерші және студенттер болды. Төңкерістің мақсаты Францияда республика жүйесін орнату еді.

Франция королі Карл X төңкерістен шошып шетелге қашып кетті. Билік ірі буржуазия – банкирлер, ірі өнеркәсіпшілер мен үлкен жер иелері қолына өтті. Олар бурбондардың туысы Луи Филипті таққа отырғызып, сол жолмен монархияны сақтап қалды. Бұл оқиға 1830 жыл шілде айында болғандығынан тарихқа «Шілде монархиясы» атымен кірді. Оның дәуірінде жаңа Конституция қабылданды. **Конституцияда** сөз, баспасөз, жиындар өткізу еркіндіктері жарияланды. Сайлаушылар үшін жас және мүлік ценздері азайтырылды.

Бірақ жұмысшылар мен дихандардың жағдайы ауыр халде қалды. Олар тарапынан басталған бірнеше көтеріліс аяусыз бастырылды.

- 1815 жылы ...
- 1824 жылы ...
- Шілде монархиясы – бұл ...

1848 жыл төңкерісі. 1846 жылы Францияда қыс өте суық келіп, күзгі астық кирады. Нәтижеде, азық-түлік өнімдері, бірінші кезекте, нанның бағасы артып кетті.

Бұл да жетпегендей, аязды қыс нәтижесінде тұт ағаштарын суық ұрды, піллә өсіруші тоқымашылық өнеркәсібі құлдырауға ұшырады және жұмыссыздықты құрады.

http://eduportal.uz

Мұндай жағдай өндірудің қатаң азаюына, ақшаның құнсыздануына алып келді. Кәсіпорындардың жабылуы яки жұмысшы орындарының қысқартырылуы нәтижесінде жұмыссыздық артып барды. Бұлардың барлығы төңкерістің пайда болуына жағдай жаратты.

Сонымен, 1848 жыл ақпан айында Франция тарихында тағы бір төңкеріс болды.

Қысқа уақыт ішінде Париж қаласындағы барша қажетті жерлер, мекемелер көтерілісшілер қолына өтті. Король Луи Филипп тақтан бас тартып, Ұлыбританияға қашып кетті. Көтерілісшілер король сарайыны иелеп, оның тағын өртеп жіберді.

Солай етіп 1848 жыл ақпан төңкерісі нәтижесінде Шілде монархиясы құлады. 25 ақпан күні Франция Республика деп жарияланды. Бұл Франция тарихындағы екінші республика еді. Франция парламенті уақытыншалық үкімет құрды.

Жаңа үкімет баспасөз, көтерілістер өткізу еркіндік жариялады. Сондай-ақ 21 жасқа толған барша ерлерге сайлау құқы берілді.

1846 жылы Францияда қыс өте суық келіп, күзгі астық қирады.
1848 жыл 25 ақпан күні Франция Республика деп жарияланды.

Екінші империя. Мемлекетте тәртіп орнатуға дейін билік қажет еді. Сол арқылы үстем топтар үлкен өкілеттілікке ие президенттік лауазымын енгізуге шешім қабылдады.

1848 жылдың желтоқсан айында Наполеон Бонапарттың жиені Луи Наполеон Бонапарт Франция Президенті етіп сайланды. Оның түпкі мақсаты Франция империясын қайта тіктеу еді.

1852 жыл 2 желтоқсанда ол өзін Наполеон III атымен Франция императоры деп жариялады. Солай етіп Францияда Екінші империя орнатылды. Наполеон III «Империя – бұл тыныш-татулық», деп айтқан болсада, Франция бірнеше сыртқы соғыстарды алып барды. Бұл соғыстардың бірінде жеңіліп, Екінші империя құлады.

XIX ғасырда ешбір халық французбардай көп соғыстарда қатыспады, басқа бірер еуропалық ұлт французбардай көп төңкерісті жүзеге асырмады. Нәтижеде, XIX ғасыр соңына келіп, Франция дүниенің ең құдіретті мемлекеттері қатарына кірсе де, төңкерістер мен соғыстардағы өте үлкен жоғалтулардан даму қарқындары барған сайын төмендеп бара жатқан еді.

http://eduportal.uz

Контрибуция – соғыста жеткізілген зиян орнын қаптау үшін жеңілген мемлекет тарапынан төленетін төлем.

Сенз – азаматтардың сайлау құқынан пайдалануларын шектейтін шарттар. Олар мүлік, жас, жынысы мен басқа цензбер болуы мүмкін.

1. Францияда Бірінші империя қай тәрізде пайда болды?
2. Вена конгресінде қандай мәселелер шешілді?
3. 1848 жыл ақпан төңкерісі және оның салдары туралы нелерді біліп алдыңдар?
4. Францияда Екінші империя қай тәрізде орнатылды?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

«Бірінші империяның күйреуі себептері» тақырыбында эссе жазыңдар.

Францияда Бірінші және Екінші империяның ұнамды және ұнамсыз жақтарын Т-сызба негізінде талқыландар және дәптерлеріне жаз.

22-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ИТАЛИЯ

Германияда төңкерістің келіп шығу себептері. Германия төңкерісінің негізгі себебі – Орта ғасыр феодалдық тәртіптердің капиталистік өркендеуге бөгет болып келе жатқандығы еді. Мұның нәтижесінде Германияда әлі де саяси бытыраңқылық үкім сүретін. Нәтижеде, жеке жалпы базар пайда болмады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісі басқа озық мемлекеттерден артта қалды. Зорлыққа негізделген мемлекет аппараты әрқандай еркін ойлауды сынға алатын еді. Бұл алғышарттар Германияда да төңкерістің жетілуіне алып келді. ***Төңкерістің негізгі мақсаты Германияның саяси бытыраңқылығы аяқталды және феодалдық тәртіптерді аяқтау еді.*** Төңкеріске буржуазияның конституциялық монархия жақтасы болған орта бөлігі басшылық етті.

Орта ғасырларда Германияда өндіру күштерінің өсуі қашан басталған?

1848 жылғы төңкеріс. Еуропаның басқа мемлекеттерінде 1847 жылы болған экономикалық құлдырау Германияны да шеттеп өтпеді. Бұл құлдырау жұмыссыздықтың көбеюіне, жалақының төмендеуіне алып

http://eduportal.uz

келді. Барлық тауарлар, атап айтқанда, азық-түлік өнімдерінің бағасы көтеріліп кетті. Нәтижеде, аш қалған халық көшеге шықты. Францияда басталған 1848 жылғы ақпан төңкерісі әсерінде Берлинде көтеріліс басталды. Берлин көшелері баррикадалармен қоршап алынды. Түн бойы қарқынды көше ұрыстары жалғасты. Осындай жағдайда Пруссия королі келісу жолын іздеуге мәжбүр болды да Ұлт мәжілісіне (парламент) сайлау белгілеуге және Конституция жазып шығуға уәде берді. Саяси жағдайдың, аздап болса-да, жұмсауына қол жеткізген король үкіметі төңкерісті бастыруға қол жеткізді, бірақ төңкеріс бүткіл ізсіз кетпеді.

1848 жылы Пруссия корольдігіне конституция енгізілуінің өзі үлкен саяси оқиға болды.

Камилло Кавур

Италияның біріктірілуі. 1861 жылы Біріккен Италия корольдігі құрылды. Капитализмді одан әрі дамыту қажеті мемлекеттің бірігуін соңына жеткізетін. Мұнсыз Италия Еуропада өз орнына ие болған мемлекетке айнала алмайтын еді. Тіл және мәдениет бірлігі Италияны жеке мемлекетке біріктіру мүмкіндігін берді. Бас уәзір **Камилло Кавур** ұзақты көре алатын саясатшы, орташа реформалар мен конституциялық монархия жақтасы еді.

К. Кавур Австрияның зұлымына қарсы күресте Франциямен келісімшарт түзуге қол жеткізді. Австрия әскері жеңіліске ұшыратылып, онымен бітім түзілді.

Бірақ Сицилия мен Неапол корольдігі Италия саяси бытыраңқылығының тірегі болып жатқан еді.

Италияны біріктірудің қызу жақтасы, халық қаһарманы **Жузеппо Гарибалди 1860 жылы** өз әскери күштерімен Сицилия аралына келіп түсті. Халық бұқарасы оны құтқарушы ретінде күтіп алды. Сицилияның Палермо қаласы иеленді. Содан соң Ж. Гарибельди әскері Неаполға жорық жсады. Неаполь әскері қиратылды және Неаполь корольдігі аяқталды.

Италияның бірігуінде үш ұлы тұлғаның қызметтері шексіз. Бұлар бас уәзір К. Кавур, Латын Америка мемлекеттеріндегі ұлттық-азаттық соғыстарында атқа ие болған халық қаһарманы Ж. Гарибальди, **«Жас Италия»** қоғамына басшылық еткен Жузеппе Мадзини еді. Көркем әде-

биетте әр үш ұлттық батырдың Италияны біріктірудегі қызметтерін назарда тұтып, оларды «Отанның ақыл-ойы, жаны мен қылышына» салыстырады.

1847 жылы Германияда экономикалық құлдырау болған.
1861 жылы Біріккен Италия корольдігі құрылды.
Италияның бірігуінде үш ұлы тұлға: Камилло Кавур, Джузеппо Гарибалди, Джузеппо Мадзинильдердің қызметтері шексіз.

Мемлекетте конституциялық монархия қабылданды және екі палаталы (Сенат пен Депутаттар палатасы) парламент егізілді. 1866 жылы Австрия қол астында қалған Венеция облысы да, 1870 жылы Франция әсерінде болған Рим қаласы да Италия корольдігіне қосып алынды. Солай етіп Италияны жеке мемлекетке біріктіру аяқталды.

Германияны біріктіру үшін күрес. Германияда да қоғамның озық қабаты ұлттық бірігу үшін күресіп жатқан еді. Бұл жерде де бүкіл жауапкершілікті Германияда бар көптеген мемлекеттерден бірі өз мойнына алуды қажетіне айналды. Мұндай атақ Пруссияға бұйырды. Пруссия бұл дәуірде Германия империясындағы ең құдіретті мемлекет еді.

Отто фон Бисмарк

Корольдікте өз дәуірінің ең атақты мемлекет қайраткері **Отто фон Бисмарк** канцлерлік ететін. Ол Германияны жеке мемлекетке біріктіргендей тарихи жұмысқа басшылық етті.

1866 жылы Пруссия Австрия үстінен жеткен тарихи жеңістен соң Бисмарк Германияда бар мемлекеттердің Пруссиямен «Солтүстік Германия Одағын» құру туралы келісімшартты қол кобларына қол жеткізді. Бисмарк одақ канцлері – Бундесканцлер лауазымын иеледі. Бисмарк өз көмекшілерімен қысқа мерзімде Солтүстік Германия одағы конституциясын істеп шықты.

Бұл конституция негізгі мәтініндегі кейбір өзгерістерді санамағанда, 50 жылдан көбірек уақыт барысында – 1919 жыл Веймарда Германия Республикасы Конституциясы қабылдағанға дейін іске асырылды.

http://eduportal.uz

Көптеген кіші мемлекеттерге бөлініп кеткен Германия XIX ғасырда неміс ұлтының үлкен бөлігін біріктірген заманауи мемлекетке айналды. Ғасырдың соңына келіп, Германия ең дамыған мемлекеттер қатарынан орын иеледі.

Италия біріккеннен соң конституциялық монархия жолын таңдады. Ішкі базардың әлсіз өркендегені үстем шеңберлерді шапқыншылыққа, отар империясын құруға шақырды.

- 1848 жыл ...
- 1861 жылы ...
- 1848 жыл Пруссия корольдігі ...
- Отто фон Бисмарк ...

Германияны біріктіру жолындағы негізгі сыртқы бөгет Франция еді. Пруссия оған қарсы соғысқа қатаң дайындық көре бастады.

Орташы буржуазия – буржуазияның келісімге ұмтылушы, мәселелерді тыныш жолмен шешуге, үстем топтармен келісуге ұмтылушы бөлігі.

1. Германиядағы төңкерістің себептері және оның негізгі мақсаты туралы нелерді біліп алдыңдар?
2. Италия төңкерісі негізгі мақсатының қайсы өзгешелігі Германия төңкерісінің негізгі мақсатынан айырмаланған?
3. Біріккен Италия корольдігі қай тәрізде құрылды?
4. Германияны жеке мемлекетке біріктіруден Пруссия бас уәзір Бисмарктың тарихи рөлін белгілеңдер.

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Венн диаграммасы көмегінде Германия мен Италия тарихындағы жалпылық және айырмашылық жақтарды талдау жасап, дәптерлеріне жазыңдар.

Интернет арқылы XIX ғасырдың 40–60 жылдары аралығында Германия мен Италия мемлекетіне виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар. Алған әсерлеріңді хронологиялық тәрізінде дәптерлеріне жазыңдар.

23-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА РЕСЕЙ

Экономикалық өмірдің өзіне тән ерекшеліктері. Пташалық Ресейінде крепостнойлық тәртіптері қоғам өркендеуіне үлкен тосқауыл болып қалды. Батыс Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-та машиналасқан өнеркәсіп

http://eduportal.uz

дамып келе жатқан бір дәуірде, Ресейде әлі де мануфактура өндіруі үстем еді. Ауыл шаруашылығында әлі де Орта ғасыр крепостнойлық тәртіптері жетекшілік ететін және ол өркендеудің негізгі кедергісіне айналған еді.

Киев Русі мемлекетінде орыстар қашан христиан дінін қабылдаған?

Самодержавие мен крепостнойлыққа қарсы күрес. 1812 жылғы Франция – Ресей соғысында қол жеткізген жеңістен кейін де патшалық Ресейінде самодержавие басқару тәртібі мен крепостнойлық құқы сақталып қала берді. Бұл жағдай патшалық Ресейінің озық пікірлі адамдарын әрекетке шақырды. Олар өз отанын Еуропаның жетекші мемлекеттері қатарында көруді қалайтын. Отанындағы бар жүйені өзгертпей тұрып, өз армандарының жүзеге аспауын да жақсы білетін.

Олар самодержавие мен крепостнойлыққа қарсы анық бағдарламамен күрес бастады. Бұл күрес Ресей тарихына **«Декабристер әрекеті»** атымен кірген. Декабристер ақсүйектердің перзенттері еді. Олардың бір тобы Ресейде республика орнату жақтастары болса, екіншісі конституциялық монархия орнату жақтасы еді.

Павел Пестель

Декабристер екі құпия қоғам құрған. Олардың бірі **«Оңтүстік қоғам»**, екіншісі **«Солтүстік қоғам»** деп аталды.

Әр екі қоғам да Ресей Конституциясының жобасын жаратты. «Оңтүстік қоғамның» көзге түскен қайраткері Отан соғысы ардагері **Павель Пестель** еді.

Ол жасаған конституция жобасы «Орыс ақиқаты» деп аталды. Жобада самодержавие, крепостнойлық құқын жою және Ресейде республика мекеме әдісін енгізу назарда болды. Барлық азаматтар үшін тең сайлау құқы негізінде сайланатын «Халық вечесі» Ресей парламенті болуы белгіленді.

«Солтүстік қоғамда» **Никита Муравьев** даярлаған конституция жобасы Ресейді конституциялық монархия деп жариялауды назарда тұтатын. Мүлік цензи негізінде сайланатын екі палаталы Халық Вечесі жоғары заң шығаратын билік органы (парламент) болуы керек еді.

http://eduportal.uz

Никита Муравьев

Декабристер өз мақсаттарына көтеріліс көтеру арқылы жетуге болады деп санап, оған даярлығын бастады. Көтерілісте қайтыс болған император Александр I орнына інісі Николай I дің таққа өткізілу күніне белгіленді. Көтеріліс декабристерге сенімді әскери бөлім тарапынан жүзеге асырылуы қажет еді. Көтеріліс **1825 жылдың 14 желтоқсан** күні басталды, бірақ ол сәтсіздікке ұшырады және императорға сенімді әскери күштер тарапынан бастырылды.

Декабристер әрекетінің басшыларынан бес адам, соның ішінде, П. Пестель және Н. Муравьев дарға асылды, қалған көпшілігі Сібірге қуғындалды. Бірақ декабристер әрекеті бекерге кетпеді. Олар ілгері сүрген идеялар Ресей қоғамының озық қабатын ұзақ уақытқа дейін самодержавие пен крепостнойлыққа қарсы күреске шабыттандырып келді.

Декабристер көтерілісі бастырылғаннан кейін, мемлекетте реакция күшейді. Наразылық білдірудің, еркін пікір жүргізудің әрбір көрінісі үкімет тарапынан аяусыз ретінде қуғындалды. Әсіресе, орыс әдебиетінің озық өкілдері қатты қуғынға алынды.

Крепостнойлық құқының жойылуы. 1853–1856 жылдардағы Қырым соғысында Ресей жеңіліске ұшырады. Бұл жеңіліс Ресейдің экономикалық артта қалу салдары еді. Ресейде крепостнойлық жүйесі әлдеқайда өркендеудің негізгі кедергісіне айналған еді. Сондай-ақ бұл жеңіліс крепостной құқық жойылмай, Ресейде капитализм тез қарқынамен өркендеуі мүмкін еместігін де көрсетіп берді.

Император Александр II

Мемлекетте жүзеге келген күшті наразылық толқынын бастыру мақсатында император **Александр II 1861 жыл 19 ақпанда крепостной құқықты жою туралы заңға** қол қойды.

Заңға сәйкес, крепостной диқандар азат болды. Бұдан былай диқандарды сатып алу, сату яки басқа біреуге сыйға тартуға тыю салынды.

Диқан енді помещиктің рұқсатынсыз отбасы құру, тәуелсіз қарқында келісімшарт, сауда бітімдерді құру, көшпес мүлік сатып алу және оны мұра қалдыру сияқты құқықтарға ие болды.

http://eduportal.uz

1812 жылғы Франция – Ресей соғысында Ресей жеңіске қол жеткізген.

Декабристер Ресейде екі құпиялы қоғам – «Оңтүстік қоғам» және «Солтүстік қоғамды» құрған.

1861 жыл 19 ақпанда Ресейде крепостной құқықты жою туралы заңға қол қойылды.

Үкімет диқандарды азат етіп, жер беруге мәжбүр болды. Осылай етілмесе халық наразылыққа келуі мүмкін еді. Бұдан тыс, диқандардың негізгі салық төлемшілер болып қалуы да есепке алынды. Диқандарға берілген жер шек жерлер деп аталды. Үкімет помещиктің мүддесін де есепке алды. Соның ішінде, помещик өз иелігіндегі жердің 1/3, ал шөлді аймақтарда 1/2 бөлігін сақтап қалу құқына ие болды. Бұдан тыс, диқан сол уақытқа дейін үкімет қаулысында белгіленетін көп мөлшердегі жерден пайдаланып келген болса, оның артығы помещикке өткізілетін еді. Мұндай жерлер «отрезок» деп аталған.

Диқан өзіне берілген жерге иелік ету үшін «выкуп» төлеуі шарт еді. Бірақ диқанда «выкуп» үшін ақша болмағандығы себепті мемлекет тарапынан берілетін болды. Диқандар бұл қарызды 49 жыл барысында мемлекетке пайызымен төлеп баруы шарт еді.

Реформаның тарихи маңызы. 1861 жылғы реформа нәтижесінде крепостной құқық жойылды. Бірақ реформа диқандарды бірден азат етпеді. Крепостнойлық ықпал ұзақ жалғасты. Нәтижеде, Ресей ауыл шаруашылығында капитализм өте ақырын дами барды. Осындай болса-да, реформа қажетті тарихи маңызға ие болды. Сондықтан, диқандар жеке еркіндік пен азаматтық құқына қол жеткізді. Экономикада капиталистік қатынастардың нығаюы үшін кең мүмкіндік жаратылды. Дүниенің жетекші мемлекеттеріне қарағанда кеш болса-да, басталған өнеркәсіп төңкерісі жалғасты.

Сыртқы саясат. Ресей XIX ғасырда да басқа ұлы мемлекеттер қатары басқыншылық соғыстарын тоқтатпады. Соның ішінде, ұзақ жалғасқан соғыстардан соң, 1864 жылға келіп, бүкіл Кавказ Ресей құрамына енгізілді. Сол кезде, Орта Азияны басып алу үшін әскери әрекеттер бастап жіберілді.

- 1825 жыл 14 желтоқсанда ...
- Төлем – ...
- 1853–1856 жылдарда ...
- 1861 жыл 19 ақпанда ...
- 1864 жылы ...

http://eduportal.uz

1867 жылы Қоқан хандығы мен Бұхара әмірлігінің басып алынған аумақтарында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.

1867 жылы Ресей өзіне қарасты болған Аляскаңы АҚШ-қа сатты. Бұнымен Ресей өз сыртқы саясатында барған сайын күшейіп бара жатқан АҚШ-қа таянуды жоспарлаған еді.

Мәдениет. 1800–1870 жылдары Ресей рухани өмірінде терең өзгерістер болды. Дәл сол дәуірде Ресей дүниежүзі мәдениетінің ең жоғары орындардың бірін иеледі. Орыс әдебиетінің атақты өкілдері Александр Сергеевич Пушкин, Лев Николаевич Толстой, Феодор Михаилович Достоевский сол дәуірде шығармашылықпен айналысты. Олардың жоғары шеберлікпен жазылған шығармалары орыс халқының рухани әлемін дүниеге танытты. А.С. Пушкин заманауи орыс мәңгілік тіліне негіз салды. Оның «Руслан мен Людмила», «Кавказ тұтқыны», «Евгений Онегин», «Капитан қызы» сияқты шығармалары Ресей өмірімен бірге, орыс тілінің де бүкіл байлығын көрсетті. А.С. Пушкин шығармашылығы орыс әдебиетінің кейінгі дамуына үлкен әсер көрсетті. Л.Н. Толстойдың «Балалық», «Казактар», «Соғыс және тыныштық», Ф.М. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», «Есінен танған» сияқты шығармаларында орыс халқының өмірі, адамдардың ішкі дүниесі өте үлкен шеберлікпен ашып берілген. Сондай-ақ XIX ғасырда шығармашылықпен айналысқан ұлы орыс ақын және жазушыларының Михаил Юриевич Лермонтов, Николай Васильевич Гоголь, Иван Сергеевич Тургенев шығармалары да дүниеге әйгілі болды.

Бұл дәуір орыс музыка өнері ұлы композиторлар Михаил Иванович Глинька және Петр Ильич Чайковский атымен байланысты. М.И. Глинька шығармашылығы XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс музыка мәдениетінің ең шыңы болып, ол орыс классикалық музыкасына негіз салды. Оның ең атақты шығармасы «Руслан және Людмила» операсы саналады. Орыс музыка өнерінің кейінгі дамуы М.И. Глинканың әсері негізінде қалыптасты.

П.И. Чайковский XIX ғасыр орыс мәдениетінің ірі өкілі, музыка өнерінің данышпаны саналады. Оның «Евгений Онегин», «Ұйықтап жатқан сұлу», «Шелкунчик» сияқты опералдары әлі де дүниежүзі театрлары сахнасынан түспей келуде. Бұл дәуір орыс бейнелеу өнерінде Сильвестер Феодосиевич Щедрин, Карл Павлович Брюллев және Илья Ефимович Репин сияқты ұлы суретшілер шығармашылықпен айналысты. Олар шығармашылығында Ресейдің бай табиғаты мен орыс адамдарының күрделі ішкі дүниесі бейнеленді.

http://eduhonar.uz

Орыс мәдениетінің жетістіктері Ресейге дүниенің озық мемлекеттері қатарынан орын алу мүмкіндігін берді.

Ресей Жаңа дәуірде сезілерлі жетістіктерге қол жеткізгеніне қарамай, XIX ғасырдың 70 жылдарында да ол Еуропаның ең артта қалған мемлекеттерінің бірі болып жатқан еді. Мешеуліктің себептері 1861 жылға дейін сақталып қалған крепостной құқық пен адамдарда бастамашылдық пен кәсіпкерлікке бөгет болып жатқан мешеулік саяси жүйесінің бар екендігі еді.

Төлем – крепостнойлықтан азат болған диқанның өзіне берілген жерді ақы төлеу орнына сатып алуы.

Реакция күштері – озық идеяларды қуғындайтын, ескі тәртіптерді сақтап қалу яки оларды қайта тіктеуге ұмтылушы күштер.

Самодержавие – Ресейде билеушінің шектелмеген үкіметі.

Қуғын – жаза ретінде басқа жерлерге жөнелту.

1. Мәтіннен Ресейдің экономикалық өркендеу тұрғысынан Батыс Еуропа мемлекеттерінен артта қалғандығының себептерін анықта.
2. Декабристер әрекеті өз алдына қандай мақсаттарды қойған еді?
3. Ресейде үкім сүрген реакция туралы нелерді біліп алдыңдар?
4. Ресей үстем шеңберлері неге крепостнойлық құқын жоққа шығаруға мәжбүр болды және ол қандай тәртіптерде жүзеге асырылатын болды?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

XIX ғасырда Ресей мемлекеті өркендеуіне тән тарихи үдерістердің жалпы және айырмашылық жақтарын Т-технологиясы негізінде талқыландар және баған тәрізінде дәптерлеріне жазыңдар.

Интернет арқылы *XIX ғасырдың 40–70 жылдары аралығында Ресей мемлекетіне* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар және тақырыпта үйренілген тарихи болмыстарды талқыландар.

24-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

АҚШ экономикалық өркениеті. Тәуелсіздік жылдарында АҚШ-та өнеркәсіп тез қарқындармен дамып, XIX ғасырдың 30 жылдарында өнеркәсіп төңкерісі басталды.

http://eduportal.uz

XIX ғасыр орталарына дейін АҚШ, негізінен, ауыл шаруашылығына негізделген мемлекет еді. Мемлекет солтүстігінде ауыл шаруашылығының негізін фермер шаруашылығы құрылды. Фермерліктің негізін жалдамалы еңбектен құралып олар помещиктерге қарасты дихандарға қарағанда көбірек товар сатып алу мүмкіндігіне ие еді. Америка ауыл шаруашылығына тән бұл ерекшеліктер АҚШ экономикасының тез дамуына көмек берді.

Орта ғасырларда Америкада неге тек мая, инк және кечуа тайпалары өздерінің мемлекеттерін құрған?

Плантация шаруашылығы. АҚШ-та қожалық жүргізудің екі жүйесі ұзақ уақыт жалғасып келді. Фермерлер шаруашылығы дамыған солтүстік штаттарда құлшылық XIX ғасырдың бастарында жоққа шығарылды. Оңтүстік штаттарда құлшылыққа негізделген плантация шаруашылығы үстемдік ететін. Оңтүстіктің табиғи жағдайлары мақта өсіру үшін қолайлы еді.

Ұлыбритания мен АҚШ-та өнердің тез дамуы мақтаға болған талапты одан да асырды. Ұлыбритания фабрикалары АҚШ-та зорлық аяусыздығы тұрғысынан крепостнойлықтың ең аянышты формаларынан да қорқынышты еді.

Сол кезде көптеген ақ денелі адамдар, жұмысшылар, фермерлер, зиялылардың озық қабаттары құлшылықтың жойылуы үшін күрес алып барды. Солай етіп аболиционистер әрекеті пайда болды.

АҚШ-та құлшылыққа өшпенділікпен қарайтын адамдар саны одан әрі артты. 50 жылдардың соңында атақты аболиционист, ақ денелі фермер Жон Браун Виржинияда құлдар көтерілісіні көтеруге ұмтылып көрді. Ол Аллеган тауында орналасып алып, бұл жерден көтерілісті плантацияларға жаюды үміт еткенді. Браун құрған қарулы топ 22 адамнан тұрады болған. Топта 5 шақты негр адам да бар еді. Жаңбырлы түнде ол қаружарақтар сақталатын шағын қойманы басып алуға қол жеткізді. Соң Браун көрші плантациялардағы құлдарды азат ету және құл иеленушілерді кепіл ретінде қолға алу үшін өз адамдарын жіберді.

Бірақ Браун жалпы көтеріліс көтеруге қол жеткізе алмады. Тез арада үкімет әскері Браунның қарулы тобын талқандады. Ауыр жарақатты болған Браун қамауға алынды және асып өлтіруге үкім шығарылды.

http://eduportal.uz

Құл иеленушілер көтерілісі. Бұл дәуірде АҚШ-та екі партиялы жүйе де толық қалыптасып болған еді. Республикашылар партиясының халық арасында ең абыройлы қайраткері Авраам Линкольн (1809–1865) еді. Линкольннің құлшылыққа қарсы шығуларды жұмысшылар, фермерлер, буржуазияның озық бөлігі қолдады. А. Линкольн сайлау алды компаниясын «Өзіңе жер алу үшін дауыс бер!» ұранымен ұйымдастырып, жерлерді фермерлерге тегін тарату туралы заң қабылдауға уәде берді.

XIX ғасырдың 30 жылдарында АҚШ-та өнеркәсіп төңкерісі басталды.
XIX ғасырдың 50 жылдарының аяғында Жон Браун Виржинияда құлдар көтерілісін көтеруге ұмтылды.

Авраам Линкольн

1860 жылы АҚШ президенттігі үшін болған сайлауларда республикашылар партиясы өкілі **Авраам Линкольн** жеңіске жетті. Оның президенттікке сайланумен үкіметте құл иеленушілер билігі тоқтатылды. Бұл құлшылыққа қарсы күштердің өте үлкен және сол кезде тыныш жолмен қол жеткізген саяси жеңісі еді. Олар бірінші рет үкіметті өз қолдарына алды. Оңтүстік плантаторлары сайлауда жеңіліске ұшыраған Демократтар партиясының негізгі тірегі еді. Олар заңды жолдармен құлшылықты сақтап қалуға қол жеткізбеуіне сенім білдірді. Соның үшін оңтүстік штаттарда құлшылыққа негізделген жеке мемлекет құруға кірісті және АҚШ құрамынан шыққандығын, өз президентіне ие болған конфедерациясы түзілгендігін жариялады. Сондай-ақ жеке әскерге де ие болды. Солай етіп оңтүстік плантаторлары құлшылықты сақтап қалу жолында ұлттық мүдделеріне қиянат жасады. Енді АҚШ-та азаматтар соғысы басталуы анық болып қалды.

Азаматтар соғысы (1861–1865). 1861 жыл сәуір айында Солтүстік пен Оңтүстік арасында азаматтар соғысы басталды. Күштер қатынасы тұрғысынан Солтүстік үстем еді. Азаматтар соғысы **1865 жылдың сәуірде** Солтүстіктің жеңісімен аяқталды.

Бірақ реакциялық күштер жалдаған кісі өлтіруші А.Линкольнді атып өлтірді. Бірақ бұл қылмыс құлшылықты жоққа шығаруға тосқауылдық ете алмады. **1865 жыл желтоқсан** айында АҚШ-та құлдық жойылды.

http://eduportal.uz

АҚШта азаматтар соғысы

1866 жылы АҚШ Конгресі тарапынан конституцияға өзгеріс енгізілді. Оған сәйкес, неграрлердің азаматтық және саяси құқықтары ақ денелілермен теңестірілді.

- 1861 жыл сәуірде ...
- Жон Браун Виржинияда – ...
- 1865 жыл желтоқсан айында ...

Азаматтар соғысының нәтижелері. Соғыста Солтүстіктің қол жеткізген жеңісі үлкен тарихи маңызға ие болды. Жеңіс мемлекеттің даралығын сақтап қалды. Құлдық жойылды және гомстедтер туралы заң қабылданды.

АҚШ-тың батыс жерлерінде де ауыл шаруашылығында капитализм дамуы үшін мүмкіндік жаратылды. Жеңіс батыс жерлердің құлшылық жақтастары тарапынан басып алыну қатері жойылды. Оңтүстікте де фермер шаруашылығы дамуы үшін кең жол ашылды. Тарихи жеңіс өнеркәсіп төңкерісін тез аяқтау және Америка өнеркәсібінің дамуы үшін жағдай жаратты.

Америка әдебиеті мен өнері. XIX ғасыр бастарында АҚШ-тың көпшілік халқы сауатты болғаны үшін Інжілді, Уилием Шекспир, Чарлз Диккенс сияқты ағылшын жазушыларының шығармаларын оқитын. Әсіресе, Даниэль Дефо шығармасының қаһарманы Робинзон Крузо американша өмір рухына жақын болғаны үшін ұлттық әдебиеттің кейінгі бағытын белгілеп берді.

Табиғатты, жергілікті үндістерді өзіне бойсұндыру үшін үздіксіз күрес – Америка ұлттық әдебиетінің негізгі тақрыптары болып қалды. Кейіннен **Фениор Купер** «Пионерлер», **Герман Мельвилл** «Моби Дик» шығармаларында сол тақырыпты жалғастырды. Ескілік пен жаңалық, ескі және жаңа дүние ортасындағы күрес тақырыбы Американың **Уолт Уитмен**, **Марк Твен** сияқты атақты жазушылары шығармаларында, **Генри Лонгфелло** өлеңдерінде көрініс тапты.

Бейнелеу өнер XVIII ғасырда ағылшындарға қарсы шығудан тұрды. Бұл дәуірдегі **Бенжамин Уест, Жон Копли** сияқты суретшілер портрет пен пейзаж жанрында жазып, олар Еуропада атақты болды. 1850 жылдардан бастап, бірнеше бейнелеу өнері мен музыка мектептері ашылды. Оларда Еуропа мемлекеттерінен келген суретші мен композиторлар негізгі рөл атқарды.

XIX ғасыр АҚШ үшін жедел даму ғасыры болды. Әлі ғасыр бастарында мемлекеттің бір бүтіндігін сақтап қалу үшін азаматтар соғысы алып барған халық ғасыр соңына келіп дүниенің ең дамыған және күшті мемлекеттерінің біріне айналды.

Кең демократиялық еркіндіктер, құқық пен міндеттер теңдігі, адамдардың кәсіпкерлігі және бастамашылдығы үшін жазылған мүмкіндіктер АҚШ-ты дүниенің ең құдіретті мемлекетіне айналдырды.

Аболиционистер (жою) – Америкада құлдықты жоюдың жақтастары.

Гомстедтер туралы заң – Батыстағы бос жатқан үлкен жер қорын фермер шаруашылығы жүргізуді қалаған тұлғаларға тегін бөліп беруі туралы заң.

Конфедерация (одақ, бірлестік) – анық мақсат яки әрекетті жүзеге асыру үшін біріккен суверент мемлекеттер одағы.

Фермер – жекеменшік яки ұзақ мерзім жалға алынған жерде ауыл шаруашылығы өнімдері өсірумен шұғылданатын ауыл шаруашылығы кәсіпкері, фермер шаруашылығы иесі.

Плантация шаруашылығы – АҚШ-тың оңтүстігінде құлдар еңбегіне негізделген ірі диқаншылық шаруашылығы.

http://eduportal.uz

1. *АҚШ-та болған азаматтар соғысының себептерін тәртіппен дәптеріңе жаз.*
2. *Неге Солтүстік үшін азаматтар соғысына кіру АҚШ-тың екіге бөлініп кетуін үстем қойылды?*
3. *Солтүстіктің жеңісін қамтамасыз етуде президент А.Линкольн қандай рөл атқарды?*
4. *Солтүстік қол жеткізген жеңістің тарихи маңызы туралы нелерді біліп алдыңдар?*

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Тақырып мәтінін оқу үдерісінде саған бейтаныс болған сөздерді дәптерлеріңе жазыңдар және сөздік көмегінде ұғымдарды талқылаңдар.

Интернет арқылы *XIX ғасырда АҚШ-қа* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар және президент Авраам Линкольн қызметін талқылаңдар.

25-тақырып: ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

Тәуелсіздік үшін күрестің басталуы. Латын Америка елдері әлі де Испания мен Португалия отарлары еді. Испания үстем таптары отаршылдық зұлымын одан әрі күшейттірді. Себебі, Испаниядан жіберілген шенеуніктер, генералдар және басқа әскерлер колонияларда үлкен байлық топтастырды. Олар креолдарға менсінбей қарайтын.

Орта ғасырларда қайсы халық Оңтүстік Америкада Урубамба теңізі бассейнінде Куско қаласына негіз салды?

Креолдар арасында помещиктер, саудагерлер мен дін басылары өкілдері бар еді. Испания шенеуніктері креолдарды колониялардағы жоғары әкімшілік лауазымдарға жолатпайтын, олармен тәкаппар мәміле жасайтын еді. Креолдар Испания қазынасына төленетін ауыр салықтардан, отаршыл шенеуніктердің озбырлығынан және Испания әкімшілері колониялардың басқа мемлекеттермен саудасын тыйым салғандығынан азап шеккен. Португалия колониясы болған Бразилияда да жағдай Испания колонияларынан өзгешеленбейтін еді.

Отаршылдықтың зұлымы ауыл шаруашылығы мен сауданы одан әрі дамыту үшін негізгі бөгет болып қалды. Бұл алғышарттар Испания-

http://eduportal.uz

XIX ғасырда Латын Америкасы

ның отаршылдық зұлымына қарсы азаттық әрекетін келтіріп шығарды. Бұл әрекеттің негізгі мақсаты – тәуелсіз мемлекеттер құру еді. Креолдардан шыққан оқымысты адамдар, помещиктер, әсіресе, әскерлер арасында азаттық идеялары кең таралды. Колонияларда буржуазия әлі әлсіз еді.

Сол себепті креолдардан шыққан төңкерісшілер азаттық әрекетіне басшылық етті. Азаттық әрекетінің қайраткерлері халық бұқарасының – үндістер, метис және мулаттардан шыққан дикандармен қолөнершілердің және тәуелсіздік арқылы өз тағдырының жеңілдеуіне үміттенген негр құлдардың да жәрдеміне таянды.

Мексикада тәуелсіздік үшін соғыс. 1810 жылы колонияларда жаппай көтеріліс басталды. Латын Америка халықтарының азаттық күресі үдерісінде көптеген таңғажайып отансүйгіштер жетісіп шықты.

Мексика халқы азаттық күресінің атақты қаһармандары **Мигель Идальго мен Хосе Морелостың** аттарын қазір де құрметпен еске алады. Ауыл молдасы Идальгоны жергілікті халық, әсіресе, үндістер сүйетін еді. Ол үндістердің тілдерін білетін. 1810 жылы Идальго дихандардың ең кедей топтарына тән болған үнділермен мулаттарды тәуелсіздік үшін күреске және өздерінен тартып алынған жерлерді қайтарып алуға шақырды. Көтеріліс шығарған үндіс пен мулаттардан бүкіл бір әскер құрылды. Идальго құл иеленушілерге өздерінің барлық құлдарын он күндік мерзімде азат етіп жіберуді бұйырды және үндіс топтары отаршыл әкімшілікке төлеп келген олпанды жоққа шығарды.

Симон Боливар

Испания әскері көтерілісті бастырды. Қолға түскен Идальго атып өлтірілді. Идальгоның ең жақын саптасы Морелос оның жұмысын жалғастырды.

Бірақ Испанияның тұрақты әскері бұл ретте де көтерілісшілерден үстем келді, Морелос та атып тасталды. Кейіннен азаттық әрекетіне басшылықты бай помещиктер қолға алды. Мексикада тәуелсіздік үшін күрес жалғасты.

Сөйтіп, **1821 жылы Мексика тәуелсіздікке қол жеткізді**. Құлдық жойылды. Кейіннен Мексика республика деп жарияланды.

Венесуэла тәуелсіздігі. Венесуэлада тәуелсіздік соғысына **Симон Боливар** басшылық етті. Ол Оңтүстік Америка халықтарының ең атақты қаһарманы болып қалды. Боливар венесуэлалық бай креол – помещик пен саудагер отбасында туылды. Өте жақсы білім алған Боливар Еуропаны бойлап сапарға шықты.

«Испания менің мемлекетімді тұтқын қылған шынжырларды майдалап тастамай тыныш болмаймын», – дейтін ол. Боливар Венесуэла азаттық әскерін құрды.

1810 жылы Мексикада жаппай көтеріліс басталды.
1821 жылы Мексика тәуелсіздікке қол жеткізді.
Венесуэлада тәуелсіздік соғысына Симон Боливар басшылық етті.

http://eduportal.uz

Ол испан әскерлеріне қарсы алып барған сәттілік ұрыстары үшін генерал атағын және «Құтқарушы» деген атақты алды.

Боливар тек жер иеленуші креолдарға ғана таянып қалмай, негрлермен үндістерді де күреске аттандырды. Құлдық жойылғандығын жариялады және солайша негр құлдардың бір бөлігін өз әскеріне жұмылдырды. Үндіс диқандарға соғыс аяқталуымен, олар өз жерлеріне ие болуына уәде берді.

Боливар Еуропаның озық қоғамдастығына қайрылып, көмек сұрағанында, оның үндеуіне көптеген көңілділер зеректікпен Латын Америка халықтарына көмек беруге шешім қабылдады және Венесуэлаға жетіп келді. Олар арасында ирланд, ағылшын, неміс, италян, поляк пен орыстар бар еді.

1811 жылы Венесуэла тәуелсіз деп жарияланды. Боливар Жаңа Гренаданың Испаниядан азат болуына көмек берді және Жаңа Гренада Венесуэламен бірікті. Біріккен мемлекетке Христофор Колумб абыройына **Ұлы Колумбия** деп ат берілді.

Боливар Ұлы Колумбия президенті лауазымын иеледі. Ол үндістерге алынатын жер салығын жойды. Ірі помещиктердің жерлерін тәркілеу

XIX ғасырдың бастарында Латын Америкасындағы жаңа мемлекеттер

http://eduportal.uz

туралы заң жобасын істеп шықты. Бірақ бұл шара помещиктердің қарсылығына душар келіп, жүзеге аспай қалды.

Боливар Испаниядан азат етілген барша Америка республикалары конфедерациясын құруды армандайтын еді. Төңкерістің ең қиын, шешуші дәуірінде Боливар халықпен бірге болды да оған жанкештілікпен қызмет етті. Соның үшін де ол ірі помещиктерге жақпады.

Олар Боливарды физикалық жақтан жоюға шешім қабылдады. Нәтижеде ол 1830 жылы қызметтен кетуге мәжбүр болды. Боливар өкінішпен мынадай деп жазған еді: «Төңкеріске қызмет ету – теңізді сүдігер етумен тең». Латын Америка халықтары сол кезге дейін атақты қаһарман – Америкадағы колониялардың құтқарушысы Боливарды құрметпен еске алады.

- 1810 жылы ...
- 1811 жылы ...
- 1821 жылы ...
- 1830 жылы ...

Тәуелсіздік үшін күрестің аяқталуы. Аргентинада тәуелсіздік үшін қарулы күрес 1810 жылы басталды. Күрес басталған 25 мамыр тарихта Аргентина халқының ұлттық мерекесі күні болып қалды. Аргентинаны Хосе Сан-Мартин қолбасшылығындағы төңкерісшіл әскер азат етті және Аргентина тәуелсіздікке қол жеткізді.

Кейінгі жылдарда Парагвай, Чили және басқа мемлекеттер тәуелсіздікке қол жеткізілді. 1822 жылы Бразилия Португалиядан тәуелсіз деп жарияланды. Испания отаршылығына қарсы өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Жоғары Перу отансүйгіштері әскері Боливияның саптасы генерал Сукре басшылығында испан әскерін қиратты. Жоғары Перу Испания зұлымынан азат болды. Жоғары Перу С. Боливар абыройына **Боливия** деп аталды.

Хосе Сан-Мартин

Уругвай да тәуелсіз деп жарияланған болып, кейіннен толық тәуелсіздікке қол жеткізді. Солай етіп Латын Америкадағы тәуелсіздік үшін күрестер соңында Испания билігіне шек қойылды және бір едәуір жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылды. Испания тек Куба және Пуэрто - Риканы өз қолында сақтап қала алды.

http://eduportal.uz

Бразилиядан тыс барша Латын Америкасы елдерінде республика жүйесі орнатылды. Латын Америкадағы тәуелсіздік үшін күрестер отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресі және буржуа төңкерістері еді.

Бұл төңкерістерде жергілікті халық Испаниямен Португалияның отаршылдық зұлымынан азат болды.

Отаршылдық дәуірінде жазылған қожалық ақырын капиталистік қожалыққа айналды. Бірақ бұл қожалық әлі де қол еңбегіне негізделген, шикізат экспорт және шетел инвестициясына тәуелді еді. Тек 1860 жылдан Латын Америкасы елдерінде экономиканың сезілерлі өсуі бақыланды. Еуропа мемлекеттері капитал, техника енгізіп, қожалықтың дамуына капитал жұмсай бастады. Халық, негізінен, эмиграция есебіне жедел өсті. Ірі қалалар – өнеркәсіп пен мәдениет орталықтары пайда болды. Қоғамда индустриялды өркениет белгілері жеке дара көріне бастады.

Креолдар – Латын Америкаға алғаш көшіп келген испан және португалдардың ұрпақтары.

Латын Америка – бұл халқының көпшілігі сөйлесетін испан және португал тілдері латын тілі негізінде құрылған мемлекет. Сол себепті бұл ұғым Оңтүстік және Орталық Америка тақырыбына қолданылады.

Метис – Америкада ақ денелі халыққа тән адамдармен үндістер ортасындағы некеден туылған ұрпақ.

Мулат – ақ денелі және негр адамдар арасындағы некеден туылған ұрпақ.

?!

1. *Латын Америкасы қай тәрізде отарға айналған еді?*
2. *Латын Америкасы елдерінің ұлттық-азаттық күресі және оның нәтижелері туралы нелерді біліп алдыңдар?*
3. *Тәуелсіздік жолындағы соғыстар нәтижесінде құрылған ұлттық мемлекеттердің тізімін түзіңдер. Оларды картадан табыңдар.*
4. *Боливардың тағдыры немен аяқталды?*

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Консептуалды кесте негізінде Латын Америкасы елдерінің өзіне тән жақтарын талқыландар.

Интернет арқылы XIX ғасырда Латын Америкасы елдерінде мемлекетіне виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар. Халық қаһармандары: Идальго, Морелос, Симон Боливар, Хосе Сан-Мартин, Сукре қызметін талқыландар және түрлітүсті кластер даярландар.

http://eduportal.uz

V БӨЛІМ. 1800–1870 ЖЫЛДАРДА АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

26-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ҮНДІСТАН

Ұлыбритания отаршылдық тәртібі. Ұлыбритания үстем таптары Жаңа ғасырда да Үндістанды бүткіл өз колонияларына айналдыру саясатын жалғастырды. Сол мақсатта, үкімет «Үндістан жұмыстары бойынша бақылау кеңесі» құрды.

Бұл кеңес Ұлыбританияның Үндістандағы отаршылдық саясатының бағыттарын белгілеп беретін.

Қайсы Дели сұлтаны ауыл шаруашылығы мен қолөнершілікті дамытқаны, көрегендік басқаруынан «халық демеушісі» атын алған?

Сондай-ақ Ұлыбритания парламенті Үндістанды басқару туралы заң қабылдады. Соған орай, «Ост-Индия» компаниясының Калькутта қаласындағы губернаторы Ұлыбританияның Үндістандағы барша отарлары генерал-губернаторы етіп тағайындалды. Солай етіп компания іс-жүзінде Үндістанды басқарушы отаршыл әкімшілік аппаратына айналдырылды.

Ұлыбритания тоқымашылық өнеркәсібі өнімдерінің Үндістанда сатылуы жергілікті тоқымашылық шеберлерін қиратты. Себебі олардың өнімі сапа тұрғысынан Ұлыбритания тауарларымен бәсекелестік ете алмайтын еді. Нәтижеде, Үндістанның он мыңдаған тоқушылары ашаршылыққа үкім етілді.

«Ост-Индия» компаниясы үлкен әскери күшке таянатын еді. Ол үндістердің өзінен де жалдамалы әскер құрды. Бұл армияның әскері **сипахи** деп аталатын. Әскерге ағылшын офицерлері басшылық ететін.

Үндістанда тек сол әскер ғана үнділердің үн бір ұйымдасқан ұйымы еді. Компания сипахилердің Ұлыбританияға сөзсіз бойсұнып, қызмет етуді ойлайтын. Отаршылдар жергілікті халықтың ұлттық сезімдерін есепке алмайтын.

Нәтижеде, міне сол жеке ұйымдасқан, сипахилерден құралған әскери күш арасында да отаршылдық тәртіптерінен наразылық одан әрі күшейе түсті.

Сипахилер көтерілісі. Сипахилер көтерілісінің басталуына тікелей түрткі болған себеп әскерде патронмен оқталатын мылтықтың енгізілуі болды. Жаңа патронның үсті майланған қағазбен қапталған болып, мылтықты оқтаудан алдын қалың қағазды тіспен жыртып тастау керек еді. Сипахилер арасында қағаз қабықтың үстіне жағылған май сиыр және доңыз майының қоспасынан даярланған, деген сөз таралып кетті.

Үндістанды бүткіл өз колониясына айналдыру мақсатында, ағылшын үкіметі «Үндістан жұмыстары бойынша бақылау кеңесін» құрды.

«Ост-Индия» компаниясының жалдамалы әскері – сипахилер үнділердің бірден бір ұйымдасқан ұйымы еді.

Үнділердің дінінде сиыр қасиетті саналады және оның еті пайдаланылмайды. Үнді сипахи сиыр майы жағылған патронды тісімен тістеуді өз дінінің қатты кемсітілуі, мұсылман сипахи доңыз майы жағылған

http://eduportal.uz

Сипохилер көтерілісі

патронды тісімен тістеу ислам дінінің саналы түрде кемсітілуі (исламда доңыз еті харам саналады) деп қабылдады.

Нәтижеде, олар жаңа патронды алынуынан бас тартты. Соң, бұл оқиға көтеріліс көтерілуіне алып келді.

Көтеріліс 1857 жылы басталды. Атқамінерлер тез арада Дели қаласын иеленді. Олар шах сарайына бастырып кірді, Баһадыршах II үнді халқын отаршыларға қарсы көтеріліс көтеруге үндейтін шақыруды қол қоюға мәжбүр болды.

Көтерілістің бастырылуы. Ұлыбритания Үндістанға қосымша әскери күштер жіберуге мәжбүр болды. Содан соң әскери күш үстемдігі Ұлыбритания басқыншылары жағына өтті.

Британия әскері көтерілісшілер басып алған қалаларды бекініс етіп, оларды штурммен иеледі. Халық өзін қаһармандарша қорғады. Соғыстар көшелерде жүргізілді. Отаршылдар зеңбіректерді пілдерге жүктеп, Делиге алып кірді және бұл шара ұрыс тағдырын шешті.

Көтерілісті бастыру кезінде қорқынышты мейірімсіздік жасалды. Ұлыбритания әскерлері әйел-қыздар, балалар мен қарияларды аямады. Тұтқынға түскендерді бір жерге жиналған топ алдында зеңбіректің аузына байлады және зеңбіректен оқ атып, тілім-тілім етіп тастады.

1858 жылы Үндістан Ұлыбритания мүлкі деп жарияланды. Көтерілісшілер қиратылған болса-да, отаршылар кейбір реформаларды өткізуге мәжбүр болды. Дегенмен, жер иелерінің салықтарды асыруға тыйым салынды.

Жергілікті рожалардың (князь) өз жерлеріне иелік құқы дербес деп жарияланды. «Ост-Индия» компаниясы аяқталды. Үндістанды басқару Британия әкімшілері қолына өтті.

- Атқамінерлер көтерілісінің себептері ...
- 1857 жылы ...
- 1858 жылы ...

Үндістанда зиялылар қабатының қалыптасуы. Ұлыбритания үкіметі көтерілістен қажет қорытындылар шығарды. Соның ішінде, үндістердің білім алуларына жол ашты. Мектеп, колледж және басқа оқу орындары ашылды. Үнділер Еуропа мемлекеттері университеттерінде де білім алу мүмкіндігіне ие болды. Солай етіп жергілікті зиялылар қабаты қалыптаса барды.

Еуропалық мәліметке ие болған үндістер мемлекет қызметіне қабылдана басталды. Олар арқылы ағылшын тілінің таралуы одан әрі кеңейе барды. Ағылшын тілін үйренген және Британияда білім алған жастар арқылы үнді қоғамына Еуропаның озық идеялары кіріп келе бастады.

Солай етіп, XIX ғасырдың 70 жылдарына дейін Үндістанның экономикалық және саяси өмірінде қажетті өзгерістер болды. Ақырын болса-да, капитализм дамыды. Ұлттық-азаттық әрекеті пайда болып, ағылшын отар билігіне қарсы күрес күшейді.

Сипохи (жауынгер) – Ұлыбритания офицерлері басшылық еткен үнділерден құралған жалдамалы әскер.

1. *Үндістанда орнатылған Ұлыбритания отаршылдық тәртіптері туралы нелерді біліп алдыңдар?*
2. *Отаршылар Үндістанды қай тәрізде басқаратын?*

http://eduportal.uz

3. Атқамінерлер көтерілісінің себептерін түсіндіріп беріңдер.

4. Ұлыбритания үкіметі көтерілісті бастыру үшін қандай шаралар көрді және көтерілістің тарихи маңызы нелерден тұратын еді?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Пірімқұл Қадировтың «Жұлдызды түндер» романынан «Агра. Жұлдыздар тұңғиығы» бөлігін оқыңдар және «Бабырлар Үндістан тарихында тұтқан орны» тақырыбымен байланыстырып, дәптерлеріңе эссе жазыңдар.

27-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ҚЫТАЙ

Чин (Син) империясының әлсізденуі. XVIII ғасырдың аяқтарында келіп, империяның басып алушылық құдіреті әлсіреді. Экономикалық тұрақтылық пен мемлекет халқының негізгі бөлігін құрайтын диқандардың құлдырауы оларды көтеріліс көтеруге мәжбүр етті.

Орта ғасырларда Қытайда қайсы әулеттер үкім сүрген?

Солай етіп Қытай ішкі қарама-қайшылықтар қысымында қалды. Билеуші әулет өмірі аяқталып жатқан жүйені бүкіл шаралармен сақтап қалуға ұмтылды. Олар барша қарсылықтарды аяусыздықпен бастырды. Бұл дәуірде Қытайға Ұлыбритания мен Франция саудагерлерінің кіріп келуі күшейді. Олардың белсенді әрекеттері Қытай үкіметін үрейлендіріп қойды. Шетелдіктердің мемлекетке көптеген кіріп келуінің алдын алу мақсатында император 1757 жылы Қытай айлақтарын сыртқы сауда үшін жабық деп жариялады. «Жабық есіктер» деп ат алған бұл саясат Қытайды сыртқы дүниеден ажыратып қоюға қаратылды.

Сыртқы сауда император шенеуніктері бақылауында тек Гуанжоу порты арқылы ғана алып барылатын болды. Қытайдың өзін өзі жекелеп қою саясаты феодалдық тәртіптерінің сақталуына қызмет етті. Оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына үлкен зиян жеткізді. Император әкімшілері ғылым және техника саласында басқа халықтардың жетістіктерінен бас тартты. Мемлекет артта қалушылық батпағына батып қалды.

Осындай бір жағдайда Ұлыбритания үкіметі Қытайды өз саудагерлері үшін ашуға бар мүмкіндігімен ұмтылды. Чин императорының қайсарлығын сындыру үшін оған бір желеу керек еді.

http://eduportal.uz

Бірінші апиын соғысы. Ұлыбритания саудагерлері Үндістаннан заңға қарсы ретінде Қытайға апиын (қара дәрі) кіргізе бастады. Жергілікті Қытай әкімшілері апиын артылған керуендерді тәркілегенге жауап ретінде Британия үкіметі апиын және ағылшын тауарларын алып кіруді заңдастыру үшін 1840 жылы Қытайға қарсы соғыс бастады. Соғыс тарихқа «Бірінші апиын соғысы» атымен кірген. Бұл соғыс 1842 жылға дейін жалғасты. Соғыста Қытай экономикалық және әскери техника тұрғысынан артта қалушылығынан жеңіліске ұшырады.

Апиын соғасы. Карикатура

Соғыс соңында Ұлыбритания Гонконг аралын басып алды және Қытайды шетел саудагерлері үшін бірнеше порттарды ашып қою туралы келісімшартқа қол қоюға мәжбүр етті.

Бірақ Қытай апиын алып кіргізілуінің заңды екендігін тән алмады.

- 1840 жылы ...
- 1856 жылы...
- Апиын соғыстары – бұл ...
- Хун Сют сюан – бұл ...

Екінші апиын соғысы. 1856–1860 жылдары Екінші апиын соғысы болды. Бұл сапар Қытай Ұлыбритания мен Францияның бірлескен әскерлерінен ойсыратқан соққыға ұшырады. Олар Бейжің босағаларында өте бай қазыналарға ие болған императордың жазғы сарайын тонады және қиратты. Отаршылар Қытайды жаңа, тең болмаған келісімшарттар құруға мәжбүр етті. Шетелдіктерге тағы басқа порттар арқылы да сауда алып баруға рұқсат берілді және жаңа жеңілдіктер берілді. Сол кезде ағылшын және француз азаматтары Қытай аумағында Қытай заңдарымен сотына бойсұнудан азат етілді. Егер олар қылмыс жасаса, оларды тиісті мемлекеттің елшісі сол мемлекеттің заңдарына сәйкес соттайтын. Теңіз саудасында үстемдікті басып алған Ұлыбритания Қытайда баршадан көбірек жеңілдікке ие болып алды. Теңіз жағалауындағы үлкен қалаларда жүзеге асқан арнаулы квадраттарда тек шетелдіктер жасайтын, Қытай әкімшілері бұл жерлерге кіре алмас еді.

Диқандар көтерілісі мен Тайпиндер мемлекеті (1850–1864). Биліктің тізе бүгушілік саясаты салдарында Қытайдың Еуропа мемлекеттері жартылай колониясына айналып баруы және феодалдық зорлығының күшеюі

http://eduportal.uz

Қытайда 1854 жылғы тайпиндер көтерілісі

халық бұқарасының күрт наразылығына себеп болды. Нәтижеде, дихандар көтеріліс көтеруге мәжбүр болды. Бұл көтеріліс 1850 жылы мемлекет оңтүстігінде басталды. Чин әулеті мен феодалдарға қарсы күрес отаршыларға қарсы күреспен қосылып кетті.

Көтеріліске диқанның баласы, мектеп оқытушысы Хон Сютсюан басшылық етті. Көтерілісшілер Янцзи облысында «Аспандық молшылық мемлекеті» («Тайпин тяньгоу») құрды. Оның орталығы Нанкин қаласы болды. Хон Сютсюанның пікірнше, мұндай мемлекеттерде диқандар топ болып жасауы, топта «ешбір нәрседе теңсіздік болмауы, баршаның тоқ және киімі бүтін болуы үшін жерге ие болған жайтта оған бірге өңдеу, азық-түлікті бірге тамақтану, киім-кешекті болу, ақшаны бірге жұмсау қажет» еді. Халық тұрмысы әскери тәртіп негізінде құрылды. Әр бір отбасының әскерге бір әскер жеткізіп беруі белгілеп қойылды. Әскери бөлім бастығы сол кезде бөлім орналасқан аймақта мемле-

кет үкіметін жүзеге асырады. Барлық ерлер бір еңбек лагеріне, әйелдер және балалар басқа жерге орналастырылды.

Бірінші апиын соғысы 1840–1842 жылдарда болып өтті.
Тайпиндер мемлекеті 1850–1864 жылдар аралығында бар болды.
1757 жылы Қытай императоры мекендерін сыртқы сауда үшін жабық деп жариялады.

Тайпиндер жеңілісі. Көтеріліс басшыларының арман-ниеттері бос қиял еді. Олардың жерді отбасына отбасы мүшелері санына қарай тең бөліп беру туралы жоспарлары көтерілісте қатысып жатқан мүлікшіл таптарды көтерілістен алыстатты. Бұл жайт тайпиндер басшылары арасында келіспеушіліктің келіп шығуына себеп болды. Жер ала алмаған диқандар үмітсіздікке түсе бастады. Бұл мемлекет әкімшілеріне тайпиндерді қиратуға көмек берді. Үкімет күш жинап, шабуылға өтті. Оған Ұлыбритания, Франция мен Америка Құрама Штаттары көмек көрсетті. Ұлы мемлекеттер Қытайда құлдырауға бет бұрған чин әулеті билігі сақталып қалудан мүдделі еді. 1864 жылы үкімет әскерлері көтеріліс басшылары орналасқан Нанкин қаласын басып алды. Хон Сютсюан өзін-өзі өлтірді. Тайпиндер көтерілісі бастырылғанынан кейін шетел отаршылары чин әулетін қолдауды жалғастырды және оның жаңа-жаңа жақтасуына қол жеткізді.

XIX ғасырдың бастарында әлі ұлы мемлекет саналған Қытай ғасыр орталарына келіп, Батыс мемлекеттері, соң АҚШ, Ресей және Жапонияның да отаршылдық мүдделері тұтасқан ең өзекті аймаққа айналды. Қытайдың экономикалық және әскери артта қалуы оның өз-өзінше сақталып қалып жатқан ұлы мемлекет мақамына қарамай, оны Батыс мемлекеттерінің жартылай колониясына айналдырды.

Апиын (абиюн) – мүлгу, ұйықтататын сөзінен келіп шыққан, күшті есіртті зат.

1. *Қытай қай тәрізде ұлы мемлекеттер ықпалына түсті?*
2. *«Жабық есіктер» саясатынан көзделген мақсат не еді және ол қандай салдарға алып келді?*
3. *Қытайды шетел капиталы үшін ашылуда апиын соғыстары қандай рөл атқарды?*
4. *Тайпиндер көтерілісі және оның жеңілісі себептері туралы нелерді біліп алдыңдар?*

http://eduportal.uz

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Венн диаграммасы көмегінде Қытайда болып өткен Бірінші және Екінші апиын соғыстарының жалпы және айырмашылық жақтарын талқыландар және дәптерлеріне жазыңдар.

Интернет арқылы *XIX ғасырда Қытай мемлекетіне* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар және Хон Сютсюан қызметін талқыландар.

28-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ЖАПОНИЯ

Жапонияның күшпен «ашылуы». XVI ғасырда Жапонияда христиан дінінің таралуы на тиым салынған еді. Басқыншылар христиан дінін жапон халқы ұлттық дәстүрлерін бұзушы, христиан миссионерлерін басқыншылардың алғашқы тобы деп есептелген. Сол себепті XVII ғасырда Жапония билеушілері мемлекетті шетелдіктер үшін жауып қойды да мемлекеттен барша еуропалықтарды қуып жіберді.

Сюгун үкіметі Жапонияда қай тәрізде орнатылғандығын еске ал.

Сюгун жарлығында мынадай делінген еді: «Сол дәуірден бастап, Жапонияға шетелдерден ешкім, елшілер де кірітілмейді. Өлім қатері де бұл жарлықты жоя алмауы қажет».

Солай етіп жылдар артынан жылдар өте берді. Сонымен, 1854 жылы АҚШ әскери-теңіз флоты Жапонияны ашылуға мәжбүр етті. Сол жылы АҚШ пен Жапония арасында «Тыныштық пен достық туралы» Келісімшартқа қол қойылды. Оған сәйкес, Жапония АҚШ-қа екі портын ашты және АҚШ консулын қабылдады. АҚШ-тан соң Жапонияға Еуропа мемлекеттері де кіріп келе бастады. Олардың мақсаттары Жапония базарларын иелеу еді.

1858 жылы американдықтарға тағы бірнеше порт ашып қойылды. Жапониядағы АҚШ азаматтарына экстерриториялдық құқы берілді. Сол кезде АҚШ тауарларына өте төмен баж төлемдері белгіленді. Тез арада дәл сол мазмұндағы келісімшарттар Еуропа мемлекеттерімен де қол қойылды. Негізінде бұл келісімшарттар Жапонияны кемсітуші, тең болмаған келісімшарттар болып, әскери тұрғыдан құдіретті мемлекеттерге жақтаспауларына лажы жоқ еді. Солай етіп Жапонияның саяси және экономикалық жабулы дәуірі аяқталды.

http://eduportal.uz

«Ағартушылықпен басқару» дәуірінің басталуы. Шетел мемлекеттері үшін «ашылу» Жапония экономикасына да кері әсер ете бастады. Себебі Жапония базарларының шетел тауарларымен толтырылуы бұл жердегі мануфактура және қолөнершілік өндіруіне үлкен соққы берді. Нәтижеде, шетелдіктерді мемлекеттен қуып шығаруды талап етушілер әрекеті күшейді.

Сол кезде самурайлардың сауатты болуы және зиялылар Жапония шетелдіктер үшін жабық болған жылдарда мемлекет өркениеті АҚШ пен Батыс Еуропа мемлекеттерінен артта қалғандығын жақсы түсінген. Соның үшін олар терең реформалар өткізу жолымен Жапонияны заманауи мемлекетке айналдыру туралы ойлай бастаған.

Император жақтастары Жапонияны модернизациялау үшін күресушілерді әрекетінен сиогун үкіметін аяқтау және император үкіметін қайта тіктеу үшін пайдалануға шешім қабылдады.

Солай етіп мемлекеттің күшпен ашылуы және сюгун үкіметінің шет мемлекеттермен қол қойған тең болмаған келісімшарттары мемлекетте

Жапондарда салыны езу процесі

азаматтар соғысы басталуына түртті болды. Сюгун үкіметін құлату үшін жаппай әрекеттіңнегізгі күшін самурайлар құрады. Оларға ауыл және қалалардың бай және орта таптары қосылды. Азаматтар соғысы нәтижесінде сиогун үкіметі аударылды.

1867 жылы токугава әулетінің соңғы сюгуны **император Мутсухитоның** пайдасына жоғары үкіметтен бас тартты. Сол жылы оған **император Мейдзи** («білімді басқару») атымен тәж кидірілді.

Император Мейдзи

Мейдзи реформаларының басталуы. Жапония үшін модернизация дәуірі басталды. Үкімет өз алдына ұлттық дәстүрлерден бас тартпаған, тәуелсіздікті толық сақтап қалған түрде Батыс үлгісінде Жапонияны заманауи ету міндетін қойды. Алдымен аграрлық реформа өткізілді. Бұл реформа жерді сату және сатып алуға, оны жекеменшік мүлікке айналдыруға рұқсат берді. Нәтижеде, ғасырлар барысында үлкен жер иелері белгілеп қойылды.

Бұл салық құнының есебінен алынатын пайда өлшемінің 50 пайызына тең еді. Соның үшін де реформадан 10 жыл өткеннен кейін жер алған диқандардың не бары 1/3 бөлігі өздеріне берілген жерді қолдарында сақтап қалды. Қалғандары жалға алушыларға айналды. Осындай болуына қарамай, реформа ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастардың дамуын қамтамасыз етті.

Әкімшілік салада өткізілген реформа жергілікті князьдар үкіметін аяқтады. Князьдар құдіретін сындыру үшін алғаш олар жерлерінің бір бөлігі тәркіленді.

Соң князьдар басқару құқынан да айрылды. Жерлерде билік император тағайындайтын губернаторлар қолына өтті.

1854 жылы АҚШ әскери-теңіз флоты Жапонияны ашылуына мәжбүр етті.

1858 жылы Жапонияда американдықтарға тағы бірнеше порттар ашып қойылды.

1867 жылы Токугава әулетінің соңғы сюгуні император Мутсухитоның пайдасына жоғары үкіметтен бас тартты.

Әскери реформаға сәйкес, Жапонияда жалпы әскери міндет енгізілді. Самурайлар алдыңғы көрінісін жоғалтты. Енді олар үздіксіз әскери қыз-

http://eduportal.uz

метте болу жеңілдігінен айрылды. Еуропалық формадағы жаңа әскерді құру басталды.

Франциядан әскери мамандар шақырылды. Әскер Еуропадан сатып алынған заманауи қарулармен қайта қарулантырылды. Қаншалықты әскер еуропаша үлгі негізінде түзілген болса-да, оның идеологиясы жапонша болып қалды. Дегенмен, қарулы күштерде қызмет етушілер санасына өз мемлекетінің мүдделеріне сенімдік, императорға махаббат пен өлімді елемеу идеялары жүйелілікпен сіңдірілді. Бұл ерекшеліктер «жапонша ұлттық рухтың» қырлары, белгілері деп саналды.

Бұдан тыс, жапондар санасына Жапонияның күн құдайы Аматерасу қалауына қарай пайда болғандығы, соның үшін де бұл мемлекет Аспан және Жер сияқты әдеби бар екендігі, императорға Құдай Аматерасудай мейірбан тән екендігі, оның ешқашан әділетсіз болуы мүмкін еместігі атап өтілді. Императорға сенімдік отансүйгіштіктің жоғары үлгісі екендігі, жапондардың басқалардан үстемдігі, ұлттың ұлы міндеті сияқты идеялар да одан-да аз болмаған сабырлылықпен сіңдірілді. Сол кезде Батыс мемлекеттері қысымына қарсы тұру үшін барша Азия мемлекеттері Жапония императоры үкіметіне бірігуі қажеттілігі туралы идеялар да естен шығарылмады.

Бұл идеяларды жастар санасына сіңдірілуінде шіркеу, әскер және мектептер қызметіне үлкен назар аударылды. Бұл идеялар болашақта Жапонияның Азия материгінде алып барған кең көлемді басқыншылық соғыстарын идеологиялық тұрғыдан даярлау үдерісінде қажетті рөл атқарды.

- 1854 жылы ...
- 1867 жыл ...
- Жапондар санасына ... сабырмен сіңдірілді.
- Аматерасу – бұл ...

Экономикалық өркендеудің жаңа ерекшеліктері. Мейдзи реформалары мемлекетте феодалдық бытыраңқылыққа шек қойды. Нәтижеде, жеке жапон ішкі базары пайда болды. Мемлекетте жеке ақша бірлігі – иена енгізілді. Үкімет өндіруді өнеркәсіптендіру мәселесіне Жапонияны оның ішкі жұмыстарына шет мемлекеттер араласуы қатерінен қорғаушы негізгі алғышарт деп қарады. Соның үшін де мемлекет өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыстарына демеушілік жасады. Негізгі өнеркәсіп кәсіпорындары мемлекет қаржысы есебіне құрылды, кейіннен олар жеңілдік негіздерде

http://eduportal.uz

түрлі фирмаларға сатылды яки жалға берілді. Мемлекет кәсіпкерлікті жан-жақты ынталандырды және қолдады. Мейдзи реформалары тарихқа «Мейдзи төңкерісі» атымен кірген.

XIX ғасыр, әсіресе, оның екінші жартысы Жапонияда капитализмнің қарқынды даму дәуірі болды. Ол Мейдзи төңкерісінен соң дәстүрлі өркениет мемлекеттері ішінде бірінші болып индустриялды өркендеу жолына кірді, капиталистік өркендеу үшін жағдай жаратылды, конституция қабылдады, саяси партиялар пайда бола бастады, құқықтық мемлекеттің белгілері пайда болды.

Модернизация – заманауи ету.

Экстерриториалды құқық – шетел азаматтарының тұлғасы, тұрғын-үй мен мал-мүлкінің дербестігі және жергілікті мемлекет сотының оларды соттай алмауы.

1. Не себептен АҚШ пен Еуропа мемлекеттері үшін Жапонияны «ашылуға» мәжбүр ету қажет еді?
2. Жапонияда сюгун үкіметі қай тәрізде аударылды?
3. Император Мусухито өткізген реформалар туралы нелерді біліп алдыңдар?
4. Мейдзи реформаларының Жапония өркендеуіндегі орнына баға беріңдер.

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Жапондар санасына ақырын сіндіріліп барылған идеяларды талқыландар және дәптеріне жаз. Заманауи Жапония дамуында «Жапонша ұлттық рухтың қиығы» тақырыбында эссе жазыңдар.

Интернет арқылы *XIX ғасырда Жапония мемлекетіне* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар және Жапония модернизациясының белгілерін баған түріне келтіріп, дәптерлеріне жазыңдар.

Тақырыпқа байланысты «Сюгун» көркем фильмін көріңдер және қорытынды шығарыңдар.

29-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА КОРЕЯ

XIX ғасыр бастарында үкіметтен ығыстырып шығарылған ақсүйектер үстем топқа қарсы соғысқа даярланатын еді. Ли үстем әулетіне қарсы бай жер иеленуші Хон Ген Не басшылығындағы ең ірі қарулы көтеріліс болып өтті. Олар алғаш қол жеткізген бірқатар жетістіктеріне қарамай,

http://eduportal.uz

нәтижеде жеңіліске ұшырап, аяусыз жазаланды. Тұтқынға алынған Хон Ген Не өлтірілді. Көтерілістің бастырылуы мемлекетте наразылықтарды тоқтата алмады. 1813 жылы Жежудо аралында диқандар мен балықшылардың көтерілісі болып өтті. Кейін бірқатар құрғақшылық жылдары келді, оларда аштықтан және аурулардан көптеген адамдар қырылып кетті.

Ли Сон Ге қашан Ли әулетіне негіз салған еді?

Кореяны аштық және оба эпидемиясы қамтып алды. Қалаларда аштардың бірқатар көтерілістері болды.

XIX ғасырдың 30–60 жылдарында Корея. XIX ғасырдан корея қоғамының барша жүйелеріндегі құлдырау одан әрі шиеленісті. Ішкі саяси қарама-қайшылықтардан әлсізденген Ли әулеті құлдырауға бет бұрды. Міне, сондай кезде мемлекетке Кореяны шет мемлекеттер үшін ашу және оны отарға айналдыруға ұмтылып жатқан капиталистік мемлекеттер қатер төндіріп жатқан еді. Бұл қатер алғаш еуропалық христиан миссионерлерінің белсенділігі асқандығы мен көрсетілді.

1831 жылы Рим папасы Корея эпископтығы түзілгендігін жариялады. 1832 жылы Корея жиектері маңында пайда болған кеме Ұлыбритания атынан сауда қатынастары орнатуды ұсыныс, бірақ қарсы жауабын

Су тасушылар Корея. XIX ғасыр

http://eduportal.uz

алды. Бұл арада христиан шіркеуі миссионерлері өкілдері Кореяға жасырын кіріп келіп, өз қызметтерін алып бара жатқан еді. Олар, негізінен, француз миссионерлері еді. Бұл миссионерлердің христиан дінін қабылдаған кәрістермен бірге өлтірілуі Кореяға француз әскери кемелері жіберілуі үшін желеу болды. Әскери күштерге таянған француздар миссионерлердің өлімі үшін табан төлеу ретінде Корея порттарының ашылуын талап етті. Бірақ сапар сәтсіздік болды – екі кеме Корея жиектері маңында саяз шұқырға отырып қалды.

Қытайдың шет мемлекеттер үшін зорлықпен «ашылуы» және манчжурлардың құдіретті Батыс мемлекеттеріне тізе бүгуі Кореяның үстем шеңберлерге өте үлкен әсер көрсетті. Сеулдік билеушілер мемлекетті сыртқы дүниеден тағы да қаттырақ және одан да толық ажыратып қою жолына өтті.

- 1831 жылы ...
- 1832 жылы ...
- Ли әулеті құлдырауының себептері – бұл ...

XIX ғасырдың орталарында Кореядағы ішкі жағдай халық ашуының артып баруымен характерленеді. Миссионерлердің бірі өзінің жасырын хабарында: «Кішігірім ұшқын сондай өрт келтіріп шығаруы мүмкін, оның салдарын, есепке алып та болмайды», деп жазған-ды.

Ашаршылық жағдайды одан әрі ауырластырып жіберді. Дихандардың көптеген көтерілістері көтерілді, бірақ олардың барлығы үкімет тарапынан аяусыздықпен бастырылды. Бұл арада капиталистік мемлекеттердің Кореяға қысымы да күшейді. Әсіресе, американдықтар бірнеше рет Корея порттарын өздері үшін «ашуға» және тең болмаған келісім-шарттар құруға ұмтылып көрді.

Бірақ олардың барша талпыныстары кәрістердің қатты қарсылығына ұшырады және жүзеге аспады.

1863 жылы 12 жасты Ли Цзе Хван Король Кожон атымен таққа отырғызылды. Билікті уақытынша **тевонгун** (хакім) болған оның атасы Ли Ха Ин иелеп алды. Тевонгун ең қажетті мемлекет лауазымдарына өз адамдарын қойып алған **норон** (ақсақалдар) ақсүйектер партиясының зорлығына шек қойды. Ол, дворян болмаған қабаттар – саудагерлер, өзіне тоқ шағын жер иелерінің кейбір өкілдеріне де мемлекет қызметіне кіру мүмкіндігін жаратты. Кореяның ілгері шешуші әсерге ие болған ақсүйектерінің құдіреті бірқатар әлсіреді.

http://eduportal.uz

Қарапайым адамдар төлейтін әскери салық барша қабаттар үшін мәжбүр үй иесі салығымен алмастырылды. Ақсүйектермен қарапайым халықты «теңестіру» мақсатында халық үшін қара түрлі-түсті аяқ киім киюге тыйым салынды. Жаңа патшалықтың абыройын арттыру үшін тевонгун XVI ғасырда жапондар шапқыншылығы кезінде жанып кеткен Кенбоккун сарайын тіктеді.

1813 жылы Жежудо аралында диқандар мен балықшылардың көтерілісі болып өтті.

XIX ғасырдың орталарында Кореядағы ішкі жағдай халық ашуының артып баруымен сипатталады.

1863 жылы Кореяда үкіметті тевонгун, яғни хакім атымен атақты Ли Ха Ин иеледі.

Бірақ Корея үстем топтарының заман талаптарына сай экономикалық реформаларды өткізбегендігі, мемлекетті сыртқы дүниеден ажыратып қойғандығы Корея экономикасының нашар ахуалда қала беруіне себеп болды.

Ал бұл, нәтижеде Кореяның Жапония колониясына айналып қалуына алып келді.

Кореяда жер иелері мен шенеуніктердің билігіні нығайту мақсатында жүзеге асырылған өзгерістер мемлекетте феодал жүйенің терең құлдырауын тоқтата алмады. Европаның озық идеяларын қабылдаған зиялылардың бір бөлігі христиан миссионерлерінің ықпалына түсіп қалды. Мемлекет Қытай, Жапония, Ресей мен Европа мемлекеттерінің колониялық нысанына айналды.

1. XIX ғасыр бастарында Кореяда болған көтерілістердің себебін түсіндіріп беріңдер.
2. Кореяның әлсізденуінде миссионерлер қандай рөл атқарды?
3. Кореяда үкіметті хакім Ли Ха Ин қашан басып алған?
4. Қандай алғышарттар Кореяның экономикасын нашар жағдайға салып қойды?

Көркем-тарихи шығарма мен істеуге тиісті тапсырма

n.ziyouz.com сайтынан Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлты» қиссасын оқыңдар және алған әсерлерінді дәптерлеріне жазыңдар.

XIX ғасыр Корея мемлекеті тарихи үдерістерін кластер формасына келтір.

http://eduportal.uz

30-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ОСМАНДАР ИМПЕРИЯСЫ

Мемлекет жүйесі. Османдар империясы сөз жүргізіліп жатқан дәуірде де абсолюттік монархия болып, Орта ғасырларға тән әскери мемлекет белгілері толық сақталып қалды. Мемлекеттің құқықы ешнәрсемен шектелмеген сұлтан басқаратын еді. Дәл оның зорлыққа негізделген үкіметі мен жаңалықты қабылдауға мүлдем даяр еместігі қоғам өркениеті жолындағы негізгі тосқауылға айналды. Халықтың дін басыларынан басқа барша мемлекет қызметкерлері сұлтанның құлы саналған. Дұрыс, мемлекетте реформалар өткізуге талпыныстар да болды. Бірақ олар тақуа дін қайраткерлері мен отаршыл шетел мемлекеттерінің қарсылығынан жүзеге аспай қалды.

Кіші Азиядағы Салжұқтар мемлекеті қашан ыдырап кетті?

«Шығыс мәселесі». XVIII ғасыр соңына келіп, Еуропаның күшті мемлекеттері Османдар империясының әлсіреп қалғандығынан пайдаланып, оның отар аумақтарына көз сала бастады. Бұл аймақтар географиялық және саяси тұрғыдан үлкен маңызға ие, табиғи байлықтарға, шикізаттарға бай өлкелер еді.

Ұлыбритания, Франция, Австрия және Ресей үстем орталарының әрбірі бұл өлкелерден барынша көбірек олжаны қолға алуға ұмтылды. Еуропа мемлекеттерінің Османдар империясына тәуелді өлкелерді иелеп алу үшін өзара күресі тарихқа «Шығыс мәселесі» деген атпен кірген. Ұлыбритания мен Франция империяны өз әсерінде ұстауға ұмтылды.

Түрік әскерлері. XIX ғасыр

Ал Ресей Түркияға тәуелді болған Балқан жартыаралында нықтап орналасып алуға және Қара теңіздің Босфор және Дарданелл бұғаздарын, сондай-ақ Ыстамбул қаласын басып ұмтылған.

Шығыс мәселесінің шиеленісуі. Еуропаның өркендеген мемлекеттерінде капиталистік өндірудің дамуы жаңа-жаңа шикізат өлкелеріне болған талапты одан әрі асырып жіберді. Бұл оқиға

http://eduportal.kz

олардың Түркия отарлары үшін күресін одан әрі күшейттірді. Империя халықтарының ұлт-азаттық күресінен Еуропа мемлекеттері Түркия ішкі жұмыстарына араласу құралы ретінде пайдаланды. Дегенмен, 1827 жылы Лондонда Ұлыбритания, Франция мен Ресей арасында Түркияға тәуелді Грециияға автономия құқы берілуін көзде тұтатын бітімге қол қойылды.

Ал, Франция 1830 жылы Израилді басып алды. Сұлтан үкіметінің мұндай кетпе-кеттік сәтсіздігі ресми Түркияға тәуелді Мысыр билеушісі Мұхаммед Әлінің бас көтеруіне себеп болды.

Ұлыбритания, Франция, Австрия мен Ресей үстем өкілдерінің әрбіреуі Түркиядан мүмкіндігінше көбірек олжаны қолға алуға ұмтылды.

1830 жылы Франция Израильді басып алды.

Мұхаммед Әли сұлтан әскерін қиратқаннан кейін, Ыстамбул қаласына жол ашылды. Сұлтанды апаттан Ресей сақтап қалды. Соңғы мақсаты – біріншіден, Қара теңіз бұғаздары мен Ыстамбул қаласын қолға алу Ресей үшін күшті Мұхаммед Әлиден күшсіз сұлтан үкіметі жөн еді.

Екіншіден, Мұхаммед Әлидің жеңісі оны қолдап жатқан Францияның да жеңісіне тең еді. Бұған жол қоюын қаламаған Ресей Түркия сұлтанына өз көмегін ұсынды.

Ресей флотының қысымымен Мұхаммед Әли өз әскерін Мысырға қайтарып алып кетті. Енді Ресей – Түркия арасында жақындасу бола бастады. Бұған Ұлыбритания мен Франция, шыдай алмайтын еді. Енді олар мұра етіп қалдыру құқын сұлтаннан талап етті. Бұл талап жаңа соғыс басталуына желеу болды. Соғыстың аяғына сәйкес, 1840 жылы Мұхаммед Әли Мысыр мен Суданды басқаруды мұра етіп қалдыру құқына ие болды.

Империяның жартылай колонияға айналуы. Еуропа мемлекеттері Түркия ішкі жұмыстарына араласуды одан да күшейттірді. 1853 жылы Ресейдің Түркияға тәуелді өлкелерде нығайып алуға талпыныстары олар арасындағы соғысты келтіріп шығарды.

Бұл соғыс Ресей тарихына **«Қырым соғысы»** (1853–1856) атымен кірген. Соғыс басталуы алдыннан Ресей патшасы Николай I сұлтаннан Ресейді Түркияға тәуелді өлкелерде қасиетті жайларды үстінен демеуші деп тән алуын талап етті. Ұлыбритания мен Франция Түркия сұлтанын

http://eduportal.uz

Қырым соғысы

бұл талапты бас тартуға үндеді. Нәтижеде, Ресей – Түркия соғысы басталды.

Соғыста Ұлыбритания, Франция мен Түркия үштік одағы жеңіске жетті. Бірақ бұл жеңіс Түркияның Ұлыбритания мен Францияға тәуелділігін одан әрі күшейттірді. Соғыс нәтижесінде 1856 жыл қол қойылған Париж Тыныштық келісімшарты Түркия үстінен іс-жүзінде Батыс мемлекеттерінің «демеушілігін» орнатты. Шетелдіктерге Түркияда жер мен басқа көшпес мүліктер сатып алуға рұқсат берілді. Шет мемлекеттерге берілген консессиялар кепілденді. Солай етіп Түркияның жартылай колонияға айналуы үшін жол ашылды. XIX ғасырдың 60 жылдарына келіп отаршыл мемлекеттер Түркияда оның саясатын белгілеуге мүмкіндік беретін экономикалық және саяси ұстанымына ие болып алды.

Сонымен, мемлекеттегі мешеу әлеуметтік және саяси жүйеден империя ақырын бүліне бастады. Империя және оған тәуелді

аймақтарда тәуелсіздік үшін күрес өрбіді. Түркияның шет мемлекеттерден қарызы өте көбейіп кетті. Солай етіп бір уақыттары дүниенің 3 материгінде үлкен-үлкен колонияларға ие болған Түркия болашақта Еуропаның күшті мемлекеттерінің жартылай колониясына айналды.

- 1827 жылы ...
- 1830 жылы ...
- 1853 жылы ...
- Ресей – Түркия соғысы басталуы себебі – бұл ...

Консессия (латынша – рұқсат, жан беру) – мемлекет кәсіпорындарын, мүлкін белгілі мерзімге шетел капиталына беру туралы келісімшарты.

1. Османдар империясының мемлекет жүйесі туралы нелерді біліп алдыңдар?
2. «Шығыс мәселесі» қандай мәселе еді және ол қай тәрізде пайда болған?
3. «Шығыс мәселесінде» Еуропа мемлекеттері ортасындағы күреске баға беріңдер.
4. Османдар империясы қай тәрізде жартылай колонияға айналды?

Көркем-тарихи шығармамен істеуге тиісті тапсырма

n.ziyouz.com сайтынан Жалалиддин Румидің «Көңіл көзінді аш» шығармасын оқыңдар. Өздігіңнен «Османдар империясының құлдырауы себептері мынадай, ...» мазмұнында эссе жазыңдар.

Османдар империясы тарихи үдерістерін хронологиялық формасына келтіріңдер.

31-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ИРАН МЕН АУҒАНСТАН

Мемлекет жүйесі. Иран XIX ғасырда да абсолюттік монархия болып, шах шектелмеген құқыққа ие еді. Бүкіл билік оның қолында жиналған. Шахтың құзырында құпия кеңес түзілген болып, оның құрамына **садри азам, амин ад-давла, уәзір, әкімбасы** және **шейх-уль-ислам кіретін.**

Сафавилер мемлекеті алғаш қайсы аймақта құрылған еді?

http://eduportal.uz

Мемлекет облыстарға бөлінген, оларды **бектердің бегі** басқаратын. Тақ мұрагеріне Әзербайжан да берілген болып, оның мекені Табриз қаласында орналасқан еді. XIX ғасырға келіп, Шығыста билікті өз қолдарына алу үшін күрес алып бара жатқан Ұлыбритания мен Франциянын Иранға қызығуы күшейді. Кавказда өз билігін орнату үшін Ресеймен 1826–1828 жылдары болған соғыстарда Иран жеңіліске ұшырады және Кавказға болған талабынан бас тартты.

Иранның Ұлыбритания базарына айналуы. Ресеймен соғыстағы жеңіліс пен оның салдары Иран үстем таптары арасында айқын наразылықты келтіріп шығарды. Нәтижеде, Иранның қатар облыстарында ірі жер-мүлік иелері басшылығында шахқа қарсы бүлік көтерілді. Ұлыбритания Иранның ауыр жағдайынан пайдаланып, оны тең болмаған келісімшартқа қол қоюға мәжбүр етті. Оған сәйкес, Ұлыбритания Иранмен сауда жұмыстарында үлкен жеңілдіктерге ие болып алды.

Нәтижеде, ол Иран базарларын өзінің жеңіл өнеркәсібі өнімдерімен толтырып тастады. Ал бұл, өз кезегінде, жергілікті диқандарды, қолөнерші және саудагерлерді күйзеліске ұшыратты. Сол себепті Иран ірі тәуілді Ұлыбританияның өнеркәсіп өнімдері сатылатын базарына айналып қалды. Бұл мемлекетте ақшаға болған талапты асырып жіберді.

Нәтижеде, мемлекет аппаратындағы мансаптарды сату және сатып алу өте күшейді. Облыс әкімдері, үлкен-үлкен жер-мүлік иелері мемлекет қазынасына салық төлемей қойды. Бұл алғышарттар мемлекет еңбеккер қабаттары арасында күрт наразылық келіп шығуына себеп болды және соңында, 1848 жылы көтеріліс көтерілуіне алып келді. Бұл көтеріліс тарихқа **«Бабурилер көтерілісі»** атымен енді.

XIX ғасырда Иран Ресеймен болған соғыстарда жеңіліске ұшырады және Кавказ арты аумақтарына болған талабынан бас тартты.

1848 жылы Иранда бабурилер көтерілісі басталды.

Бабурилер көтерілісі. Көтеріліс шах жүйесіне, зұлымына және жер иелігіне қарсы қаратылған еді. Көтеріліс қатысушылары, негізінен, қолөнершілер, майда саудагерлер, қала кедейлері және қала айналасында жасайтын диқандар еді. Көтерілісте дінбасылардың төменгі табы да қатынасты.

Көтерілісшілер бабизмдік ілімі жақтастары еді. Бұл ілімнің негізін салушы сейт Әли Мұхаммед болып, өзіне Баб («Ақиқат пен әділет жо-

http://eduportal.uz

лына алып шығатын есік») лақабын қабылдаған еді. Бабизмдік атауы сол лақаптан келіп шыққан.

Көтеріліс 1850 жылдың орталарына дейін жалғасты. Әскери тұрғыдан үстем болған шах әскері бабизмдер көтерілісті бастырды. Әли Мұхаммед өлтірілді.

Иран – Ұлыбритания соғысы. Ұлыбритания Иранның әлсізденіп қалғандығынан пайдалануға шешім қабылдады. Орта Азиядағы хандықтарға әсер өткізуде Герат қаласының үлкен маңызға ие екендігін ұмытпаған Ұлыбритания Иранды ресми Гератқа талабынан бас тартуға мәжбүр етті. Бірақ 1856 жылы Иран Герат қаласын басып алды. Бұған жауап ретінде Ұлыбритания Иранға соғыс жариялады. Бұл соғыста Иран жеңіліске ұшырады.

1857 жылы Ұлыбритания мен Иран ортасында Париж Тыныштық келісімшарты қол қойылды. Келісімшартқа сәйкес, Иран Герат және Ауғанстанның басқа аумақтарына болған талабынан бүткіл бас тартты.

- 1826–1828 жылдарда ...
- Иранда шах құзырында құпия кеңес құрамы – бұл ...
- Париж Тыныштық келісімшартына көре, ...

Париж Тыныштық келісімшарты Ұлыбританияның Ирандағы әсері сезілерлі дәрежеде өсуіне қызмет етті.

Ауғанстан. Тәуелсіздік үшін күрес. XVI ғасырдан бастап, ауғандар Иран сафавилерге қарсы ұзақ жылдар барысында күрес алып барды. 1709 жылы Кандагар облысында Иран басқыншылығына қарсы кезектегі көтеріліс көтерілді. Көтеріліске ауғандардың гильзой тайпасы ханы Әмір Вайсхан басшылық етті. Оның әскери бөлігі Кандагар қаласын иеледі.

Ауғанстан – Иран қатынастары. Қысқа уақыт ішінде Кандагар құдіретті хандыққа айналды. Ол 1722 жылы Иран астанасы Исфаханды да иеледі және Әмір Вайсханның баласы Әсір Махмұт өзін Иран шахы деп жариялады. Енді Иран тәуелсіздік үшін күрес бастады. Бұл күреске Иран әскері қолбасыларының бірі Нодир Құлы басшылық етті. Иран ауған басқыншылардан толық азат етілді.

1736 жылы Нодир Құлы Нодиршах атымен Иран шахы деп жарияланды. Ол қазіргі кезде үлкен басқыншылық соғыстары да алып барды. Ауғанстанды да бойсұндырды. Ауғанстанды бағынышты түрде ұстап тұру

http://eduportal.uz

үшін Ираннан көптеген әскерлерді отбасыларымен Кабул және басқа қалаларға көшіртіріп келінді.

Ауғанстан мемлекетінің құрылуы. 1747 жылы Нодиршах өлтірілгеннен кейін, империя да ыдырады. Ауғанстан мемлекетінің құрылуы үшін қолайлы жағдай туылды.

- 1709 жылы ...
- 1722 жылы ...
- 1736 жылы ...
- 1747 жылы ...

1747 жылы ауған тайпа хандарының **жирғасы** (кеңесі) ауғандардың абдалы тайпасы бастығы Ахметханды Ауғанстан шахы деп жариялады. Ахметшах қысқа уақыт ішінде мемлекет аумағын біріктіре алды.

Бұл жеңістердің есесіне ол өзіне «Дурри дурон» атағын қабылдады және абдалы тайпасының атын дуррони атымен өзгертілді.

Орталық үкіметке мойынсұнбаулық әрекеті және басып алынған өлке халықтарының үздіксіз көтерілістері салдарында дурронилер әулетінің билігі әлсіреді.

Ахмедшахтың мұрагерлері бұл екі алғышартқа қарсы қаншалықты күреспесін, оларды жоя алмады.

Дурронилер әулеті билігінің пайда болуы. Қазіргі кезде мұрагерлер арасында тақ үшін күрес те күшейде. Бұдан басқа тайпалар хандары пайдалануға ұрынды. Себебі, баракзайлар жетекшісі Фатххан тақ үшін күресте әлі ол мұрагерді, әлі бұл мұрагерді қолдап, мемлекетте бас уәзір лауазымын иелеп алды және бүкіл мемлекет жұмыстарын іс-жүзінде өз қолында топтауға қол жеткізді.

Ол ірі әскери бастықтарының бірі, інісі Дос Мұхаммедхан көмегіне таянатын. Олар Ауғанстанның дерлік барша ірі облыстары әкімдерін өздеріне қарасты адамдардан тағайындалуына қол жеткізді. Ұзақ жалғасқан өзара күрестерден соң 1826 жылы Дос Мұхаммедхан Ауғанстан тағын иеледі және өзін әмір деп жариялады.

Солай етіп дурронилер әулеті билігі пайда болды. Мемлекетте баракзайлар әулеті билігі орнатылды. Бұл әулет билеушісі әмір Дос Мұхаммедхан бүкіл Ауғанстанды жеке мемлекетке біріктіру және оны күшті мемлекетке айналдыруға әрекет жасады.

Бірінші ағылшын – ауған соғысы (1838–1842). Ауғанстан географиялық тұрғыдан қажетті стратегиялық өлкеде орналасқандығы үшін бұл мемлекет аумағында Ұлыбритания мен Ресей мүдделері тоғысты. Ұлы-

http://eduportal.uz

британия Ауғанстанды өз әсер шеңберіне алу мақсатында оған шабуыл жасады. Қысқа уақыт ішінде Қабул қаласын иеленді. Таққа дурронилер әулетінің өкілі Шужу отырғызылды. Бірақ еркіндік сүйетін ауған халқын бойсұндыру оңай емес еді.

Ауғанстан Ресей мен Англия қоршауында. Карикатура

Қабул халқы көтеріліс шығарды. Бұл көтерілісте Дос Мұхаммедханның баласы Акбаршах үлкен рөл атқарды. Ұлыбритания әскері қолбасшылығы барша әскери бөліктерін Ауғанстаннан алып шығып кету туралы келісімшартты қол қоюға мәжбүр болды.

1842 жылы Ұлыбритания әскері Ауғанстаннан шығып кетті. Солай етіп бірінші ауған – ағылшын соғысы Ұлыбритания жеңілісімен аяқтады. Дос Мұхаммедханның әмірлік үкіметі қайта тіктелді.

1747 жылы абдалы тайпасының бастығы Ахметхан Ауғанстан шахы деп жарияланды.

1826 жылы Дос Мұхаммедхан Ауғанстан тағын иеледі.

1842 жылы Ұлыбритания әскері Ауғанстаннан шығып кетті.

1857 жылы Ұлыбритания мен Ауғанстан ортасында әскери келісім шарты түзілді.

Ұлыбританиямен жаңа соғыс келіп шығуын қаламаған Дос Мұхаммедхан 1855 жылы ағылшын – ауған достық келісімшартына қол қойды. 1857 жылы Ұлыбританиямен Ауғанстан ортасында әскери келісімшарт та түзілді.

Бұл келісімшарт Ұлыбритания үшін Ауғанстанды вассал мемлекетке айналдыру жолындағы бірінші қадам болды.

1863 жылы Дос Мұхаммедхан қайтыс болғаннан кейін, оның ұлдары ортасында тақ үшін күрес өрбіді. Ауғанстанда өз мүдделеріне ие болған Ұлыбритания және Ресей оның ішкі жұмыстарына араласпауын білдірді.

1870 жылы Ауғанстан отар да, тәуелді мемлекет те емес еді. Бірақ оның шекараларына оңтүстік-шығыстан Ұлыбритания, ал солтүстіктен Ресей одан әрі жақындасып келе жатқан еді.

http://eduportal.uz

XIX ғасырда Иран күшті ұлттық армияға, орталық мемлекет аппаратына және жеке салық жүйесіне ие емес еді. Иран Ресей мен Ұлыбританияның аймақтағы басқыншылық ұмытылуларына қарсылық ете алмады.

Мемлекет ішіндегі реформаларға діни жауыздық пен оған негізделген мемлекет жүйесі, әлеуметтік институттардың аз өркендегендігі кедергі жасап жатқан еді. Нәтижеде, Иран күшті мемлекеттердің жартылай колониясына айналдырылды.

Ұлыбританияның бірнеше рет талпынуларына қарамай, Ауғанстан өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Бірақ, таңқаларлығы сондай, яғни өз тәуелсіздігін сақтап қалған күшті мемлекеттердің әсері өте шектелген Ауғанстан өркендеудің ең соңында қалып кетті. Ол XIX ғасыр аяғында да тайпа-ұрықтық қатынастары мен натуралды қожалық сақталып қалған мемлекеттердің бірі еді.

Садри азам – бас уәзір.
Амин ад-давла – қаржы және ішкі істер уәзірі.
Әкімбасы – сарай бас дәрігері.
Дурри дурон – асылдардың асылы.
Жирға – кеңес.

1. Иранның мемлекет жүйесі туралы нелерді біліп алдыңдар?
2. Қандай алғышарттар бабурилер көтерілісін жүзеге асырды?
3. Иран қай тәрізде Ұлыбритания ықпал шеңберіне түсіп қалды?
4. Ауғанстанда дурронилер әулеті билігі қалай құрылды?
5. Не үшін Ұлыбритания Ауғанстанды басып алуға яки өзіне вассал мемлекетке айналдыруға қол жеткізе алмады?
6. Әмір Дос Мұхаммедхан Ұлыбритания мен Ресейге қарата қандай саясат жүргізді?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Тақырыпқа тиісті негізгі ұғымдарды сөздік көмегінде ағылшын тіліне аударма жасаңдар және дәптерлеріңе кесте көрінісінде жазыңдар.

Интернет арқылы *XIX ғасырда Иран мен Ауғанстанға* виртуалды саяхат ұйымдастырыңдар. Иран мен Ауғанстан тарихындағы ұқсас және айырмашылық жақтарын анықтаңдар. Дәптеріңе Т-технологиясы негізінде талқыланда.

http://eduportal.uz

32-тақырып: 1800–1870 ЖЫЛДАРДА АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫ

Материктегі жағдай. Африка халықтары XIX ғасырда әлеуметтік-экономикалық өркендеудің түрлі басқышында жасайтын. Себебі, Эфиопия, Мысыр, Тунис, Марокаш, Судан және Мадагаскар сияқты мемлекеттерде феодалдық монархия шешім тапқан болса, кейбіреуінде әлі де ежелгі топ жүйесі сақталып қалған еді. Тайпалар көшпелі тұрмыс салтына ие болып, олардың шағын-шағын топтары өздері үшін қатаң белгіленген аумақ шекарасында ғана аңшылық пен темершілікпен өмір сүретін. Олар ауыл шаруашылығын, металды өңдеуді және металл жұмыс құралдарынан пайдалануды білмейтін.

Мали мемлекеті тарихында VIII ғасыр, XI ғасыр, XIII ғасырларда қандай тарихи оқиғалар болған еді?

Батыс Африкадағы **Гана** және **Мали** мемлекеттері ең ежелгі мемлекеттері саналатын. Африкада ауыл шаруашылығы дамыған халықтар да жасайтын еді. Олар, негізінен, кофе, жержаңғақ және какао өсіретін.

Африканың бөліп алынуы. Үлкен табиғи байлықтарға ие болған Африка Еуропаның күшті мемлекеттерінің назарын тарпай қалмады. Еуропа мемлекеттерінің басқыншылығы Африка халықтары өмірін күрт өзгерттіріп жіберді. Дәстүрлі сауда байланыстары үзілді. Жергілікті өндіру күйреді. Африкалықтарды құл етіп сату XIX ғасыр орталарына дейін жалғасты. Мұның нәтижесінде материктен миллиондаған адамдар сатып жіберілді. Португалия отарлары болған Ангола және Мозамбик ең қажетті құл саудасы базалары еді.

XIX ғасырдан бастап, материктің ішкі бөлігін де отарға айналдыру басталды. XIX ғасыр соңына келіп, материк аумағының 90 пайызы отаршылар қолына өтті. Тек қана екі мемлекет – **Либерия** және **Эфиопия** ғана өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Африкада тәуелсіз Либерия мемлекетінің құрылуы. Оның құрылуы АҚШ-та құлшылыққа қарсы күреспен байланысты. 1816 жылы АҚШ-та еркіндікке қол жеткізген негр құлдарды Африкаға орналастыру әрекеті басталды. Нәтижеде, 1821 жылы Гвинея жиектерінен 13 мың км^2 жер майданы сатып алынды. Ол жерде **Монровия** (АҚШ Президенті Монро атынан алынған) мекен-жайы құрылды және Американың бұрынғы негр

http://eduportal.uz

Еуропалық құлиеленуші кемеде африкалық құлдарды алып кетуде

құлдарынан бір бөлігі бұл жерге орналастырылды. Жайғасып алған бұл бұрынғы құлдар тұратын аумағын барған сайын кеңейттіріп барды.

Ал 1847 жылы Либерия азат мемлекеті құрылғандығы жарияланды. Бұл мемлекетте Батыс Еуропа және Солтүстік Америкадағы озық тәртіп-ережелер енгізілді. Либерия Ұлыбритания және Франция арасындағы бәсекелестіктен шеберлікпен пайдаланып, өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Эфиопия. XIX ғасырда да Эфиопияда Орта ғасыр қатынастары үкім ететін. Ол бірнеше князьдіктер бірлесуінен құралған мемлекет еді. Олардың әрбірі өз әскеріне ие еді. Бұл князьдіктер жайғана орталық үкіметті тән алатын. Еуропа мемлекеттері міне, сол алғышарттан пайдалануға ұрынды. Мемлекетті шетелдік дұшпандар басып алу қатері барған сайын күшейіп кетті.

Осындай бір жағдайда Эфиопия саясат майданына шағын жер иесінің ұлы Касса шықты. **Касса** Эфиопияны жеке мемлекетке біріктірілді және 1855 жылы өзін император деп жариялады. Ол жақсы әскери дайындық көрген әскер күшін құрай алды. Ірі феодалдарды өз әскеріне ие болу құқынан айырды. Мемлекетте экономиканы дамытуға қаратылған қатар

Африканың бөліп алынуы

реформалар өткізді. Император азаматтарды өздері ілгері шұғылданған еңбек қызметін жалғастыруға шақырды.

Эфиопия, Мысыр, Тунис, Марокаш, Судан және Мадагаскар сияқты мемлекеттерде феодалдық монархия құрылған.

Гана және Мали мемлекеттері Батыс Африкадағы ең ежелгі мемлекеттер болып саналады.

Африкада екі мемлекет – Либерия мен Эфиопия ғана өз тәуелсіздігін сақтап қалған.

1847 жылы Либерия азат мемлекеті құрылды.

Бірақ оның реформалары ірі феодалдар мен шіркеудің қарсылығына ұшырады.

http://eduportal.uz

Ұлыбританияның араласуымен 1867 жылы Касса үкіметі аударылды. Бірақ Ұлыбритания Эфиопияда мықты орнаса алмады.

Эфиопия халқының өзгелерге тәуелді болмау жолындағы жігері Ұлыбританияның әрекеттерін жоққа шығарды. Солай етіп Эфиопия да өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Оңтүстік Африканың отарға айналдырылуы. XIX ғасыр бастарында Ұлыбритания Оңтүстік Африкадағы Кап колониясын басып алды. Колония халқы **бурлар** (*bur* – диқан) деп аталатын. Олар француз, неміс және голландтардың ұрпақтары еді.

Бурлар енді ол жерден көшуге мәжбүр болды. Олар жаңа жерде екі мемлекет құрды. Олардың бірі азат Оранж Республикасы, ал екіншісі Трансваал деп аталды. Бурлар жергілікті халыққа өте аяусыз қатынаста болды.

Франция отарлары. Мысырда XVIII–XIX ғасырлар шекарасында мамлюк жауынгерлері және жергілікті халық мемлекетке бастырып кірген Наполеон Бонапарт басшылығындағы француз әскеріне қарсы күресте қатынасты. Француз әскерлерінің қалғандары тізе бүккеннен кейін мысырлықтар Ұлыбритания әскерін айдап шығару үшін күресті.

Ресми Мысыр Османдар империясының жоғары үкіметі астында болса-да, іс-жүзінде дерлік толық тәуелсіздікті сақтап қалған еді.

Франция 1830 жылы Израильді басып алды. Израиль халқы француз отаршыларына аяусыз қарсылық көрсетті. Шапқыншыларға қарсы ұлт-азаттық күресін алып барды. Бұл күресте израильдіктер жетекшісі Абдулқадыр жеке рөл атқарды.

1847 жылы Абдулқадыр әскері қоршап алынды және қиратылды. Абдулқадырдың өзі қайтыс болды. Бірақ ұлт-азаттық күресі тоқтап қалмады. Израильдіктер ұзақ жылдар барысында шапқыншыларға қарсы ұлт-азаттық күресі алып барды.

Марокаш халқы мемлекеттің ішіне кіріп барған португал, испан және француз отаршылдарына сәттілік ретінде қарсылық көрсетті. Франция Үнді мұхитында Мадагаскар аралын басып алуға бірнеше рет ұрынып көрді, бірақ сәтсіздікке ұшырады.

- Мысырда XVIII–XIX ғасырлар шекарасында ...
- 1867 жылы ...
- Абдулқадыр қызметі ...
- XIX ғасырдың 90 жылдарында ...

http://eduportal.uz

Отаршылдар Африканың әскери-техникалық тұрғыдан сауатсыздықтан, оның халықтары бытыраңқы екендігінен, тайпалар арасындағы өзара қайшылықтардан ұсталықпен пайдаланды.

XIX ғасырдың 70 жылдарында Африканың ішіндегі үлкен майдандар әлі еуропалықтарға дерлік белгісіз еді.

Бұл аймақтардың Еуропа мемлекеттері ортасында отар ретінде бөлінуі XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бастарында аяқталды.

XIX ғасыр Африка материгін Еуропа мемлекеттері тарапынан отарға айналдыру дәуірі болды. Ғасырдың соңына келіп, Африканы басып алу, негізінен, аяқталды. Өз отанын және тәуелсіздігін қорғаған жүз мыңдаған африкалықтар отаршылармен болған теңсіз ұрыстарда қайтыс болды. Ал отаршылдар материктің табиғи байлықтарын тонау, халқын аяусыз эксплуатация жасау нәтижесінде шексіз байлықтар арттырып, Еуропаны дамытуға үлес қосты.

Мамлюктер – негізінен, құлдыққа айналдырылған Грузия және Солтүстік Кавказ халқы.

Бурлар – Оңтүстік Африкадағы голланд, француз және неміс отаршыларының ұрпақтары.

1. Африка континенті халықтары әлеуметтік-экономикалық өркендеуде басқа материк халықтарынан артта қалып кеткендігі себептері туралы өз пікіріңді дәптеріңе түсір.
2. Африка қалайша отар елге айналдырылды?
3. Африка халықтарының ұлт-азаттық әрекеттері туралы нелерді біліп алдыңдар?
4. Алжир халқының француз отаршыларына қарсылық әрекетін кім басқарған?

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Африка және Латын Америка мемлекеттерінің отарларға айналдырылуы және олардың ұлт-азаттық күресі үдерісінің жалпы және ерекшеленетін жақтарын салыстырындар. Барша мәліметтерді дәптерлеріңе күрделі сөзжұмбақ түріне келтіріңдер.

Тақырыпқа тиісті Питер Абрахамстың «Қабірдегі гүлшоқ» романын оқыңдар және әсерлеріңді эссе формасында дәптерлеріңе жазыңдар.

http://eduportal.uz

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті оқушылар! Сен дүниежүзі тарихы Жаңа дәуірінің 1870 жылға дейін болған басқышы оқиғаларымен таныстың. Бұл дәуірде Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде Орта ғасырлық ақ Жаңа дәуірмен, феодалдық тәртіптер жаңа, буржуазияшыл өмір салтымен алмасқандығын көріп шықтық.

Экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани және мәдени өмірде жаңа жақтары пайда болды.

Саяси салада үлкен өзгерістер – абсолюттік монархия мен ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен нығаю үдерісі болды. Қазіргі кезде Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамының алғашқы белгілері пайда болды.

Адамның рухани дүниесінде де өзгерістер болды. Ғылым мен мәдениеттің жаңа жетістіктері адамдар өміріне кіріп келді. Университет және мектептердің саны көбейді, үйлерде кітаптар, газеттер пайда болды. Нәтижеде, адамдар ақырын діни нанымдар әсерінен азат бола бастады. Діни сананың билігі сақталып қалған жерлерде де енді оны реформа жасау қажеттігі туралы идеялар пайда болды.

Еуропада XVII–XVIII ғасырлардың дүниеге көзқарасы ретінде **Гуманизм**, **Реформация** және Ағарту идеялары қалыптасты. Әрбір кейінгі оқу өзінен алдыңғысының озық идеяларын сақтап қалды және олардың барлығы адамның «жасауға, азаттыққа және мүлікке» болған құқықтарын қамтамасыз етуге ұмтылды.

Бірақ Латын Америка, Азия және Африка халықтарының өз бостандығы, қадір-қасиетімен мен тәуелсіздігі үшін күресі де, оларда демократиялық түсініктердің қалыптасуы да дәл Жаңа дәуірде басталды.

Сол мағынада, Еуропа және Солтүстік Америкада XIX ғасырда жеңіске жеткен индустриялды өркениет пен онда іске асырылған жалпыадамилық құндылықтар дүниедегі барша халықтар күресінің мазмұнына айналды.

Бұл күрес үдерісі және оның нәтижелерімен сен кейінгі сыныптарда танысасың.

http://eduportal.uz

МАЗМҰНЫ

Кіріспе. Жаңа дәуірдің басталуы....3

I БӨЛІМ. ЕУРОПАДА ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1-тақырып: Ұлы географиялық жаңалықтар мен олардың тарихи маңызы....7
2-тақырып: Жаңа дәуір бастарында Батыс Еуропа мемлекеттерінде индустриялды қоғамның қалыптасуы....13
3-тақырып: Еуропада Реформация....18
4-тақырып: Батыс Еуропада Жаңа дәуір мәдениетінің қалыптасуы....22

II БӨЛІМ. XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

5-тақырып: Англияде король билігінің күшеюі. XVII ғасырдағы Англия буржуа төңкерісі....28
6-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда халықаралық қатынастар....34
7-тақырып: Франциядa абсолюттік монархия. Ұлы француз буржуа төңкерісі....37
8-тақырып: Ұлы Француз буржуа төңкерісінің аяқталуы және тарихи маңызы....42
9-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Германия империясы....45
10-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Ресей империясы....49
11-тақырып: XVIII ғасырда Солтүстік Америка. Америка Құрама Штаттарының құрылуы....54
12-тақырып: Ағарту ғасыры....59

III БӨЛІМ. XVI–XVIII ҒАСЫРЛАРДА АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

13-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Азия мемлекеттері дамуының негізгі ерекшеліктері....65
14-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Қытай....69
15-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Үндістан....73

http://eduportal.uz

16-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Жапония мен Корея.....79
17-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Османдар империясы 84
18-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Иран.....88
19-тақырып: XVI–XVIII ғасырларда Африка мемлекеттері.....92

IV БӨЛІМ. 1800–1870 ЖЫЛДАРДА ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

20-тақырып: 1800–1870 жылдарда Ұлыбритания.....97
21-тақырып: 1800–1870 жылдарда Франция.....101
22-тақырып: 1800–1870 жылдарда Германия және Италия.....107
23-тақырып: 1800–1870 жылдарда Ресей..... 110
24-тақырып: 1800–1870 жылдарда Америка Құрама Штаттары.....115
25-тақырып: Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық күресі..... 120

V БӨЛІМ. 1800–1870 ЖЫЛДАРДА АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

26-тақырып: 1800–1870 жылдарда Үндістан.....126
27-тақырып: 1800–1870 жылдарда Қытай..... 130
28-тақырып: 1800–1870 жылдарда Жапония.....134
29-тақырып: 1800–1870 жылдарда Корея.....138
30-тақырып: 1800–1870 жылдарда Османдар империясы..... 142
31-тақырып: 1800–1870 жылдарда Иран мен Ауғанстан..... 145
32-тақырып: 1800–1870 жылдарда Африка халықтары..... 151
Қорытынды.....156

http://eduportal.uz

RAHMON FARMONOVICH FARMONOV,
USMON TOSHPO‘LATOVICH JO‘RAYEV,
SHUHRAT ERGASHEVICH ERGASHEV

JAHON TARIXI

(XVI–XIX asrning 60-yillari)

Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining
VIII sinf o‘quvchilari uchun darslik

Qayta ishlangan va to‘ldirilgan to‘rtinchi nashri

Cho‘lpon nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi
Toshkent – 2019

(Qozoq tilida)

Аударма шы ***Дилдора Бектаева***
Редактор ***Замира Абдиназарова***
Корректор ***Фарида Есиркепова***
Көркемдеуші редактор ***Мафтуна Ваххобова***
Техникалық редактор ***Елена Толочко***
Оператор ***Розигул Азизова***

Лицензия нөмірі AI № 163. 09.11.2009. Басуға 2019 жыл 12-июлда қол қойылды. Пішімі 70×90 1/16. Times KAZ гарнитурасы. Кегли 11. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 11,70. Есептік баспа табағы 9,72. Таралымы 5 691 нұсқа. Келісім № 85–2019. Тапсырыс № 19-146.

Оригинал макет Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің Чулпан атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.
Телефон: +998-71244-10-45. Факс: +998-71244-58-55.

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің «O‘zbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінде басылды. 10011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Фармонов Р.
Ф 88 Дүние жүзі тарихы: Жалпы орта білім беретін мектептердің VIII сыныбына арналған оқулық/ Р. Фармонов және басқ. – Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2019. – 160 б.
ISBN 978-9943-05-654-1

УЎК 372.893=512.122(100)(075)
КБК 63.3(0)я721

http://eduportal.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады.
Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

http://eduportal.uz